«Суицидтің көп тіркелу себебі, біріншіден, қоғамның бір формациядан екінші бір формацияға өтуіне байланысты болса, екіншіден, қатаң нарық пен БАҚ-тардағы адамды рухани аздыруға әкеп соқтыратын дүниелер де, жаһандану да айтарлықтай әсер етіп отыр. Психиатр мамандардың болжамы бойынша, жүйке ауруына шалдыққандар саны қай елде де көп тіркелген жүрек-қан тамырлар ауруын қуып жетіп қалды. Суицидке әкеп соқтыратын жүйке ауруының алдын алуды мемлекеттік деңгейде шешу керек. Әсіресе жастар арасындағы суицидке баса назар аударуға тиіспіз. Себебі суицид барған сайын «жасарып» барады. Бір қуантарлығы, Үкімет психиатрия саласына да лайықты көңіл бөле бастады. Қаржы да, бұрынғыға қарағанда, көп бөлінеді. Қазір білім ошақтарындағы бағдарламаларға психология тақырыбы бойынша дәрістер енгізіле бастады.

Суицид түрлері: Шетелдік ғалымдардың пікірінше, суицидтің үш түрі бар көрінеді. Оның біріншісі - *шынайы суицид*. Мұндай жағдайда адам өмірден түңіледі, үнемі көңілсіз жүреді. Өмір сүрудің мән-маңызын жоғалтады. Ақыры өзіне-өзі қол жұмсауға бел байлайды. Екіншісі – *жариялы суицид*. Әдетте, мұндай жолды таңдағандар өлместен бұрын өлгісі келетіндігіне өзгелердің назарын барынша аударуға бейім тұрады. Мәселен, біреумен ренжіссе болғаны қолына суық қару немесе арқан-жіп ала жүгіріп, «өлем» деп өзгелерді үрейлендіргісі келетіндер осы топқа жатады. Ал үшінші бір түрі - жасырын, яғни құпия суицид. Бұған барғандар өзіне-өзі қол жұмсаудың жақсы еместігін, абырой әпермейтінін жақсы түсінеді. Алайда оларға тірлікте кездескен қиындықтан шығатын жол жоқ болып көрінеді. Бұған көпшілігінде нашақорлар мен ішімдікке салынып кеткендер дайын тұрады. *Жасырын суицид*. Өмірде әр қайсымыз оған тап болады екенбіз. Біреу одан өзі зардап шексе, екіншісі туысы немесе танысының әрекеттері өмірмен қоштасуға итермелейтінін көріп жатады. Бұған қандай да тыйымдар, өтініп-жалынып сұраулар болсын, айналадағылар оның спирт ішімдік ішуге, нашақорлыққа қарсы тұра алмайды. Бірақ жасырын суицид түріне алкоголь мен нашақорлық ғана жатпайды. Оған кез-келген күйреуге апарып соғатын әрекеттер де жатады. Жасырылған немесе тікелей емес суицид – бұл өз-өзіне қол жұмсаудың бүркемеленген түрі. Оның әсерінен адам өзінің санасында немесе санасынан тыс өлімге байланысты үрейі арқылы өз-өзін күйреуге әкеп соғатын әрекеттер нәтижесінде (немесе сыртқы күштер, көбінде өзі арандатып жасаған) көз жұмады.

Жасырын суициденттерді киллер, өрт сөндіруші, құтқарушы, көлікті жылдам жүргізетіндер, шылымды көп шегетіндер, өте толық адамдар арасынан табуға болады. Тірі кезінде осылар жақындарына өз қорқыныштары, күйзелуі жайлы айтпайды, сондықтан туыстары оның суицидке байланысты проблемалары бар деп ойламайды.

Өкінішке орай кәсіби психолог пен психотерапевт дәрігердің өздері жасырын суицид проблемасына көңіл бөледі деп айту қиын. Өлімнен қорқып, өзін сол өлімге жақындай түсу. Оны о дүниелік болып кеткендердің күнделіктерінен, өлеңдерінен немесе басқа әрекеттерінен байқауға болады (тірі кезінде байқауға болушы еді).

Өз-өзіне қол жұмсау жағдайлары жүргінші жолда (Германияда әсіресе метрода) көп кездеседі. Тағы да жасырылған суицид. Бұл орайда батыстағы полиция қызметкерлері автоцид деген терминді қолданады. Автомобиль бұл кезде суицид жасауға арналған инструмент рөлін ойнайды. Байқаусыздан немесе жоғары жылдамдықта келе жатып, алкогольді мастануда көлікті жүргізу, әлде жолда ұйықтап қалу сияқты себептерді жамылып, өз-өзіне қол жұмсау әрекеттері де көп кездеседі.

Бүгінде, қазіргі заманғы қоғамда жастар түбегейлі қоғамдық ұстанымды еншілейді. Оның өмірлік мүдделері, талаптары, тұрмыс стилі қоғамның саяси, экономикалық, мәдени және басқа да салаларындағы әлеуметтік үдерістер дамуының түп мәтінінде қаралады. Жастарды зерттеуге қатысты барлық қолданыс-

тағы тәсілдер жас ұрпақты зерделеу мен зерттеудің әдіснамалық негіздерін тұжырымдауға мүмкіндік туғызады. Негізгі қағидаттарға, ең алдымен, тарихи-талдамалық тәсілді жатқызуға болады, соның аясында биологиялық және жас ерекшеліктерін ғана есепке алу арқылы жастарды мән мағына ретінде қарамау керек. Жастарды әрдайым нақты тарихи қоғам шеңберінде белгілі бір әлеуметтік топ ретінде бағалаған жөн. Олар қоғамның серпінді және жұмылғыш бөлігі болып табылады. Жастардың проблемаларына қатысты ғылыми тәсілдің келесі қағидатына жастар өмірінің нақты салтын талдау жатады. Бұл жастардың олардың әлеуметтік жағдайының, өмір салтының, субмәдениет ерекшеліктерінің, ділінің, құндылықты бағдарларының тек жалпы теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге эмпирикалық деңгейде де зерделеуі тиіс екенін білдіреді. Жастардың қайсыбір проблемалар бойынша тек сыңар жақ жалпы идеялар мен пікірлерге ғана сүйенуге болмайды. Ғылыми пікір талас жастардың ортасында болып жатқан нақты үдерістерді көрсетуі тиіс. Бұл зерттеудің ғылыми әдістерін пайдалануды, объективті құбылыстар мен жастардың даму жағдайларына дәл баға беруді талап етеді.

Жастар арасындағы теріс қылық реакциясына талдау жасағанда ғылыми әдебиеттерде көптеген түсініктер қолданылады: асоциалдық, антисоциалдық, девиантты, деликвентті, аддиктивті мінез құлықтар. Оның әрқайсысы жа адамның белгілі бір мінез құлық кесіндісін, қоғамға тән мінез құлық нормаларының белгілі бір ауытқу дәрежесін сипаттайды. Олардың ішіндегі ең кең тараған жалпылама түсінік «девиантты мінез-құлық», себебі барлық әлеуметтік мінез құлықты қалыпты және девиантты деп екіге бөлуге болады.

Осыған байланысты өзін өзі өлтірудің алдын алу үшін қазіргі кезде тәуліктік сенім телефондарын қосқанда дағдарыстық қызметтер ұйымдастырылуда. Қазіргі таңда жасөспірімдер құзырында күн мен түннің кез-келген уақытында хабарласуға болатын сенім телефондары жұмыс істейді, дегенмен бұл жағдай ірі қалалар көлемінде ғана қолға алынып отыр. Өзіне қол жұмсаудың алдын-алудың қазіргі кездегі салыстырмалы түрдегі формаларына орта мектептің оқушыларына (7-11 сыныптар), олардың ата-аналары мен мұғалімдеріне арналған түрлі деңгейдегі дәрістер, дөңгелек үстел, кездесулер сияқты т.б. шараларды мектеп психологтары тарапынан ұйымдастырылуды айтуға болады. Бұл алдын-алу шаралары бағдарламалары негізінен өзіне өзі қол жұмсағандардың статистикасымен, суицидтік талпыныс сипаттарымен, мекен-жай мен телефондарды көрсетумен дағдарыстық қызметтер тізімімен танысуды және көмек сұраған досты немесе отбасы мүшесін тыңдай білуге үйретеді. Осы бағытта жұмыс жүргізіп отырған Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде психология ғылымдарының докторы Р.Б.Каримова басқаратын суицидология зертханасын айтуға болады. Біздің университетімізде педагогика және психология кафедрасының жанынан қызметкерлер мен студенттерге арналған «психологиялық жеңілдеу кабинеті» жұмысы жолға қойылған. Г.Блэйннің айтуынша, жастардың арасындағы жүгенсіздік бейбастықтық, имансыздық пен бүлікшіл көңіл күйдің өсуі отбасындағы тәрбиенің кемшіліктерінен болады. Жастардың өмірдің әлеуметтік құбылыстарын барынша өткір сезеді және соған орай әрекет жасайды.

Суицидентке алғашқы психологиялық көмек көрсету:

Өзін-өзі қол жұмсау туралы ойлайтын адамға психологиялық көмек көрсетудің мынадай негізгі үш әдісі бар.

1. Уақтылы диагностика және суицидентті тиісінше емдеу.
2. Депрессияға шалдыққан адамға белсенді эмоциялық көмек көрсету.
3. Оның жағдайын жеңілдету үшін оның жақсы қасиеттеріне жиі тоқталу.

Адамға алғашқы психологиялық көмек көрсетуге талпына отырып, мынадай ережелерді сақтау керек:

- өзіңіздің көмектесе алатыныңызға сенімді болыңыз.
- осындай жағдайда тап болғандардан тәжірибе жинаңыз.
- шыдамды болыңыз.
- «Бар ойдағыны жүзге асыр» деп, адамды қорқытуға тырыспаңыз.
- «Сіздің осындай күйге тап болуыңыздың себебі...» деп, оның мінез-құлқын талдамаңыз.
- «Сіз өзіңізге қол жұмсай алмайсыз, өйткені...» деп, адаммен дауласпаңыз.
- қолыңыздан келетіннің бәрін жасаңыз, бірақ басқа біреудің өмірі үшін жеке жауапкершілікті мойныңызға алмаңыз.

Профилактикалық әңгімелесуді өткізу әдісі:

Адамның дағдарыс күйінен шығуына көмектесетін негізгі әдіс – ол суицидентпен жеке профилактикалық әңгімелесу тәсілі болып табылады. Бұл ретте мыналарды назарға алу қажет:

– кез келген адаммен, әсіресе өзіне өзі қол жұмсауға баруға дайын адаммен әңгімелесу барысында көбінесе белсенді тыңдауға назар аудару қажет;

– белсенді тыңдаушы – ол әңгімелесуші адамды кінәламай, барлық зейінін салып тыңдайтын адам, бұл суициденттің ашық сөйлесуіне мүмкіндік береді;

– белсенді тыңдаушы әңгімелесушінің сезімін толығымен түсініп, оған өзіне деген сенімділігін сақтауға көмектеседі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің тың өзгерістеріне және оның әлеуметтік-қоғамдық жағдайына байланысты оқушыларға бірыңғай ұлттық тестілеу қолданылуда. Оқушыларды бірыңғай ұлттық тестілеуге психологиялық тұрғыда дайындау өзекті мәселе болып отыр.

Сондықтан да психологтар қауымы суицидтің алдын алу мақсатында бірыңғай ұлттық тестке дайындық кезеңінде оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен практикасын өңдеу, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі бақылау дағдысын оқыту, өзіне сенімділігін арттыру мақсатында практикалық сабақтар өткізуді жоспарлады.

Мақсаты: Бірыңғай мемлекеттік емтиханға дайындық кезеңге оқушылардың мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын өңдеуін;

- өзін-өзі реттеуін;
- өзін-өзі бақылау дағдысын оқытуын;
- сенімділігін арттыруын жүзеге асыру.

Міндеттері:

1. Стреске қарсы тұруын арттыру.
2. Сенімді мінез-құлық дағдысын арттыру.
3. Эмоциялық ерік сферасын дамыту.
4. Эмпатия сезімін дамыту, өзіне көңіл бөлу және айналадағыларға сенім білдіру.
5. Ішкі резервтерді тірек етіп, өзін-өзі бақылау дағдыларын дамыту.
6. Іс-әрекетін талдағанда өз жауапкершілігін сезінуге көмектесу.
7. Конструктивті өзара әрекет дағдысына оқыту.

Осы тұрғыда, суицидтік оқиғаларды дер кезінде танып, осындай теріс жайттардың алдын-алу үшін жан-жақты ақпарат беру, түсіндіру, мәселенің мәніне бойлау, талдау, сараптама жасау қажет екендігі анық. Осы мәселеге орай, «Қамқорлық» қоғамдық келісімді қолдау қоры 2016 жылдан бастап Ақтау қаласы Ішкі саясат басқармасының үкіметтік емес ұйымдармен әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру қызметі бойынша жастар арасында суицидтің алдын алуға бағытталған кешенді іс-шараларды бастаған болатын. Бұл жұмыс жүйелі сипат алып, Ақтау қаласы ғана емес, аудандар көлеміне шығуы осы бағыттағы жұмыстардың нәтижесіне елеулі ықпал етері сөзсіз. Осы жоба аясында «Суицидтің алдын алу», «Өмірге ғашық болу» және т.б. тақырыптардағы дәрістер, семинар-тренингтер, дөңгелек үстел, конференция және т.б. шараларға жүздеген оқушылар мен студент жастар қамтылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мұқанов М.М. *Жас және педагогикалық психология.* – Алматы, 1982. – 123 б.
- 2 Әлімжанова І. «Жасөспірімдер мазасыздануының психологиялық ерекшеліктері» // *Қызықты психология*, 2012. – №9. – 6 б.
- 3 Елішібаева К.Ф. *Суицидтің алдын алу.* – Алматы, 2009. – 45 б.
- 4 Имамбаева Д. *Суицидтің өршуі – қоғамға келген қатер* [http:// abai.kz/ post /42427Abai.kz](http://abai.kz/post/42427Abai.kz)

А.К. Егенисова¹, Н.М. Ақжігітова²

¹Каспийский государственный университет технологий и инжиниринг имени Ш.Есенова

ПРОБЛЕМА СУИЦИДА И ЕГО МЕТОДЫ ПРЕДОТВРАЩЕНИЕ

Аннотация

В этой статье обсуждается проблема суицидов, сведение самоубийства официальных органов, особенности суицидального поведения, а также говорится о причинах суицида и типы суицидального поведения: 1) протест; 2) приглашение к состраданию; 3) бежать от горя; 4) самодисциплина; 5) отказ от жизни.

Характеризуются виды суицидов: истинный суицид, демонстративный суицид, скрытый суицид, докладывается методы первичной психологической помощи для суицидентов: своевременная диагностика и надлежащее лечение суицида; активная эмоциональная помощь депрессивному человеку.

Ключевые слова: Суицид, психолог, самоубийство, суицидальное поведение, стресс, истинный суицид, демонстративный суицид, скрытый суицид, суицидальный конфликт, суицидент.

A.K. Yegenissova¹, N.M. Akzhigitova²

*¹Caspian state university of technology and engineering named after S.Yesenova,
Aktau, Kazahzctan*

THE PROBLEM OF THE SUICIDE AND ITS METHODS PREVENTION

Abstract

This article discusses the problem of suicide, reduction of suicide of official bodies, features of suicidal behavior, it is said about the reasons for suicide and types of suicidal behavior: 1) protest; 2) an invitation to compassion; 3) run away from grief; 4) self-discipline; 5) giving up life.

Types of suicides are characterized: true suicide, demonstrative suicide, concealment of suicide, methods of primary psychological help for suicides are reported: timely diagnosis and proper treatment of suicide; active emotional help to a depressed person.

Key words: suicide, psychologist, suicide, suicidal behavior, stress, true suicide, demonstrative suicide, concealment of suicide, suicidal conflict, suicidal.

MPHTI15.81.21

Г.К. Аблаева¹

*¹Алматинский филиал «Санкт-Петербургского гуманитарного университета профсоюзов»
Алматы, Казахстан*

ПРОБЛЕМА РАЗВИТИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ НАПРАВЛЕННОСТИ ЛИЧНОСТИ В ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ НАУКЕ

Аннотация

В статье рассматривается проблема потребности и подготовки в квалифицированных психологах во всех сферах применения практической психологии, в частности, речь идет о проблемах формирования профессиональной направленности студентов педагогических вузов.

Данная проблематика достаточно широко освещена в современной психологической литературе, однако, говорить о тех или иных характеристиках, определяющих эффективность деятельности психолога, возможно только в случае осмысленного отношения профессионала к себе в контексте его профессиональной деятельности.

Профессия "психолог" постепенно приобрела массовый характер, выросло число высших учебных заведений, осуществляющих профессиональное обучение и переподготовку психологов. Превращение профессии из "элитарной" в "массовую" привело к тому, что в профессию без какого-либо отбора может прийти любой человек. В результате выпускники не видят реальных возможностей для профессиональной самореализации и обеспечения желаемого уровня жизни, что снижает их психическую устойчивость, создает угрозу личной и профессиональной безопасности. Поэтому, исследования развития профессиональной направленности психолога должны быть ориентированы на выявление личностных свойств, профессионально важных качеств, способностей и умений, соответствующих данной профессии.

Ключевые слова: личность, профессиональная направленность, социализация, психолого-педагогическое сопровождение.

Актуальность исследования заключается в том, что в статье описаны проблемы психологического характера и потребности в специалистах для преподавания практической психологии.

Цель исследования – определение условий развития профессиональной направленности школьных психологов на этапе их обучения в вузе.

Задачи исследования: определить основные пути психолого-педагогического сопровождения к профессиональной деятельности и профессиональной направленности школьных психологов на этапе их обучения в вузе.

Существует многообразие взглядов на понятие «личность». С точки зрения системной методологии, личность есть самостоятельная система, которая образуется в результате развития человека. Иначе говоря, психологическое понимание личности отражает субъективное отношение человека к окружающей действительности и самому себе. Мы разделяем точку зрения тех ученых, которые представляют личность как некое социальное качество, приобретаемое человеком в процессе жизнедеятельности и

подверженное развитию и саморазвитию, а в дальнейшем, как следствие, и самореализации. «Чертами личности» психологической структуры являются ее психологические свойства.

Все эти свойства личности, психологи пытаются условно уложить в некоторое количество подструктур. Среди многих интересных работ по структуре личности в психологии особенно выделяются работы А.Г. Ковалева [1, с.391], В.Н. Мясищева [2, с. 158] и К.К. Платонова [3, с.254], расхождения, между которыми в толковании принятия структуры личности весьма характерны для современного состояния проблемы. А.Г. Ковалев ставит вопрос о целостном духовном облике личности, его происхождении и строении, как вопрос о синтезе сложных структур: темперамента (структуры природных свойств), направленности (система потребностей, интересов и идеалов), способностей (система интеллектуальных, волевых и эмоциональных свойств). Согласно В.Н. Мясищеву, «вопросы структуры - это соотношения содержательных тенденций, они, реализуясь в различных видах деятельности, связанных с условиями жизни соответственного исторического момента, вытекают из основных отношений, то есть стремлений, требований, принципов и потребностей. Иначе представляет себе структуру личности К.К. Платонов. Он подчеркивает необходимость более точного определения этого понятия, говоря о динамической функциональной структуре личности и указывая на возможности более детальной и более общей характеристики. "Наиболее общей структурой личности является отнесение всех ее особенностей и черт к одной из четырех групп, образующих четыре основные стороны личности...».

Согласно его иерархической структуре, низшим уровнем личности является биологически обусловленная подструктура, в которую входят возрастные, половые свойства психики, врожденные свойства типа нервной системы и темперамента.

Следующая подструктура включает в себя индивидуальные особенности психических процессов человека, т.е. индивидуальные проявления памяти, восприятия, ощущений, мышления, способностей, зависящих как от врожденных факторов, так и от тренировки, развития, совершенствования этих качеств.

Далее, уровнем личности является также ее индивидуальный социальный опыт, в который входят приобретенные человеком знания, навыки, умения и привычки. Эта подструктура формируется преимущественно в процессе обучения, имеет социальный характер.

Высшим уровнем личности является ее направленность, включающая влечения, желания, интересы, склонности, идеалы, взгляды, убеждения, мировоззрение, особенности характера, самооценки и ценности человека. Подструктура направленности личности наиболее социально обусловлена, формируется под влиянием воспитания в обществе, наиболее полно отражает идеологию общности, в которую человек включен.

Таким образом, необходимо отметить, что направленность носит социальный характер. Она формируется в процессе социальной и индивидуальной деятельности человека, в рамках определенных общественных отношений и форм общения людей.

Направленность личности формируется в процессе социализации. В связи с этим, следует сказать, что весь жизненный путь человека и система его знаний влияют на характер его направленности. Как известно, направленность является высшим иерархическим уровнем структуры личности. Направленность определяет успешность овладения человеком профессией и выступает «системообразующим» фактором личности профессионала.

На сегодняшний день в психологии нет однозначного понимания профессиональной направленности. *Профессиональная направленность трактуется как совокупность мотивов, установок личности, планов, ценностных ориентаций в области определенной профессиональной деятельности.*

Теоретической основой изучения проблемы профессиональной направленности стала концепция направленности личности, как динамических тенденций, С.Л. Рубинштейна. Им было выдвинуто положение о развитии личности в деятельности, и поставлена проблема направленности, как «...вопрос о динамических тенденциях, которые в качестве мотивов определяют человеческую деятельность, сами, в свою очередь, определяясь ее целями и задачами». Вслед за С.Л. Рубинштейном в направленности выделяют два аспекта: предметное содержание (направленность на определенный предмет) и напряжение, возникающее при этом. Содержательный аспект направленности включает ценностно-смысловые образования и цели. Они обеспечивают внутреннюю целостность личности, определяют главные и относительно устойчивые отношения человека к себе, к другим людям, к профессии и в целом к миру. Ценностно-смысловые образования выступают важнейшими регуляторами жизни и деятельности человека, в том числе и профессиональной.

Значение предметов и явлений и их «смысл» для человека есть то, что детерминирует поведение. В XX столетии в психологии появились новые динамичные теории личности: структурная (С.Аксельрод,

З.Гинзберг, В.Гинсбург, Д.Миллер, Д.Сьюпер), мотивационная (В.Врум), теории индивидуальности (Дж.Холланд, Л.Тайлер) личности. В этих теориях укрепилось положение о том, что личность – это сложная, постоянно развивающаяся система. Большое значение в формировании и развитии личности принадлежит процессу ее профессионального развития.

Современные психологи подходят к проблеме формирования ценностно-смысловых компонентов профессиональной направленности, отражающих представление человека о мире и о себе в этом мире, как к важнейшей задаче профессионального самоопределения. Профессиональное самоопределение – это длительный и многоаспектный процесс, включающий в себя: осознанный поиск личностно значимых смыслов профессиональной деятельности и поиск личностью своего жизненного пути.

Длительный период жизни человека связан с выбором, овладением и выполнением определенной профессиональной деятельности. Проблема личностно-профессионального развития широко представлена в трудах Б.Г. Ананьева, А.А. Бодалева, Э.Ф. Зеер, И.А. Зимней, Е.А. Климова, Е.И. Степановой, А.В. Петровского, Н.С. Пряжникова, Е.Ю. Пряжниковой и др.

Б.Г. Ананьев обращает внимание на «интенсивное преобразование» в студенческом возрасте всей системы ценностных ориентаций личности и формирования ценностно-смысловых компонентов профессиональной направленности. Внутренняя позиция становится тем внутренним условием, через которое по С.Л. Рубинштейну, преломляются внешние воздействия. Личностно-профессиональное развитие личности напрямую зависит от тех смыслов и ценностей, которые они находят в профессиональной деятельности.

В процессе профессионального обучения выделяется задача активизации стремления к самопознанию. Через самопознание человек начинает ориентироваться в ценностно-смысловом содержании своего сознания.

Наличие и осознание значимой цели, идеи, смысла, то есть содержательного компонента профессиональной направленности – важное условие профессионального и личностного развития личности.

Формирование профессиональной направленности личности в вузе регулируется разными путями, это и преподавание общеобразовательных предметов, и взаимосвязь общеобразовательной и профессиональной подготовки и, разумеется, весь воспитательный процесс.

Профессиональная направленность всего учебно-воспитательного процесса в вузе выражает определенное качество процесса обучения и воспитания студента.

На данном этапе развития системы высшего профессионального образования реализация задачи дальнейшего совершенствования содержания подготовки молодых специалистов, состоит в обеспечении профессиональной направленности личности.

Анализируя специфические проблемы воспитания, Махмутов М.И. отмечает, что «профессиональная направленность весьма слабо реализуется: многие беседы, диспуты, экскурсии носят общепедагогический характер, почти не принимается во внимание уровень сформированности мотивов, потребностей и способностей студента» [4, с.368].

От уровня профессиональной направленности студентов в значительной мере зависит их быстрая адаптация и профессиональная мобильность, что представляет собой интеллектуальную и эмоциональную готовность.

Профессиональная направленность личности проявляется и подтверждается в квалифицированном выполнении практических заданий, предусмотренных учебными планами вузов. В развитии личности на каждом этапе доминируют разные свойства. Так, Н.М. Таланчук указывает, что «в юношеском возрасте преобладает профессиональная направленность личности. В ранней юности она выражается в профессиональной ориентации (выбор профессии), а в старшем юношеском возрасте – в профессиональном самоутверждении» [5, с.45].

Говоря о формировании профессиональной направленности личности, следует рассмотреть и понятие «профессиональная подготовленность». Известно, что организация учебно-воспитательного процесса на заключительной стадии подготовки студентов вузов – один из важнейших факторов формирования профессиональной подготовленности.

Наиболее полным является раскрытие понятия профессиональной подготовленности, при котором оцениваются все основные компоненты готовности молодого человека к труду – профессиональный, психологический, медико-физиологический, социально-психологический и др.

Сопоставляя эти два понятия (профессиональная направленность и профессиональная подготовленность), мы пришли к выводу, что они выражают сформированность профессиональных умений и

навыков, указывающих на профессиональную самостоятельность личности, которая развивается на основе усвоения социального опыта.

Вместе с тем, необходимо отметить особенности поэтапного формирования профессиональной направленности личности студента.

А.П. Сейтишев указывает, что множество жизненных установок, выработанных в результате деятельности, формирует направленность личности, влияет на степень активности субъекта, определяют мотивы поведения [6, с.334]. Исследования А.П. Сейтишева показали, что формирование профессиональной направленности личности студентов протекает в четыре этапа.

Начальная ступень характеризуется тем, что студент, приняв решение освоить конкретную профессию, имеет соответствующий эмоциональный настрой, эпизодический, ситуативный интерес, предметную установку, некоторые трудовые привычки, но не проявляют самостоятельности, инициативы.

На второй ступени студент имеет фиксированную установку на профессию и более устойчивые интересы, он проявляет склонность к данной работе, у него формируется чувство уверенности в себе, самостоятельность, чувство ответственности.

На третьей ступени учащийся имеет твердую установку на овладение профессией, на основе сформировавшегося мировоззрения он принимает более активное участие в общественной жизни. Идет процесс самоутверждения личности через профессиональный труд.

Четвертая ступень характеризуется страстным желанием, увлечением избранной профессией. Эта ступень развития профессиональной направленности формируется при наличии ярко выраженных способностей и призвания к избранной профессии, достаточно высокого профессионализма, выработанного профессионального идеала и твердого убеждения в личной и общественной значимости своей трудовой деятельности» [7, с.336].

На основании вышеизложенного мы выделяем следующие основные направления личностно-профессионального развития, необходимые для формирования профессиональной направленности личности:

- развитие профессиональной направленности и необходимых способностей;
- профессионализация и совершенствование психических процессов и состояний;
- выработка жизненной позиции и конкретизация жизненных планов;
- повышение уровня самостоятельности и ответственности;
- рост уровня притязаний в области выбранной профессии;
- этическое, эстетическое и духовное развитие;
- повышение удельного веса самовоспитания и формирования качеств, необходимых в будущей деятельности;
- повышение инициативы и творчества.

Итак, из всего вышесказанного можно сделать вывод, что психологическими механизмами профессиональной направленности личности могут выступать сложная многоуровневая структура мотивов, ценностей, личностных смыслов и способностей, определяющих профессионально важные качества.

Список использованных источников:

1. Ковалев А.Г. Психология личности. 3-е изд., перераб. и доп. – М., 1970.
2. Мясищев В.Н. Психология отношений. Избранные психологические труды. – Воронеж, 1995.
3. Платонов К.К. Структуры и развитие личности /Отв. Ред. Глаточкин А.Д., АН СССР, Институт психологии. М., 1986.
4. Махмутов М.И. Проблемное обучение: основные вопросы теории. – М., 1975.
5. Таланчук Н.М. Введение в непедагогiku. – М., 2005
6. Сейтешев А.П. Профессиональная направленность личности: (Теория и практика воспитания). – Алма-Ата: Наука, 1990.
7. Сейтишев А.П. Пути профессионального становления учащейся молодежи: Профпедагогика. – М.: Высшая школа, 1988.

Г.К. Аблаева¹

¹ Санкт-Петербург гуманитарлық кәсіподақтар университетінің Алматыдағы филиалы

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАҒЫ ТҮЛҒАНЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Аңдатпа

Мақалада практикалық психологияның барлық саласында білікті психологтарды дайындау мәселесі және педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Талқыланып отырған мәселе қазіргі психологиялық әдебиеттерде тек кеңінен қарастырылған. Бірақ бұл мәселе психологтың іс-әрекетінің тиімділігін анықтайтын белгілі бір сипаттамалармен ғана айтылады. Психолог мамандығы біртіндеп топтық сипатқа ие бола бастады. Кәсіби білім беретін және қайта оқытатын ЖОО саны артты. Кез келген адамдарды ешқандай іріктеусіз психология мамандығына қабылдай беретін болды. Нәтижесінде бітірушілер өзін өмір талабына сәйкес кәсіби тұрғыда нақты жүзеге асыра алатын мүмкіндіктерді көре алмады. Сондықтан да, психологтардың кәсіби бағыттылығының дамуын зерттеу, өзінің мамандығына сәйкес келетін кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттеріне бағытталуы керек.

Түйін сөздер: тұлға, жеке тұлғаның кәсіби бағдары, әлеуметтену, психологиялық және педагогикалық қолдау.

G.K. Ablayeva¹

¹Almaty branch of the sledge of St. Peterburg University

THE PROBLEM OF DEVELOPMENT OF PROFESSIONAL ORIENTATION OF PERSONALITY IN PSYCHO-PEDAGOGICAL SCIENCE

Abstract

In the article the problem of necessity and preparation is examined in skilled psychologists in all purviews of practical psychology, in particular, the question is about the problems of forming of professional orientation of students of pedagogical institutions of higher learning. This range of problems is widely enough lighted up in modern psychological literature, however, in my opinion, to talk about one or another descriptions, qualificatory efficiency of activity of psychologist, maybe only in case of intelligent attitude of professional toward itself in the context of his professional activity.

Profession «psychologist" gradually purchased mass character, the number of higher educational establishments carrying out the vocational training and retraining of psychologists grew. Transformation of profession from «elite" in» mass" resulted in that in a profession any man can come without some selection. As a result graduating students do not see the real possibilities for professional self-realization and providing of the desired standard of living, that reduces their psychical stability, creates the threat of the personal and professional safety. Therefore, researches of development of professional orientation of psychologist must be oriented to the exposure of personality properties, professionally important internals, capabilities and abilities, corresponding to this profession.

Key words: the personality, professional orientation, socializacija, psychological and pedagogical support.

УДК 159.922.7(045)

А.Қ. Егенисова¹, М.С. Жанғозиева²

^{1,2} Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университеті
Ақтау, Қазақстан

ҚОРҚЫНЫШ ПЕН ҮРЕЙ СЕЗІМІН ЖОЮДА АРТТЕРАПИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

Аңдатпа

Бұл мақалада балалардағы қорқыныш, үрей туралы сөз болады. Қорқыныштың анықтамасы, олардың пайда болу себептері, қорқыныш пен үрей проблемасын зерттеген ғалымдардың пікірлері баяндалады. Қорқыныш пен үрей себептерінің бірнеше топқа бөлінуі және бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуының алғышарттары айтылады.

Балалардағы қорқыныш пен үрейді жоюдағы арттерапияның мақсаты және арттерапиялық әдістемелердің түрлері: музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия әдістерін қолдану жолдары сөз болады.

Кілт сөздер: қорқыныш, үрей, балалар, алғышарттар, арттерапия, әдістемелер, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия, изотерапия, сурет салу.

Қорқыныш, үрей – адамның санасында оның өміріне және аман-саулығына төнген қауіптің аффективтік (эмоционалдық ушыққан) бейнеленуі болып табылады. Қорқыныш сезімін ешқашан сезініп көрмеген адамды табу оңай емес. Уайымшылдық пен қорқыныш – қуаныш, таңдану, ашулану, қайғы секілді біздің психикалық өміріміздің ажырамас эмоционалды көрінісі

К.Г. Юнг «қорқыныш – бұл түсініксіз сансыз құбылыс, күтпеген қауіптер мен өлшемге толы», - деген болатын.

3. Фрейд өзіне тән үлкен сеніммен: «Қорқынышты адамның туылу актісі кезінде басталады», - дейді, яғни туылу процесінде жағымсыз сезімдер бірігіп, соматикалық түйсіктерден бастауын алған өлім қауіпі мен қорқыныш біздің өмірімізде өне бойы қайталанып отырады екен.

Балалардағы қорқыныш пен үрей сезімі проблемасымен көптеген ғалымдар айналысқан Ш.Левис, А.М. Прихожан, И.К. Макшанцев, Е.Г. Макарова, А.И. Захаров, А.А. Осипова, С.Боулби, Т.Рэчмен, В.Р. Кисловская және т.б. өз еңбектерінде қарастырған. Қорқыныш индивидтің-биологиялық немесе элеуметтік тіршілік етуіне қауіп төнген ситуацияда пайда болатын, ақиқат немесе қияли қауіп-қатерге бағытталған эмоция. Өмірдегі ситуациялардағы сынақ сәттерде кездейсоқ жағдайларда эмоцияналды мазасыздық туындап, күрделі психологиялық мәселелерді, қиындықтарды, шешілген немесе шешілмеген қабылдау көрінісін елестетуге болады. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, сонымен қатар адамдарда туындайтын уайым бұл қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі.

Балалық қорқыныштар, үрейлер егер де оларға дұрыс қарап, пайда болу себептерін түсінсе, көп жағдайда ондай қорқыныштар ізсіз жоғалып кетеді. Егер де олар ауыртатындай күрделі немесе көпке дейін сақталса, онда ол баланың физикалық және нерв жүйесінің әлсіздігін, жанұядағы конфликті жағдайдағы ата-ананың өзін дұрыс емес ұстануы туралы айтып, жақсы белгілерден еместігін көрсетеді. Балаға әсер етіп, қорқынышынан арылуға көмек беру үшін, ата-анаға қорқыныштың не екенін, қандай қызмет атқаратынын қалай пайда болып, дамитынын және балалардың ең көп қорқып, оның неліктен екендігі туралы білуі қажет.

Баланың көзінше өлім, ауру, өрт, өлтіру туралы әңгімелер оның психикасына еніп, оған нұқсан келтіреді. Егер де тіпті бала күтпеген шу немесе түртуден шошынатын болса да, осының бәрі қорқыныштың шартты – рефлекторлы сипаты жайында сөйлеуге негіз береді. Қорқыныш пен мазасыздықтың психологиялық және мінез-құлықтық реакциялары сан-қилы, әлдеқалай және ғажап. Қорқыныш пен мазасыздық, үрей әдетте, шешім қабылдауға, қиналуға, қимыл-қозғалыс координациясының бұзылуына әкеліп соқтырады. Қорқыныштың себебі болып қауіптің басы болатын жағдайлар, шарттар, оқиғалар болуы мүмкін. С.Боулби қорқу себебі қауіпсіздікті қамтамасыз ететін бір нәрсенің қатысуынан да болуы мүмкін деп көрсетеді. Қорқыныш зат ретінде қандай да бір адамды немесе объект бола алады. Кейде үрей нақты ештеңеге байланысты болмауы мүмкін, олар жөнсіз қорқыныштар ретінде қайғырылады. Қорқыныш пен үрей жапа шеккеннен де болуы мүмкін, бұл балалық шақта сезімдер арасында байланыстың тууына байланысты. Қорқыныш пен үрей себептерін бірнеше классқа бөлуге болады. Бастауыш мектеп жасындағы балаларда қорқыныш пен үрейдің пайда болуы.

1. Элеуметтік-мәдени және психологиялық алғы шарттары.

Бала алғашқы жылдары барлық таныс емес әрі жаңа заттардан қорқады, ертегі кейіпкерлері мен заттарды жандандырып, бейтаныс жануарлардан қауіптеніп, ата-анасының мәңгі өмір сүретініне сенеді. Кішкентай балалар үшін бәрі шын, демек олардың қорқыныштары шындық сипатқа ие. Жалмауыз кемпір - жақын маңда жүретін тірі жан. Тек олар түйсіктерін ажырата алып, сезімдерін жеңіп және абстракты-логикамен ойлай бастағанда ғана баланың елестері бірте-бірте ақиқат сипатқа иелене бастайды. Көптеген өркениеттерде балалар өзінің дамуында бірнеше қорқыныш сезімін көреді.

2. Қорқыныш пен үрей жасаралық және невротикалық болады.

Жасаралық қорқыныштар эмоционалды сезімтал балалар арасында олардың жеке және психикалық дамуының ерекшеліктерін бейнелеу ретінде белгіленген. Әдетте олар келесідей факторлар әсерінен пайда болады: қорқыныш сезімінің ата-анасында бар болуы; баламен қарым-қатынастағы қобалжулық; қатерден баланы шамадан артық қорғау және құрбыларымен араласудан оңашалау; ата-анасының біреуінің балаға деген көптеген тыйымдар салу немесе ата-анасының екіншісінің балаға толық бостандық беру, сонымен қатар жанұядағы барлық ересектердің көптеген іске аспайтын бай-баламдар; **ер балаларға қатысты өзіне жыныстас ата-анамен рөлдік ұқсастыруға мүмкіндіктің болмауы;** шошу сияқты психикалық жарақаттар; мұқтаж не әдейленген жанұялық рөлдерін ауыстыру салдарынан анасының әр уақыт жүйкелік-психикалық үнемі ауыртпалық көруі.

3. Биологиялық алғы шарттар

Жоғарғы жүйке қызметінің кейбір типологиялық қасиеттері қорқыныш сезімінің пайда болуына әсерін тигізеді. Бұл эмоционалды сезімталдылық және сонымен байланысты әсерленгіштік. Агрессивті жауап қайтара алмай, бәрін «жүрекке тым жақын қабылдап және тез ренжитін» адамдардың жоғары әсерленгіштігі олардың эмоционалды ренжігіштігі мен осалдығынан көрініс табады. Көптеген балалар психикалық дамуында қорқынышқа деген жоғары сезімталдықтың бірнеше жас ерекшелік кезеңдерінен өтеді. Бұл қорқыныштардың бәрі өтпелі сипатқа ие, бірақ олар мазасыз ата-анасының ойында қалып қоятын қорқыныштарды қайта жандандыруы мүмкін. Ересектердің үрейі жанұядағы балаларға беріледі. Бұл қорқыныштардың берілуінің ең типтілік психологиялық жолы. Көптеген қорқыныштар балаға санасыз беріледі, бірақ кейбір қорқыныштар, дәлірек қауіптер, оған танылатын бағалы бағдарлар жүйесі күштеп сендірілуі мүмкін. Сөйтіп, қорқыныштардың өздері емес, елеудің кейбір жалпы қасиеттері тұқым қуалайды.

Жас ерекшелік қорқынышы эмоционалды сезімтал балаларда олардың психикалық және тұлғалық даму ерекшеліктерінің көрінісі ретінде байқалады. Олар мына факторлардың негізінде пайда болады: ата-аналарда қорқыныштың болуы; баламен қарым-қатынаста мазасыздану, оны қауіптерден шектен тыс қорғау және құрбыларымен араласуын шектеу; сол жыныстағы ата-анасының тарапынан көп тыйым салыну немесе басқа жыныстағы ата-анасының балаға толық еркіндік беруі, сонымен бірге отбасындағы үлкендердің көптеген іске аспаған қоқан-лоққылары; сол жыныстағы ата-анамен рөлдік идентификация мүмкіндігі көбінесе ұл балаларда болмайды; ата-аналардың арасындағы қақтығыстық қарым-қатынас; шошыну тәрізді психикалық жарақаттану; үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасау үрдісінде қорқынышқа психологиялық бой алдыру.

Оқу жүктемесін әртүрлі себептермен игере алмай жүрген бірінші сынып оқушылары, уақыт өте келе үлгермеушілер қатарына ілігеді, ол өз кезегінде, невроздарға, мектептен қорқушылыққа алып келеді. Мектепке дейін үлкендермен және құрбыларымен қарым-қатынас жасаудың тиісті тәжірибесін алмаған, өзіне-өзі сенімсіз оқушылар, үлкендердің күткен нәтижелерін ақтай алмай қалуға қорқады, мектеп ұжымына бейімделу қиындықтары мен қорқыныш сезінеді. Бұл қорқыныштың негізінде қателік жасауға, ақымақтық қылуға және сол үшін күлкіге ұшырауға деген қорқыныш жатыр. Мұндай балалар көбінесе тақтаның алдында жауап беруге қорқады. Әсіресе осы тақтаның алдында олардың қорғансыздығы толық көрінеді.

Кейбір балалар үй тапсырмасын орындағанда қателік жіберсе, зәре-құты қашып қорқады. Бұл ата-анасы оларды шұқшия тексеріп және қателікке драмалық мән берген жағдайда болады. Ата-анасы баланы жазаламаса да, психологиялық жазалау бәрібір сезіліп тұрады. Бастауыш мектеп жасындағы бағалау іс-әрекеттің нақты нәтижесін ғана бағалау емес. Оны бала өзінің тұлғасын бағалау деп түсінеді. "Сен жамансың, өйткені сен жаман оқисың", - деген сөздер айтылады балаға. Ол онымен келіседі, соның негізінде беймәлімдік, сенімсіздік сезімдерімен және әртүрлі қорқыныштармен жалғасқан шешілмейтін ішкі қайшылық пайда болады.

Бірқатар жағдайларда мектептен қорқу, құрбыларымен қақтығыстан, олар жағынан шығатын дене кара күштен қорқудан туындап отыр. Әсіресе бұл эмоционалды сезімтал, әлеуметтік-мәдени және педагогикалық олқылығы бар балаларға тән.

Жас өсе келе осы тәрізді қорқыныштар өзінің сипатын өзгертеді, кейде мүлдем жоғалып кетеді. Бірақ ұзаққа созылу сипатына қарай олар балада әлсіздік, өзінің сезімдерін игеруге, бақылауға қабілетсіздікті тудырады. Мектептік қорқыныш баланың психологиялық жайлылығын ғана емес, сонымен қоса балалар неврозының дамуына да ықпал етеді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Балалармен жұмыс жасауда психотерапевтік жұмыстың икемді түрлерін қолдану өте маңызды. Психотерапевтикалық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді.

Қазіргі уақытта қандай да болмасын психологиялық проблемасы бар адамдарға көмек көрсету үшін көп әдістер мен тәсілдер қолданылады. Соның бірі психотерапевтік бағыт. Ал балалармен жұмыс кезінде тиімді әдістің бірі-арттерапия.

"Арттерапия" терминін санаториядағы туберкулез ауруына шалдыққан науқастармен жұмысын сипаттау барысында Адриан Хилл (1938) қолданысқа енгізген. Бұл сөз тіркесі психикалық денсаулық орталықтары мен емханаларда өткізілген өнер сабақтарының барлық түрлеріне байланысты қолданылған.

Арттерапия – өнерге негізделген, соның ішіндегі негізінен шығармашылық және бейнелеу іскерлігіндей қолданылатын психотерапияның арнайыланған формасы. Бастапқыда арттерапия К.Г. Юнг пен З.Фрейдтің теориялық идеялар контекстінде пайда болған, ал одан кейін К.Роджерс пен А.Маслоудың жеке адам дамуының гуманистикалық модельдерін қоса, кеңінен концептуалды базаға иемдене бастады.

Арттерапия мақсаттары:

1. Агрессия мен басқа да негативті сезімдерге әлеуметтік қолайлы сыртқа шығарту. Картина, суреттер, скульптуралармен жұмыс "бу" шығарудың қауіпсіз әдісі болып табылады.

2. Емдеу процесін жеңілдету. Санаға қонымсыз ішкі конфликттер мен уайымдарды көп жағдайда вербалды коррекция процесінде айтқаннан гөрі, көру бейнелері арқылы шығару жеңілдеу болып келеді.

4. Баланың басып тастауға үйреншікті болған ойлары мен сезімдерін жұмыс істеткізу. Вербалсыз құралдар кейде қатты уайымдар мен сенімдердің айқындалуына және сыртқа шығарудың жалғыз мүмкін нәрсе бола алады.

5. Психолог пен клиент арасындағы қарым-қатынасты жақсарту. Көркем қызметке бірігіп қатысу екі жақты қабылдау мен эмпатия қарым-қатынасының тууына себепші болуы мүмкін.

6. Ішкі бақылау сезімін дамыту. Суреттермен, картиналармен жұмыс немесе жабыстырма (лепка) түс және форманың реттелуін ескереді.

7. Зейінін сезім мен түйсіктерде топтау. Бейнелеу өнерімен айналасу көру және кинестетикалық түйсіктермен эксперимент жасауға және оларды қабылдай алу қабілетінің дамуына кең мүмкіншілік туғызады.

8. Көркемдік қабілеттілігін дамытып, өзін-өзі бағалауды жоғарылату. Арттерапияның қосалқы өнімі жасырын таланттардың ашылуы мен олардың даму нәтижесінде пайда болатын қанағаттану сезімі болып табылады.

Арттерапияда әдістемелердің түрлілігі өте көп. Мысалы, музыка-терапия, ертегітерапия, денеге бағытталған терапия және т.б. Солардың ішіндегі әсіресе изотерапияға жеке тоқталып өтеміз.

Изотерапия сурет салу арттерапия түрлерінің бірі болып табылады.

Сурет салу – балаға өз-өзін сезініп және түсінуге, өз ойы мен сезімін еркін шығаруға, қатты уайымдар мен конфликттерден босануға, эмпатияны дамытуға, өзімен өзі болып сурет салуды ағзаны жетілдіру бағдарламасының орындалу жолдарының бірі ретінде қарастыруға бейім.

Сурет сала отырып, бала өзінің сезімдерін, арман-тілектерін шығарады, түрлі ситуациялардағы қарым-қатынасын қайта құрастырып, кейбір қорқынышты, жағымсыз, жарақаттайтын бейнелермен ауыртпалықпен жақындайды. Осылай сурет салу өз мүмкіндіктерін мен айналадағы шындыққа жету әдісі, ара қатынасты модельдеу мен әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, негативті эмоцияларды сыртқа шығару әдісі ретінде көрсетіледі. Сондықтан сурет салу психикалық қысымды, стресстік күйлерді алып тастауға, невроздар мен қорқыныштарды коррекциялау үшін кең қолданыс тапқан.

Изотерапияның тағы бір әдісі: Ол – жобалық сурет. Бұл әдіс өзінің екі мінезділігімен қызықты. Бір жағынан бұл керемет диагностикалық әдіс, екінші жағынан ол психокоррекционды әсер етудің барлық қажетті техникаларға ие.

Салуға ұсынылатын тақырыптар жалпы топтық та, жеке де проблемаларға қатысты болатындай әртүрлі болуы мүмкін. Әдетте сурет салу тақырыптары мынаны қамтиды:

1. Өзінің өткені мен қазіргі кезең ("Балалармен араласудағы менің ең басты проблемаларым", "Өзімді сенімсіз сезінетін өмірлік жағдайларым", "Менің күнделікті күнім"),

2. Болашақ немесе абстрактылы түсініктер ("Кім болғым келеді", "Үш арманым", "Бақыт аралы", "Үрей");

3. Топтағы қарым-қатынас ("Топ мен үшін және мен ол үшін не бердім", "Топта қарым-қатынастан не алдым және одан күткенім").

Жобалық суретте келесідей әдістер (Кратохвил классификациясы) қолданылады:

Еркін сурет салу: (әрбіреуі не қаласа соны сала береді). Суреттер жеке-жеке орындалып, топ ішінде талқыланады. Тақырып не беріледі, не өздігінен топ мүшелерімен таңдалынады. Сурет салуға 30 минут беріледі, одан кейін суреттер ілініп, талқылау басталады. Әуелі сурет туралы пікірін топ мүшелері, ал одан кейін автордың өзі айтады. Сурет интерпретациясындағы айырмашылық талқыланады.

Бірігіп сурет салу: Бірнеше адам (не барлық топ) тып-тыныш бір бетке сурет салады (мысалы, топты оның дамуын, ондағы көңіл-күй мен атмосфера және т.с.с). Сурет салу аяқталысымен әрбір топ мүшесінің қатысымы, қосқан үлесінің мінезі және сурет салу процесіндегі басқа қатысушылармен қарым-қатынасының ерекшеліктері айтылады.

Қосымша сурет салу: Сурет топ арасында жіберіледі - біреуі бастап салады, келесісі бір нәрсе қосып жалғастырады және т.с.с.

Дайын суреттермен жұмыстың екі түрі бар:

1. Барлық суреттердің бір мезгілдегі демонстрациясы, көру және салыстыру, жалпы салыстыру, жалпы және айрықша мағынаның бірігіп табу.

2. Әр суреттің бөлек талдануы ол қолдан қолға өтіп, қатысушылар ол туралы психологиялық мазмұнын айтады.

Балаларға мына тақырыптарға да сурет салуды ұсынуға болады: «Мектепте», «Далада, аулада», «Жанұя», «Мен қандай қорқынышты түс көремін немесе мен күндіз неден қорқамын», «Менде ең жаман немесе ең жақсы қандай жағдайлар болды», «Мен кім болғым келеді» т.б.

Суреттерді зерттеу баланың қызығушылықтарын, әуестіктерін, темпераменттерінің ерекшеліктерін, көңіл-күйін және ішкі әлемін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Мысалы, суреттегі сұр түстердің көптігі және қара түстің басымдығы өмірге құштарлықтың жоқтығын, көңіл-күйдің төмендігін, баланың өзінің шамасы келмейтін қорқыныштардың көптігін білдіреді. Керісінше ашық, қанық, көзге жағымды түстер белсенді өмір тонусын және оптимизмді көрсетеді. Бояумен салғандағы кең құлаш, көлемділік, алғашқы сюжетті өзгертетін алдын-ала және соңынан кескіндеуі жоқ сурет сенімділікті және нық шешімділікті білдіреді. Жоғары қозушылық және әсіресе шектен тыс белсенділік суреттің тұрақсыздығынан, көмескілігінен немесе сызықтардың нақты, бірақ бір-бірімен қиылысып жатқандығынан байқалады. Тежелуі және мазасыздығы бар балалар суретті аз салады, оған қарағанда басқа іс-әрекет түрлерін қалайды. Сурет сала бастағанда түрлі-түсті қарындаштармен салған дұрыс. Сурет салардан бір ай бұрын балаларға үйде сурет салуға тапсырма беруге болады, ол кейіннен үйде белсенді сурет салуға қызығушылықты тудыру үшін қажет. Оның болмауы психикалық дамуды жүдетеді және қандайда бір қиыншылықтың барлығын білдіреді.

Балалардағы қорқыныштарын аяқталмаған сөйлемдер әдістерімен анықтауға болады.

Аяқталмаған сөйлемдер әдісі оқушы қарым-қатынасының және іс-әрекетінің әртүрлі аймағындағы қорқыныштарды зерттеу үшін қолданылады:

Мен мектеп туралы ойласам...

Мен мектепке келе жатқанда...

Қоңырау соғылған сәтте...

Мен мұғалімді көрсем...

Бізде бақылау болғанда...

Сабақ аяқталғанда...

Тақтада жауап бергенде мен...

Мен екі алғанда...

Мұғалім сұрақ қойғанда, мен...

Берілген сөйлемдердің аяқталуында баланың, мұғалім білуге тиісті өте маңызды эмоционалдық көңіл-күйі көрініс береді.

6-7 жаста қорқыныштарды жою мақсатты түрде күш салуды қажет етеді. Бұл жерде балалардың шығармашылығын пайдаланбай кету мүмкін емес, яғни сурет салу немесе ойындар, сонымен бірге балаға құрбылармен өзара қатынасты құруға көмектесу қажет.

Психотерапиялық әдістер проблеманы уайымдауға адам қалай дайын болса, солай ішіне еніп кетуге мүмкіндік береді. Ал бала болса, әдетте онымен не болып жатқанын да сезінбейді. Қорыта айтқанда, олардың бойында қорқыныш симптомдары жойылғанша тұрақты түрде, психотерапевтік әдіс-тәсілдерді қолдану өте тиімді болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Юнг К.Г. *Об отношении аналитической психологии к поэтико-художественному творчеству.* – М., 1923. – 178 с.
2. Фрейд З. *Психология бессознательного.* – М., 1989. – 223 с.
3. Прихожан А.М. *Психокоррекционная работа с тревожными детьми.* – М., 1990. – 165 с.
4. Захаров А.И. *Как помочь нашим детям избавиться от страха.* – СПб., 1995. – С.31-32.
5. Кассиль Л. *Твой защитники,* изд. «Детская литература. – М., 1970. – 150 с.
6. Копытин С.А., *Основы арттерапии.* – СПб., 1999. – 190 с.
7. Захаров А. И. *Дневные и ночные страхи у детей.* – СПб.: Издательство «Союз», 2004. – С. 55-59.

А.К. Егенисова¹, М.С. Жангозиева²

^{1,2} Каспийский государственный университет технологий и инжиниринг имени Ш.Есенова

КОРРЕКЦИЯ СТРАХОВ И ПАНИКА С ПОМОЩЬЮ АРТ-ТЕРАПЕВТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ

Аннотация

В данной статье рассмотрены проблемы применения методов психотерапии в устранении чувства страха у детей. Определение страхов, причины их возникновения, взгляды ученых, изучавших проблему страха и паника. Разделение страха и паника на несколько групп и предпосылки страха и беспокойство у детей младшего школьного возраста.

Цель арт-терапии при коррекции страхов и беспокойство у детей, а также типы арт-терапевтических методов: музыкальная терапия, сказкотерапия, телесно-ориентированной терапии, изотерапия.

Ключевые слова: страх, паника, беспокойство, арт-терапия, музыкальная терапия, сказкотерапия, телесно-ориентированной терапии, изотерапия

A.K. Yegenisova¹, M.S. Zhangozieva²

^{1,2} Caspian state university of technology and engineering named after S.Yesenova
Aktau, Kazahzstan

CORRECTION OF INSURANCE AND PANIC WITH THROUGH ART-THERAPEUTIC METHODS

Abstract

The method of teaching teachers the use of multimedia technologies should have a close relationship with achievements in the field of cognitive psychology, revealing the essence, structure and dynamics of the main aspects of the process of cognition. Science can be reflected in the subject in different ways.

Key words: multimedia, cognitive processes, informatization of education, motivation, information developing pedagogical technologies

ӘӨЖ 372.51:37.016

Ж.О. Хабибуллаев¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
Түркістан қаласы, Қазақстан

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДІ КӘСІБИ ДАЙЫНДАУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ЛОГИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа

Мақалада болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық дайындау үдерісіндегі логикалық дайындығының мазмұнын айқындау мен анықтау арқылы, логикалық дайындықтың мәні неде екендігін айқындауға талпыныс жасалады. Себебі логикалық дайындығы жеткіліксіз студенттер ЖОО-да оқыту үдерісінде кездесетін қиындықтарға көп ұшырайды. Мұғалімнің логикалық сауаттылыққа ие болуы бұл қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Логикалық дайындық болашақ мұғалімдерді жалпы кәсіби дайындаудың қажетті буынын құрайды және мұғалімнің алдына оқыту үдерісінде оқушының логикалық мәдениетін қалыптастыру міндетін қояды.

Түйін сөздер: логикалық дайындық, психологиялық-педагогикалық, кәсіби-педагогикалық дайындау, арнайы дайындық.

Математика мұғалімі бүгінгі таңда ең заманауи білімге, интеллектуальды адамгершілік және физикалық тұрғыда дамудың жоғары деңгейіне, балалардың терең біліміне ие болуы қажет. Одан жұмыстағы жоғары кәсіпкерлік, әлеуметтік белсенділік, өз еңбегіне саналы және шығармашылық қатынас, оқушылармен ынтымақтастық іскерлігі талап етіледі. Мұндай мұғалімді дайындау педагогикалық оқу орындарының міндеті болып табылады.

Жоғары білім беру жүйесінде педагог мамандарды кәсіби дайындау қоғам дамуының органикалық бөлігін, жалпы білім беру мен тәрбиелеу жүйесін құрайды. Мұғалімді кәсіби-педагогикалық дайындау үдерісінің ғылыми негізін анықтау біздің еліміздегі жоғары педагогикалық білімді дамытудың әртүрлі кезеңдерінде педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі болды. Сондықтан мұғалімнің алдында қандай міндеттер тұрғандығын анықтап алу керек және осы міндеттерді атқара алатындай жағдайда болу үшін мұғалімнен білуі және істей алуы тиіс екендігіне назар аудару керек. Осыған байланысты болашақ мұғалімдерді оқыту мен тәрбиелеудің өмірмен, практикамен байланысы, теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі ұстанымдары негізделеді.

Өткен ғасырдың 50-60 жылдарында жоғары педагогикалық мектепті дамыту педагогикалық пәндердің рөлін мұғалімді дайындау жолдарын іздеумен, студенттерді оқытудың әрбір кезеңінде педагогикалық теорияны оқып-зерттеумен және педагогикалық практиканы ұйымдастыру арасындағы органикалық байланысты орнатумен сипатталады.

Қазіргі заманғы жағдайларда мұғалімнің іс-әрекеті мектептің қызметін күрделендіре түсетін сапалы жаңа мазмұнмен толықтырылуға. Бүкіл білім беру жүйесінің даму беталысы болашақ мұғалімді кәсіби дайындауды жетілдіруді ұйғарады.

Заманауи зерттеулерде педагогикалық ЖОО-ның студенттерін кәсіби дайындау өзіндік құрылымға ие ішкі жүйелерді құрайтын бірнеше элементтерден тұратын күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Бұл кезде осы жүйе әртүрлі құрылымдық элементтердің өзара байланысы мен өзара тәуелділіктерімен сипатталады, ал олардың негізінде жалпы мақсатқа – жоғары біліктілікке ие маман дайындауға қол жеткізіледі. Бұл мақсат студенттерді дайындаудың мазмұны мен құрылымын анықтайды. Ғылыми әдебиеттерде болашақ мұғалімді кәсіби дайындаудың әртүрлі компоненттері, яғни әдіснамалық, арнайы, жалпыпедагогикалық, кәсіби-этикалық, дидактикалық, әдістемелік компоненттері ерекше атап көрсетіледі [1].

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің педагогикалық білім тұжырымдама-сында үш компонент және сәйкесінше пәндердің үш блогы ерекше атап көрсетілген, олар: жалпы мәдени (гуманитарлық-мәдениеттану), психологиялық-педагогикалық және пәндік (арнайы).

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес негізгі кәсіби білім беру бағдарламалары келесі пәндерді қамтиды: жалпы гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық, жалпы математикалық және жаратылыстану-ғылыми, жалпыкәсіби (ОПД) және арнайы дайындау пәндері. Ал педагогикалық әдебиеттерде болашақ мұғалімді дайындаудың қоғамдық-саяси, арнайы, жалпымәдени, психологиялық-педагогикалық компоненттері атап көрсетіледі [2].

Барлық зерттеулер үшін педагогикалық ЖОО-ның студенттерін кәсіби дайындауды жалпыгуманитарлық, арнайы-ғылыми, психологиялық-педагогикалық ішкі жүйелерден тұратын жүйе ретінде қарастыру жалпы жағдай болып табылады.

Сонымен, болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық дайындауға қатысты келесі компоненттерді атап көрсетуге болады:

- 1) психологиялық-педагогикалық дайындық;
- 2) жалпы гуманитарлық дайындық;
- 3) арнайы дайындық;

Кәсіби-педагогикалық дайындықтың барлық компоненттері жалпы мақсатты, жалпы принциптерді, бірыңғай ішкі ұйымдасуды көздейтін интегративті жүйені құрайды. Педагогикалық ЖОО-да мұғалімді кәсіби педагогикалық дайындаудың жалпы жүйесінің әрбір компоненті спецификалық міндетті атқарады.

Психологиялық-педагогикалық дайындық студенттерді педагогикалық іс-әрекетті өздігінен жүзеге асыру үшін қажет болатын педагогикалық үдерістің заңдылықтарына қатысты біліммен қаруландыруды, педагогикалық іскерліктер мен дағдыларды игеруді қарастырады.

Жалпы гуманитарлық дайындық студенттердің философиялық білімді, мәдениет жетістіктерін меңгеріп алуына бағытталған. Заманауи мектеп мұғалімін дайындауда бұл компонент ерекше маңызды мәнге ие, себебі педагогқа балаларды оқыту міндетін шешумен қатар, тәрбие жұмысын ұйымдастыруға тура келеді, бұл жеткілікті терең эрудицияның болуын, қоғам өмірінің әртүрлі саласынан мәселелерді талдау және талқылау іскерлігінің болуын ұйғарады.

Арнайы дайындық арнайы пәндер циклін оқып-үйрену барысында жүзеге асырылады. Сондықтан оның мақсаты болашақ мұғалімдерді өз мамандығы бойынша терең және жан-жақты білімдер мен іскерліктермен, мектептегі оқу пәнінің негізі болып табылатын ғылымның мазмұны мен әдістерінен білімнің, практикалық іскерліктерімен қаруландыру болып табылады.

Атап айтқанда, болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық дайындау жоғары педагогикалық білім мемлекеттік стандартында анықталған, белгілі бір анықталған міндетті атқаратын және сәйкесінше блоктарда бейнеленген өзара байланысқан элементтердің жиынтығынан тұрады. Бұл элементтер интеграциялау негізінде біртұтас жүйе құрайды, оның мақсаты педагогты маман ретінде сапалы дайындауды қамтамасыз ету болып табылады.

Педагогикалық ЖОО студенттерін дайындауда міндетті пәндер қатарына логиканы қамтитын мемлекеттік білім стандартына сүйене отырып, біз логикалық дайындық болашақ мұғалімдерді жалпы кәсіби дайындаудың қажетті буынын құрайды деп есептейміз. Көптеген көрнекті педагогтар мұғалімнің логикалық дайындығына, оның арнайы (пәндік) дайындығы сияқты ерекше мән беріп отырады. Осындай пікірде К.Д. Ушинский және В.А. Сухомлинский болды. Олардың алғашқысы логиканы барлық ғылымның бастама негізі ретінде қарастырса, екіншісі мұғалімнің алдына оқыту үдерісінде оқушының логикалық мәдениетін қалыптастыру міндетін қойды.

Логикалық дайындықтың қажеттілігі педагогикалық іс-әрекетке қойылатын және кіші жастағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу үдерісінде мұғалімдердің алдында тұратын міндеттерді табысты шешу үшін ЖОО-да болашақ мұғалімдерді дайындау үдерісі қанағаттандыруы тиіс талаптардан келіп шығады.

Ең алдымен, педагогикалық ЖОО мен колледждердің мұғалімдері мен студенттерін логикалық ғылымның негіздерімен таныстыру қажет. Логика негіздерін білетін мұғалімдер өзінің дұрыс, яғни логикалық ойлау саласынан білім, іскерлік және дағдыларын өз оқушыларына бере алады.

Оқу үдерісінің тиімділігі көбінесе оқушылар игеруі тиіс ұғымдардың айқындылығымен, мәселенің дұрыс тұжырымдалуымен оқытушының мақұлдауының дәлелдігімен анықталатындықтан да педагогикалық қызметкерлерге логиканы білу пайдалы болады.

Жалпы алғанда логиканы әрбір мұғалім, әрбір әдіскер және жастарды тәрбиелеумен айналысатындардың барлығы білуі тиіс. Оқушыларды тәрбиелеу мен дамытуға кірісе отырып мұғалім мен әдіскер логикалық ойлау дегеніміз не және оған қалай тәрбиелеу керектігі туралы өзіне есеп беруі қажет. Бұл мұғалімге қойылатын алғашқы талап. Екінші талап былайша қорытындыланады, яғни мұғалім логикалық сымбатты бірізділікпен және шығармашылықпен ойлаудың үлгісін өзі көрсете білуі тиіс.

Логиканың педагогикалық қосымшалары мәселесін қарастыра отырып М.П. Алексеев төрт мүмкін бағытты атап көрсетеді:

- 1) білім мазмұнын логикалық талдау (оқу пәні);
- 2) оқу матриалын баяндауда логиканың формалары мен заңдарын қолдану;
- 3) оқытудың дидактикалық құралдары ретінде логикалық амалдар мен әдістерді, анықтамалар мен классификацияны, индукция мен дедукцияны қолдану;
- 4) оқушылардың логикалық ойлауын дамыту [3,13 б.].

Демек, логика өзінің тұжырымдары және нәтижелерімен бірге педагогикада ең алуан бағыттарды қолданыла алады. Біріншіден, ол педагогикалық ғылымның ұғымдары мен категорияларын өңдеу үшін, педагогиканы кескінді және тұтас ғылыми жүйе ретінде құру барысында қолданылады. Екіншіден, логиканы және оның жетістіктерін ғылыми материалды «ғылым негіздері» үшін таңдау арқылы оқу пәндерін жасауда, оқулықтарды, оқу жоспарларын және т.б. құрастыруда табыстылықпен қолдануға болады. Үшіншіден, педагогика ғылымның зерттеу объектісінің құрамдас бөлігі педагогикалық үдерісті талдау және жүзеге асыру барысында логиканы қолдану мүмкіндігі кең болады.

Логика негіздерін оқып-білу мәселесі әдістемелік ғана емес, жалпыдидактикалық болып табылады, себебі оны шешу кез-келген пәнді игеру іс-әрекеттің кез-келген түріне дайындау үшін маңызды болатын ақыл-ой қасиеттерін қалыптастырумен байланысты. Бұл мәселенің жалпыдидактикалық болуының тағы бір себебі, оқыту ойлаудың жалпы әдіс-тәсілдері арқылы оқытудың жалпы әдіс-тәсілдерін жасауды ұйғарады. Осы соңғысы оқыту барысында бір пәннің ішіндегі әртүрлі тақырыптарға және әртүрлі пәндерді оқыту барысында да қолдануға болады.

Мектепте пайымдау, дәлелдеу, ойлау іскерліктеріне қойылатын бірыңғай талаптардың жүйесі ретіндегі бірыңғай логикалық режим қажет, ал болашақ мұғалімдерді мұндай бірыңғай талаптарды жүзеге асыруға студенттік кезеңнен бастап даярлау керек.

Зерттеулер көрсеткендей, студенттердің ЖОО-да оқыту үдерісінде кездестіретін қиындықтары олардың логикалық дайындығының жеткіліксіздігінен болып келеді. Бұл ең алдымен студенттердің ұғымдардың анықтамасын сауатты тұжырымдай алмауынан, жалпылауды орындауды, контрмысалды таңдауды білмеуінен, пайымдау барысында және т.б. қателіктер жіберуінен болып табылады. Ал болашақ мұғалім үшін логикалық сауаттылық ерекше маңызға ие болып келеді, себебі оқушыларда елестетуді, ұғымдарды, іскерлік пен дағдыларды қалыптастыра отырып ол әрқашан тұрақты түрде қандайда бір логикалық тәсілдерге жүгінеді.

Ю.К. Бабанский педагогикалық үдерістің компоненттерінің бірі талдау деп есептеді, ал педагог игеруі тиіс арнайы кәсіби қасиеттердің ішінен өз іс-әрекетін талдауды атайды. «... Мұғалім зерттеуші сияқты, өз іс-әрекетін эвристикалық ізденістің жалпы ережелеріне сәйкес құрады: педагогикалық жағдайды талдау, бастапқы берілгендермен салыстыра отырып нәтижелерді жобалайды, қолда бар құралдардың нәтижеге жету үшін жарамдыларын талдау, оқу-әдістемелік үдерісті құрастыру және жүзеге асыру, алынған мәліметтерді бағалау, жаңа міндеттерді ұйымдастыру» [4, 18 б.].

Ол атап көрсеткендей, педагогикалық үдерістің нәтижелерін, қойылған мақсат пен міндеттердің алынған нәтижеге сәйкестігін талдау қажет, себебі педагогикалық үдеріс күрделі жүйені құрайды және сәтсіздіктердің, кері құбылыстардың себебін көру үшін оқу-тәрбие үдерісінің әртүрлі қырларын тиянақты түрде талдау қажет, яғни «оларды мүшелеу, әрбір бөлігін жеке және басқа бөліктермен өзара әрекеттесуі бары-

сында тексеру керек» [4, 84 б.]. Ю.К. Бабанскийдің пікірі бойынша, педагогикалық шығармашылықтың негізінде үдерісті талдау және зерттеу іскерлігі, оның қарама-қайшылықтары мен қозғаушы күші жатыр.

О.А. Абдуллина, мұғалім – бұл практик ғана емес, ол оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру жолында ғылыми ізденіс жүргізетін зерттеуші, ол педагогикалық іс-әрекеттің барлық қырын талдау, тәжірибелердің оң бағытын айқындау, оны заманауи теориялар тұрғысынан ой елегінен өткізу және өз жұмысын ғылыми негіздеуді ұйғаратын алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелерді жалпылау бойынша жүйелі жұмыстарды жүргізуі тиіс. Сонымен қатар, мұғалімге іс-тәжірибелерді сыни талдау және бағалау, балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі кемшіліктерді анықтау және жою қажет болады. О.А. Абдуллинаның пікірі бойынша, педагог қызметін тиімді атқаруы үшін, аналитикалық, ұйымдастырушы-педагогикалық, диагностикалық, ақпараттық-конструктивтік іскерліктер кешенін игеруі алғышарт болуы тиіс [5, 184 б.].

Н.В. Кузьмина мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің құрлымын педагогикалық міндеттердің ұзын ырғағын шешу арқылы педагогикалық мақсатқа қол жеткізуге бағытталған жүйе мен оның әрекеттерінің бірізділігі арасындағы өзара байланыс ретінде түсіндіреді. Педагогикалық міндеттердің барлық түрлерінің ішінде мұғалімнің өздігінен қалыптастыруы тиіс болатындарын негізгі деп санайды, яғни оқушыны бір күйден екіншісіне қалайша аударуға болады, яғни бір қарым-қатынас, мінез-құлық, білім, іскерлік, дағдылар жүйесін басқасына жаңадан жасау. Бұл міндеттерді шешудің күрделілігі оны шешудің тәсілдерінің айқын болмауында. И.В. Кузьминаның пікірі бойынша, бұл іс-әрекет бес компоненттен қаланады: гностикалық (зерттеушілік), жобалаушы, конструктивті, коммуникативті, ұйымдастырушылық. Бұлардың әрқайсысына педагогикалық іскерліктің, педагогикалық іс-әрекеттің құрлымын бейнелеудің жеке формасы ретінде белгілі бір қызметтің түрі, педагогикалық қабілеттер сәйкес келеді.

Егер бұл компоненттерді логикалық дайындық тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда гностикалық компонент құрамына педагогикалық жағдайларды талдау, «тәрбиелеу және оқыту саласынан стратегиялық, тактикалық және жедел мәселелерді» және «оларды шешу стратегияларын», «шешудің продуктивті және продуктивті емес жобаларын және оларды жүзеге асыру әдіс-тәсілдерін бағалау, педагогикалық міндеттерді қайта тұжырымдау және оларды шешу жолдарын іздеуді» қалыптастыру және өндіру іскерліктерін қамтиды [6]. Жобалаушы – «өзінің педагогикалық іс-әрекетінің соңғы өнімін» көру мүмкіндігін беретін мақсат пен міндеттер жүйесін қалыптастыру іскерлігін қамтиды. Конструктивті компонент тактикалық міндеттерді қалыптастыру саласынан іскерліктерді қамтиды: оқушылардың игілігіндегі қазына болуы тиіс материалдың мазмұнын таңдау және композициялау, олардың іс-әрекеттерін мұғалім хабарлап, ұсынатынды игеру мақсатында және өзінің болашақ іс-әрекеттерін олармен өзара әрекеттесуі барысында жобалаудан тұрады. Ұйымдастырушылық компонент өзіне оқып-зерттелінетін хабарларды ұйымдастырумен, оқушы мен мұғалімнің іс-әрекеттерімен байланысты міндеттерді тиімді шешу іскерлігін қамтиды.

Коммуникативті компонент өз іс-әрекетінің педагогикалық байыпты өзара қарым-қатынасты, зеректілікті орнататын міндеттерді жедел шешу саласынан іскерліктермен қатар, Н.В. Кузьминаның басқа зерттеулерін ескере отырып [6, 53 б.] біз, коммуникативті компонент пәнге деген қызығушылықты ояту, оны оқып-білудің қажеттілігі мен маңыздылығын иландыру іскерлігін қамтиды деп есептейміз, яғни олар бұл пәнді игеруге және келешекте білімдерін практикада қолдануға қауқарлы. Конструктивті компонент негізгі ретінде іске қосылады.

А.И. Щербаков мұғалім-тәрбиешінің іс-әрекетерінде жалпы дидактикалық қызметті, яғни мұғалім тікелей оқу-тәрбие жұмысында іс жүзіне асыратын ақпараттық, ұтқырлық, дамытушылық, бағдарлаушы қызметтерді негізгі деп есептейді [7].

Қосалқы және жалпы еңбектік қызметтердің ішінен А.И. Щербаков конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативті және зерттеушілікті ерекше атап көрсетеді. Ол бірінші орынға ақпараттық қызметті қояды.

Оны іс-жүзіне асыру үшін болашақ мұғалім оқу материалын, балалардың психологиялық және жас ерекшеліктерін, білімнің мазмұнын ескере отырып білімді ұсынудың тиімді әдістерін таңдау іскерлігін еркін игеруі қажет. Демек, оқушылардың оқып-білуі тиіс материалды білу, оқулықтағы материалды баяндау барысында қолданылатын логикалық аппаратты ашуды, белгілі бір тақырып бойынша білім құрылымына логикалық талдау жүргізу іскерлігін ұйғарады.

Дамытушы қызмет түрі оқыту, тәрбиелеу және дамытудың бірлігін бейнелейді және мұғалім іс-әрекетінің перцептивті, ойлау, эмоциональды, еріктілік және басқа компоненттерін басқаруды қамтамасыз етеді. Бұл қызмет түрін іске асыру оқушыларды деректерді талдауға, жалпылауға, жіктеуге және жүйелеуге, себеп-салдар байланысын орнатуға, ұғымдарды, категорияларды, заңдарды меңгеруге және оларды саналы түрде қолдануға үйретеді, тұлғаның идеялық-адамгершілік сапарларының қалыптасуына ықпал жасайды.

Бағдарлаушы қызмет түрі оқушылардың табиғи және әлеуметтік ортадағы құндылық бағдарларының мазмұнын анықтайды.

Ұтқырлық қызмет оқушылардың танымдық дербестігін қалыптастыру үшін олардың білімдері мен өмірлік тәжірибелерін өзектілендіруге бағытталған мұғалімнің іс-әрекетінде көрінеді.

Зерттеушілік қызмет мұғалімнен педагогикалық құбылыстарға ғылыми тұрғыда қарауды талап етеді, олар болжамды ұсыну, күрделі емес педагогикалық экспериментті жобалау және өткізу, өз тәжірибесін және басқа мұғалімдердің тәжірибелерін талдау іскерлігі, анықтамалық және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын игеруді қарастырады. А.И. Щербаков ұсынған бастауыш сынып мұғалімдерінің іс-әрекеттері моделіне негізделген профессиограммада мұғалімге жоғарыда аталған қызмет түрлерін орындау үшін қажетті іскерліктер анықталған.

В.А. Сластенин педагогикалық іс-әрекетке даярлық құрылымына профессиографикалық ыңғай негізінде мұғалімнің іс-әрекетінің және тұлғасының құрылымымен оқып-зерттеу арқылы талдауға қабілеттілікті мұғалімнің кәсіби ойлауының атрибуты ретінде көрсетеді. Ол ұсынатын профессиограмма нұсқасы келесі бөлімдерден тұрады:

- мұғалімнің коммуникативті, кәсіби-педагогикалық және танымдық бағыттылығын анықтайтын оның тұлғалық қасиеттері мен сипаттамалары;

- мұғалімді психологиялық-педагогикалық тұрғыда дайындауға талаптар;
- арнайы дайындықтың көлемі мен құрамы;
- мамандық бойынша әдістемелік дайындаудың мазмұны [8, 27 б.].

В.А. Сластенин мұғалімнің тұлғасына және кәсіби-педагогикалық дайындау деңгейіне қойылатын неғұрлым маңызды сипаттамалар мен талаптарды негіздеп береді. Олардың ішінде «нақты бар кәсіби-педагогикалық құбылыстардың қалып-күйін, олардың пайда болу және даму шарттары мен сипатының себептерін талдау және бағдарлау іскерлігі»; «оқушылардың тәрбиелігі мен мақсаттарға сәйкес оқу-тәрбиелік материалды тандау, талдау, жинақтау іскерлігі»; «алынған нәтижелерді қойылған педагогикалық мақсат пен бастапқы мәліметтермен салыстыра отырып талдау іскерлігі»; «кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттегі жетістіктер мен кемшіліктер табиғатын талдау іскерлігі».

Ендеше, білім беру үдерісінің табысты өтуіне мұғалімнің логикалық дайындығы әсер етеді.

Біз логикалық дайындықты білім беру қызметкерлерін, атап айтқанда бастауыш сынып мұғалімдерін кәсіби-педагогикалық дайындаудың міндетті және қажетті элементі деп есептейміз.

Қазіргі заманғы ғалымдардың психологиялық-педагогикалық, әдістемелік зерттеулеріне жүргізген талдауға сүйене отырып, біз логикалық дайындықты кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін қажетті білімдерді іскерліктерді және дағдыларды игеру бойынша студенттердің белсенді іс-әрекеттерін ынталандыруды және болашақ мамандардың логикалық ойлауын дамытуды ұйғаратын саналы түрде ұйымдастырылатын үдеріс ретінде қарастырамыз. Болашақ мұғалімдердің логикалық дайындығының мазмұнын айқындау мен анықтауға кірісе отырып, біз логикалық дайындықтың мәні неде екендігін айқындауға талпыныс жасадық.

Мазмұн философиялық категория ретінде берілген заттың мән-мағынасын, яғни оның басқа заттардан өзінше ерекше өзінің бар болуын білдіреді. Ол берілген құбылыстың негізгі қырлары мен беталыс бағытын анықтайтын терең байланыстағы, ішкі қатыстарды бейнелейді.

Логикалық дайындықтың мән-мағынасы былайша тұжырымдалады, яғни ол оқыту үдерісі сияқты таным үдерісінің жалпы беталысынан келіп шығады және оның жалпы заңдылықтарына сүйенеді. Сонымен қатар, логикалық дайындық үдерісі болашақ мұғалімнің тұлғасын түрлендіруге (өзгертуге, көркейтуге) бағытталғандығын атап көрсету қажет, ол сыртқының (объективтіні) ішкіге (субъективтіге) айналдыруды ұйғарады. Атап айтқанда, кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін қажетті білім, білік және дағдыларды студенттер меңгереді, дербес педагогикалық іс-әрекеттерінде қолданыс табатындай олардың жеке қазынасына айналады.

Демек, логикалық дайындықтың негізін, студенттерді сәйкесінше сипаттағы педагогикалық іс-әрекеттің қажетті білімдері, іскерліктері және дағдыларымен қамтамасыз ету құрайды.

Қазіргі жағдайда студенттердің логикалық дайындығы біздің қоғамның дамуы нақты жағдайлармен сабақтаса отырып бірқатар ерекшеліктерге ие. Біріншіден, ғылымның, өнердің, саяси өмірдің ең алуан салаларына қатысты терминологияны, ұғымдарды қатаң және дәл қолдану, олардың беталысына бағдарлану іскерлігі бұл жастар үшін, әсіресе болашақ мұғалімге қандайда бір оқиғаларды, деректерді жылдам құбылмалы бағалауда неғұрлым қажетті болуда. Екіншіден, заманауи мұғалімнің дәлелдеу және сендіру өз көзқарасын дәлелді түрде сақтап қалу, опоненттің жалған және негізсіз қағидасын жоққа шығару іскерлігі. Үшіншіден, өнеркәсіптік өндіріске және оқытуға жаңа технологияларды ендіру, адамзат іс-

әрекетінің әртүрлі салаларында информатика мен есептеуіш техниканы кеңінен қолдану логиканы қолдану ауқымының ұлғаюмен, оның ғылым мен техникадағы рөлінің едәуір арта түсуімен байланысты болып отыр. Төртіншіден, логиканы оқып-үйрену мәдениеттің жалпы деңгейін арттырады, өйткені білімнің кез-келген саласында логикалық ойлау фермасы қолданылады, логиканың заңдары үстемдік етеді [9].

Сонымен, логикалық дайындықтың негізгі ерекшеліктерінің бірі сол, яғни логика - кәсіби дайындықтың барлық бағыттарын (психологиялық-педагогикалық, жалпымәдени, пәндік) интеграциялайтын, логикалық дайындықтың жалпығылымы негізі болып табылады.

Осыдан логикалық дайындық болашақ кіші сынып мұғалімдерін кәсіби педагогикалық дайындаудың ажырамас бөлігі бола отырып, даярлықтың салыстырмалы дербес бағытын құрайды. Бұл мынадан келіп шығады, яғни бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби іс-әрекеті көп бейімділігімен сипатталады және әртүрлі ғылымдардың негізін және оларды оқытудың әдістемелерін меңгеруді ұйғарады. Логикалық дайындық ЖОО-да оқыту және біртұтас кәсіби дайындық барысында әртүрлі пәндерді оқытудың тұтастығын қамтамасыз ететін «өзек», интеграциялайтын элемент болуы мүмкін.

Бірінші ерекшелік екінші ерекшеліктің пайда болуына себепші болады. Болшақ кіші сынып мұғалімдерінің логикалық дайындығы «аралық буынды» ұсынады: ЖОО-да студенттер оқыту үдерісінде кіші жастағы оқушылардың ойлауын дамытуға даярланады, ол үшін қажетті білім, іскерлік және дағдыларды алады. Дегенмен, егер студенттердің өздерінің логикалық дайындығы мақсатқа сай қалыптаспаса бұл дайындық толық болмайды. Сондықтан болашақ кіші сынып мұғалімдерінің логикалық дайындығы бірнеше аралық міндеттерді шешу арқылы басты мақсатқа жетуге бағытталған екі жақты үдеріс ретінде жүзеге асырылады.

Логикалық дайындықтың келесі ерекшелігі кіші жаста қалыптасатын балалардың ойлауының әртүрлі формаларымен байланысты болады. Логикалық ойлауды дамыту мектепте оқытудың барлық кезеңдерінде іске асырылады деп есептелінеді, бірақ бастауыштағы оқыту ерекше маңызды болып табылады. Ал бұл болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ЖОО-да оқыту үдерісінде арнайы дайындауды талап етеді.

Қарастырып отырған мәселенің теориялық аспектілерін талдауды аяқтай отырып мынаны атап өтеміз, яғни біз болашақ мұғалімдердің логикалық дайындығын – болашақ мамандардың логикалық ойлауын дамытуды және кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін қажетті білімдерді, іскерліктерді және дағдыларды студенттердің игеруі барысындағы белсенді іс-әрекеттерін ынталандыруды ұйғаратын саналы ұйымдастырылған үдеріс ретінде анықтаймыз.

Бұл үдерістің маңыздылығы мынада, яғни ол таным үдерісінің жалпы барысынан келіп шығады, оның жалпы заңдылықтарына негізделеді және сыртқыны (объективтіні) ішкіге (субъективтіге) айналдыруды ұйғарады.

Сонымен болашақ мұғалімдердің логикалық дайындығының ерекшеліктері, студенттердің логикалық дайындығының кәсіби-педагогикалық дайындықтың басқа бағыттарымен органикалық өзара байланысы, оның интегралдық сипаты; логикалық дайындық үдерісін жүзеге асырудың екі жақты сипаты; кіші жастағы оқушылардың ойлауын дамыту ерекшеліктерін ескеру болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы.
2. Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген.
3. Алексеев М.Н. Логика и педагогика. – М.: Знание, 1965. – 32 с.
4. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: Метод. основы. – М.: Педагогика, 1982 – 192 с.
5. Абдуллина О.А. Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего педагогического образования. – М.: Просвещение, 1984. – 207 с.
6. Кузьмина Н.В. Формирование педагогических способностей. – Л.: ЛГУ, 1961. – 97 с.
7. Щербаков А.И. Психолого-педагогическая подготовка учителя-воспитателя и пути ее оптимизации в высшей школе: //Проблемы совершенствования системы психолого-педагогической подготовки учителя /Под ред. А.И. Щербакова. – Л.: ЛГПИ, 1980 – С.3-46.
8. Сластенин В.А. Формирование личности учителя советской школы в процессе профессиональной подготовки. – М.: Просвещение, 1976. – 166 с.
9. Смагулов Е.Ж. Дидактические основы формирования математического мышления учащихся в системе непрерывного математического образования: Автореф. дис. ... докт. пед. наук. – Алматы, 2009. – 46 с.

Хабидуллаев Ж.О.¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмета Яссави,
г. Туркестан, Казахстан

РОЛЬ ЛОГИЧЕСКОЙ ГОТОВНОСТИ В ПРОЦЕССЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Аннотация

В статье представлена профессионально-педагогическая подготовка будущих учителей в процессе определения и определения содержания обучения при логической готовности. Выявлена причина недостаточной готовности в обучении студентов вуза и трудности логической готовности. Рассмотрено владение знаниями логической грамотности и преодоления трудностей подготовки учителей. Составлена задача формирования логической связи профессиональной культуры учителя в процессе обучения и общей логической готовности.

Ключевые слова: логическая готовность, психология-педагогическая, профессионально-педагогическая подготовка, специальная подготовка.

Zh.O. Khabibullayev¹

¹*Khoja Ahmed Yassavi International Kazakh-Turkish University,
Turkistan, Kazakhstan*

THE LOGICAL PREPARATION OF FUTURE TEACHERS IN THE PROCESS OF PROFESSIONAL TRAINING ROLE

Abstract

In the article, the future teachers' professional-pedagogical training in the process of identifying and determining the content of training through logical. The reason for the lack of preparedness of students of the higher educational institutions difficulties in learning is exposed. This will help to overcome the difficulties of logical literacy teachers to have. The logical preparation of future teachers of General and professional culture of the teacher in the learning process poses the problem of the formation of the logical link is necessary before cooking.

Key words: preparing for the logical, psychological, educational, vocational and teacher training, special training

УДК 378.091.12
МРНТИ 15.01.79

Э.А. Айтенова¹

¹ *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ педагогтардың кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығының мазмұны берілген. Жас мамандардың теориялық сауатты, өз білімдерін практикада қолдана алатын, мобильді, тәуелсіз, кәсіби іс-әрекетіне жауапты, мақсатты қоя білетін және оған рефлексия жасау дағдыларын меңгерген, тұлғалық мағынасын қалыптастыруға, айналада болып жатқан оқиғаға деген көзқарасты қалыптастыруға және оны қорғауға қабілетті болашақ педагогтарды мемлекеттік тапсырысының негізінде даярлау, ол дегеніміз, дәстүрлі білімнің құзыретті, тұлғаға бағдарланған оқыту парадигмасына көшуді білдіретін мәселелер жайлы айтылған. Оның негізі студент болып саналады, ол өзіндік бірегейлігін, қайталанбастығын және жоғары оқу орынында мамандықты меңгеру үрдісінде мазмұндық-құндылықты, тұлғалық және кәсіби дамуды қалыптастыру көзделеді.

Психологиялық даярлау мен басқа санаттарды түсіндіру субъект-іс-әрекеттік тұғырдан зерттеледі, бұл талдау саласын нақты айқындауға және психологиялық құбылыстардың барлық аспектілерін барынша толық және кеңінен қамтуға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: жоғары оқу орны, болашақ педагог, кәсіби іс-әрекет, психологиялық даярлық, құзыреттілік, педагогикалық практика, базалық пәндер, элективті пәндер.

Жас мамандардың теориялық сауатты, өз білімдерін практикада қолдана алатын, мобильді, тәуелсіз, кәсіби іс-әрекетіне жауапты, мақсатты қоя білетін және оған рефлексия жасау дағдыларын меңгерген, тұлғалық мағынасын қалыптастыруға, айналада болып жатқан оқиғаға деген көзқарасты қалыптастыруға және оны қорғауға қабілетті болашақ педагогтарды мемлекеттік тапсырысының негізінде даярлау, ол

дегеніміз, дәстүрлі білімнің құзыретті, тұлғаға бағдарланған оқыту парадигмасына көшуді білдіреді. Оның негізі студент болып саналады, ол өзіндік бірегейлігін, қайталанбастығын және жоғары оқу орынында мамандықты меңгеру үрдісінде мазмұндық-құндылықты, тұлғалық және кәсіби дамуды қалыптастыру көзделеді.

Сондай-ақ, «адам-машина», «адам-еңбек құралы» жүйесінде адамдық байланыстың тиімділігі мен сенімділігін бөлшектік бағалау жүргізілетін параметрлердің тұрғысынан кәсіби жағымды қасиеттерді қарастыруға әрекет жасалады.

Кәсіби-психологиялық даярлау, кәсіби іс-әрекетке даярлау, психологиялық даярлық, психологиялық тұрақтылық сияқты ұғымдар 1950-ші жылдардың аяғы мен 1960-шы жылдардың басынан бастап психология ғылымында қарастырыла бастаған, бірақ жалпы мазмұнының мәні кеңінен анықталғанымен, нақты мәні толығымен ашылмаған.

Қазіргі заманғы отандық психологияда студенттердің тұлғалық дамуының психологиялық аспектілеріне, кәсіби іс-әрекетке және тұлғаны кәсібилендіруге арналған көптеген зерттеулер жүргізілді. Бұл мәселелер контексте қаралды:

1. Студенттік жас ерекшелік тұлғалық дамудың маңызды кезеңі ретінде (Б.Г. Ананьев, П.И. Бабочкин, Д.Дворяшина, А.И. Крупнов, Н.М. Пейсахов, Н.И. Рейнвальд, Э.Ф. Рыбалко, Е.И. Степанова және басқалар);

2. Кәсіби және іс-әрекет субъектісі болу процесінің мәні, кезеңдері мен детерминанттарын анықтау (Абулханова-Славская, В.А. Бодров, А.А. Деркач, Г.М. Зараковский, В.П. Зинченко, Е.А. Климов, Е.К. Кузьмин, А.К. Маркова, В.Д. Шадриков және басқалар);

3. Мамандықтың кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруда студенттердің қабілеттерін, мүдделерін, мотивтерін және тұлғалық-жеке ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ кәсіптік оқытуды және табысты кәсіби іс-әрекеттің жағдайын оңтайландыру (Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, В.А. Бодров, А.В. Зер, Е.А. Климов, Т.В. Кудрявцев, Б.Ф. Ломов, В.С. Мерлин, К.П. Платонов, Б.Б. Шчыров, В.В. Чебышева және басқалар) [1].

Барлық зерттеулерді байланыстыратын негізгі мәселе олардың жалпы бір міндеттерді шешетіні, яғни субъектінің әр түрлі кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығын қалыптастыру мен дамыту.

Кеңестік және отандық зерттеушілердің жұмыстарын психологиялық талдау барысында субъектінің әр түрлі кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлығы бойынша көзқарастарының әртүрлі екендігін көрсетті:

а) субъект-іс-әрекеттік, ол психологиялық даярлық ретінде белгілі бір кәсіби іс-әрекеттің соңғы нәтижелері және интегралды тұлғаның білім алуы ретінде қарастырылады, олар мотивациялық, еріктілік, танымдық, эмоционалды және операциялық компоненттерден, сондай-ақ кәсіби іс-әрекеттің талаптарына сәйкес келетін жеке қасиеттерден тұрады;

б) қызметтік, ол психика қалпының белгілі бір деңгейі ретінде іс-әрекетке дайындықты зерттеумен айналысады, ол қалыптасқан жағдайда, ақпараттың көлемі мен толықтығына, жағдайды түзету мүмкіндігіне, тікелей және кері байланыс жүйесіне байланысты маманға жоғары жетістікке қол жеткізуге мүмкіндік береді;

в) мазмұндық, бұл құбылыстың нақты жағдайларға байланысты ерекшеліктерін зерттеуді қамтиды;

г) әлеуметтік-қызметтік, субъектінің өмірлік іс-әрекетінде психологиялық даярлықты анықтайтын қызметтерді зерделеуге бағытталған;

д) құрылымдық-психологиялық, психологиялық даярлық элементтері мен олардың өзара байланысының сипаттамасымен байланысты;

е) генетикалық, психологиялық даярлықтың көздерінің мәнін ашу мен олардың әсерін анықтау;

г) логикалық-гносеологиялық, оның ішінде психологиялық даярлаудың мазмұны мен критерийлері және басқа да әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштермен өзара байланыстарының түсінігі негізінен анықталады [2].

Психологиялық даярлау мен басқа санаттарды түсіндіру субъект-іс-әрекеттік тұрғыдан зерттеледі, бұл талдау саласын нақты айқындауға және психологиялық құбылыстардың барлық аспектілерін барынша толық және кеңінен қамтуға мүмкіндік береді.

Кәсіпқойлықтың негізі құзыреттіліктерді ғана емес, сонымен қатар жеке қасиеттер мен қабілеттерді қалыптастырады. Әмбебап және арнайы құзыреттілікті бөлу маманның кәсіби даярлық деңгейін өлшеудің неғұрлым нақты жүйесін жасауға мүмкіндік береді. Зерттеу құзыреттілік пен даярлаудың өзара байланысты ұғымдар болып табылатындығын растады, олардың өзара қарым-қатынасы 1 кестеде көрсетілген [3].

құзыреттілік →

оқу компонентінің мазмұнын құрайтын, сабақ барысында алынған білім, дағды, біліктер жүйесі

даярлық

тұлғалық қасиеттері, оны қалыптасқан құзыреттілік негізінде іс-әрекетті жүзеге асыруды анықтау қабілеті

Кесте -1

Құзыреттілік және даярлық

Кәсіби даярлыққа қойылатын талаптар				
кәсіби құзыреттіліктер			тұлғалық сипаттамалар	
білім	білік	дағды	қабілеттер	жеке қасиеттер
кәсіби дайындықты қалыптастырудың көздері				
міндетті, базалық, элективті арнайы пәндер	жалпы гуманитарлық пәндер	практика, зерттеушілік іс-әрекет	кәсіби маңызды қасиеттер	өзіндік тұлғалық мінездеме

Кәсіби іс-әрекетте (жұмысқа, өз әріптестеріне) кәсіби қарым-қатынастың жеткілікті тұрақты жүйесі адамның кәсіби психикасын қалыптастырады және оның кәсіби лауазымдарын, кәсіби мүдделерін, кәсіптік бағдарлануын, кәсіби іс-әрекетке қанағаттануын анықтайды.

Жалпы кәсіби біліктілік компоненттері / даярлаудың жалпы кәсіптік білімдер, дағдылар, қабілеттер және кәсіптердің белгілі бір тобында (дипломдық дайындық, жобалау, әкімшілік, басқарушылық, өндірістік, педагогикалық іс-әрекетке даярлау).

Болашақ педагогтың психологиялық біліктілігі келесі компоненттерден тұрады:

- студенттердің жеке және психикалық ерекшеліктері, психологиялық білім беру және тәрбиелеудің психологиялық ерекшеліктері;
- кәсіби іс-әрекеттегі психологиялық білімдерді қолданумен байланысты біліктер мен дағдылар;
- жалпы білім беретін мектепте тиімді педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық іс-әрекетті ұйымдастыру үшін қажетті педагогтың жеке қасиеттері.

Біз әрбір компоненттерді толығырақ қарастырамыз.

Психикалық және жеке тұлғалық ерекшеліктердің психологиялық білімдері, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктері мен психологиялық ерекшеліктері, психология профилінің бірнеше пәндерін оқу пәндері бойынша оқу бағдарламасының кәсіби циклына байланысты зерттеледі. Бұл пәндер (модуль): «Психология», «Педагогикалық психология», «Тұлға психологиясы», «Психофизиология», «Психологияны оқыту әдістемесі» және «Этнопсихология», «Педагогикалық қарым-қатынас психологиясы», «Жас ерекшелік психологиясы», «Практикум психологиясы» және басқалар.

Жұмыс берушілердің сұраныстары мен ұсыныстарының негізінде психологиялық элективті, таңдау пәндерін ендіру және өзгертулер мен толықтыруларды жүзеге асырып отыру. Бағдарламаның мемлекеттік емтихандар кешенді сұрақтардың психологиялық мазмұны, студенттердің білімдері енгізілген психологиялық меңгеруін бақылау, сонымен қатар студенттердің қорытынды мемлекеттік аттестаттау мен қорытынды біліктілік жұмыстардың, кәсіби-педагогикалық мәселелердің психологиялық аспектілерімен қамтамасыздандыру. Егер студенттердің психологиялық білімдерін алу процесі жеткілікті дамыған болса, болашақ педагогтардың психологиялық құзыреттілігінің басқа компоненттерін қалыптастыру мәселесі өте өзекті болып қала береді. Осыған байланысты университет әртүрлі механизмдерді, жағдайларды, технологияларды, инновацияларды шығармашылық іздестіру мен тестілеу жағдайында жүргізеді [4].

Жоғары оқу орындарындағы психологиялық тренинг тұрғысынан бұл тапсырма кезеңдерде шешіледі [5]. Бірінші кезеңде практикалық және зертханалық сабақтар, сондай-ақ өзіндік жұмыстарды орындау барысында студенттер мен топтың жеке және когнитивтік ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған диагностикалық әдістерді қолданумен байланысты бастапқы кәсіби дағдыларын қалыптастырады; белсенді оқыту әдістерін қолданумен (тренингтер, рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікірталастар, пікірсайыстар, кәсіби жағдайларды талдау және т.б.); болашақта кәсіби іс-әрекетте кездесетін практикалық кәсіби жағдайларды шешу нұсқаларын модельдеу.

Екінші кезеңде жалпы білім беру мектептерінде және түрлі орталықтарда студенттерге психологиялық қолдау көрсетілетін пәндер бойынша оқыту сабақтарына қатысу. Мұнда сатып алынған негізгі дағдылар студенттер, оқушылар, мұғалімдер, ата-аналардың оқу процесінің субъектілерімен тікелей қарым-қатынаста жасалады. Қазіргі уақытта психологиялық біліктер мен дағдыларды қалыптастыру кезеңі

университеттің және білім беру мекемелерінің іскерлік қарым-қатынастарын реттеу қажеттігін ескере отырып, жұмыс істеуді талап етеді.

Үшінші кезеңде педагогикалық практика шеңберінде студенттер міндетті түрде психологиялық мазмұнның екі тапсырмасын орындайды:

1) оқушының психологиялық сипаттамасын қалыптастыру және оның оқу үрдісіндегі жеке қасиеттерін ескеру бойынша практикалық ұсыныстарды дайындау;

2) аудиториядағы психологиялық сипаттамаларын қалыптастыру, үйлесімді студенттік команданы қалыптастыру және сыныптағы ыңғайлы психологиялық климатты құру. Бұл кезеңде студенттер университетте және жалпы білім беретін мектептерде оқу сабақтары мен өзіндік жұмыс бойынша бастапқы бітімдерге негізделген нақты дағдыларды дамытады

Болашақ педагогтың психологиялық құзыреттілігінің үшінші құрамдасының қалыптасуы (оның жеке қасиеттері) өте қиын, себебі стандарттар мұғалімнің жеке басты қасиеттерін нақты анықтамайды. Бұдан басқа, әрбір кәсіби профиль өзінің кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастырады (педагогикалық-психологиялық салаға байланысты) [6].

Осылайша, педагогикалық жоғары мектепте болашақ педагогтарды оқыту жүйелі, жұмыс берушілердің сұраныстарын негізге ала отырып, студенттердің психологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу: студенттердің психикасы мен тұлғасының жасына және жеке ерекшеліктері туралы психологиялық білім, оқытудың психологиялық заңдары мен тәрбиелеу; кәсіби іс-әрекетте психологиялық білімді қолдану біліктері мен дағдылары; мектепте педагогикалық қарым-қатынас пен оқытуды ұйымдастыру үшін қажетті жеке қасиеттерді қалыптастыру.

Қорыта келе, болашақ педагогтардың кәсіби маңызды қасиеттерін анықтау барысында кәсіби өмірге терең ену, кәсіби іс-әрекеттің тұрғысынан ішкі тәжірибелер мен рухани зерттеулердің және керісінше, кәсіби іс-әрекетке маманның барлық өмірінің жалпы контекстіне енуінің маңызды екендігін айтып өтуіміз керек. Кәсіптік оқыту сатысында сәтті кәсібилендірудің шарты ретінде болашақ мамандықтың кәсіптік және кәсіби іс-әрекет модельдерін меңгеру, сондай-ақ оның кәсіби өзін-өзі тануын қалыптастыру болып табылады. Оқу пәндерін құрастыру және оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу кезінде осындай модельдерді құру және міндеттерді жүзеге асыру мүмкіндіктерін орындау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шилов С.П. Педагогический вуз как субъект социокультурного развития региона // Педагогическое образование и наука. – 2012. – № 2. – С. 77-80.
2. Еланцева С.А., Карпова Н.В., Кукуев Е.А. Формирование психологической готовности юношества к трудным ситуациям студенческой жизни как здоровье сберегающая деятельность в условиях вуза // Здоровье формирующая деятельность в процессе профориентации и профессионального образования. – Новосибирск: СибАК, 2013. – С.28-55.
3. Еланцева С.А. Особенности готовности юношества к трудным ситуациям студенческой жизни и возможности ее формирования в вузе // Вестник Ишимского государственного педагогического института им. П.П. Ершова. Серия «Педагогика и психология». – 2012. – № 1(5). – С. 74-82.
4. Володина Ю.А. Компетентностный подход в подготовке школьников к профессиональному самоопределению // Психологическая наука и образование. – 2008. – № 2. – С.80-86.
5. Попов Л.М., Пучкова И.М. Теоретико-экспериментальное обоснование модели психологической готовности студентов к профессиональной деятельности // Образование и саморазвитие. – 2015. – № 1 (43). – С. 53-58.
6. Татур Ю.Г. Компетентность в структуре модели качества подготовки специалистов // Высшее образование сегодня. – 2004. – № 3. – С. 20-26.

Айтенова Э.А.¹

*¹КазНПУ имени Абая,
г. Алматы, Казахстан*

СОДЕРЖАНИЕ ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

В статье изложены содержание психологической подготовки к профессиональной деятельности будущих педагогов. Рассмотрены вопросы социальных заказов государства на подготовку теоретически грамотных молодых специалистов, умеющих применять свои знания на практике, мобильных, самостоятельных, ответственных за свои профессиональные действия, обладающих навыками целеполагания и рефлексии, способных порождать личностные смыслы, формулировать и отстаивать отношение к происходящему, обуславливает переход от традиционной знаниевой парадигмы обучения к личностно-ориентированной, компетентностной. В центре ее внимания находится студент, признание его уникальности, неповторимости, что предполагает формирование в вузе соответствующих

условий для его ценностно-смыслового, личностного и профессионального развития в процессе приобретения специальности.

Трактовки психологической подготовленности и других категорий нами исследуются с позиции субъектно-деятельностного подхода, что позволяет конкретней обозначать область анализа и наиболее полно и широко охватить все аспекты психологических явлений.

Ключевые слова: высшее учебное заведение, будущий педагог, профессиональная деятельность, психологическая подготовка, компетентность, педагогическая практика, базовые дисциплины, элективные дисциплины.

Aitenova E.¹

*¹PhD doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

THE CONTENT OF PSYCHOLOGICAL PREPARATION FOR THE PROFESSIONAL ACTIVITY OF FUTURE TEACHERS

Abstract

The article contains the content of psychological preparation for the professional activity of future teachers. The issues of social orders of the state for the preparation of theoretically literate young specialists who are able to apply their knowledge in practice, mobile, independent, responsible for their professional actions, possessing the skills of goal-setting and reflection, capable of generating personal meanings, formulating and defending the attitude towards what is happening, from the traditional knowledge paradigm of learning to personal-oriented, competence-based. At the center of her attention is the student, the recognition of his uniqueness, uniqueness, which implies the formation in the university of the appropriate conditions for his value-semantic, personal and professional development in the process of acquiring a specialty.

Interpretations of psychological preparedness and other categories are investigated from the standpoint of the subject-activity approach, which allows us to more specifically designate the field of analysis and cover all aspects of psychological phenomena in the most complete and comprehensive manner.

Key words: higher education institution, future teacher, professional activity, psychological preparation, competence, pedagogical practice, basic disciplines, elective disciplines.

МРНТИ15.21.45

Г.К. Касымова¹, О.С. Сангилбаев², Х.Шахл³

*^{1,2}Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

³Линц Білім беру Университеті, Линц, Австрия

БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ СТРЕССПЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Эволюция барысында біз сапалы өмір сүру мақсатында түрлі стресстік күйлерді басымыздан кешіреміз. Оқу іс-әрекетіне қойылатын талап оқытуды стрессіз ұйымдастыру, қарым-қатынастың заңдылығына, қоғам талаптарына сәйкес тұлғаның қалауы мен тілегіне сәйкес анықталады. Стресстің кез-келген тұлғаға қалдыратын әсері көп. Бұл мақалада стрессті қабылдау мен зейіннің шоғырлануы және есте сақтау аспектілерімен арақатынасы қарастырылады. Біз еңбегімізде оқытудағы эмоциялардың рөлін «стресс» контекстінде қарастырдық. Мида таным және эмоция бөлінбейді, бірақ олар бірге жұмыс жасайды. Стресс өмірде кездесетін күй, біз мақаламызда білім алу процесінде кейбір теріс әсерлерін қарастырдық. Мидың ерекше бөлігі, гиппокамп, өте осал болып табылады. Сондықтан, уайым мен стресс азайтылуға тиіс, және біз стресске төтеп беріп үйренуіміз керек. Стрессті жеңу үшін инструментальдық, психикалық және регенеративті басқарудың аралас түрі ұсынылады. Интенсивті түрде зейін аудару физикалық жаттығулар арқылы жүзеге асырылғаны дұрыс: мұндай жағдай денсаулыққа тек оң әсерін беріп қана қоймай, когнитивті іс әрекетте білім алуға әсер етеді. Неврологиялық оқыту тәсілі бұрынғы педагогикалық принциптерді жоққа шығармайды.

Түйінді сөздер: стресс, эмоция, стресспен күресу, неврология, оқыту, зейін, ми бөліктері, жүйке жасушалары, медитация.

Қазақстан Республикасында тұңғыш ашылған Психология ғылыми зерттеу институты қазіргі кезде «Тұлға психологиясы» ғылыми орталық ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ жанынан қайта ұйымдастырылды. Аталған орталық өзінің жұмысын тұлға психологиясының ең өзекті мәселелерімен жалғастыруда. Қазіргі кездегі тұлғаның аса маңызды келеңсіз аспектілерінің теория-практикалық зерттеуі мен оның ал-

дын алу жолдарын іздестіру жоспарлануда [1]. Соңғы уақыттары адамның ақылмен атқарған іс-әрекетін реттеу мәселесіне психолог ғалымдардың назары ерекше аударылуда. Бұл мәселенің өзектілігі фундаменталды және қолданбалы психологияның көптеген міндеттерін шешу маңыздылығымен анықталады.

Білімді алу ми арқылы жүзеге асуы тиіс. Біз қарастыруға тиісті кейбір маңызды тақырыптар бар. Олар: ақпарат миға қалай енеді, ақпарат мида қалай сақталады, стресске бағытталған зейінді шоғырландыру мен эмоцияның маңызды рөлі.


Неврологиялық әдебиеттер практикалық тәжірибені қолдана отырып талданылады. Әдебиеттерде психикалық қысымды тудыратын әсерлер мен жағдайлар, яғни стрессорларға көптеген сипаттамалар берілген. Стрессогенді ситуациялар әртүрлі аталады: күрделі, қиын, ерекше, эмоциогенді, төтенше, қысымды және т.б. Сонымен бірге, кейбір жағдайда ситуацияның пайда болуына байланысты стрессордың объективті ерекшеліктерге акцент жасайды, келесі бір жағдайда сол стрестік ситуацияға субъектінің қатынасын, яғни ол тұлғаның өмірлік көзқарасы, әрекеті және дамуында мәнді болатын қоршаған орта мен адам арасындағы жүйені көрсетеді [3].

Стресс түсінігіне кеңестік энциклопедиялық сөздікте келесідей түсіндірме берілген: «Әртүрлі бей-берекет факторлардың ықпалына адам мен жануардың ағзасында пайда болған қорғаныс физиологиялық реакциялардың жиынтығы» [4; 15. 23].

Бұл мақалада біз стресске тоқталамыз. Дегенмен, мұнда неврология - ақыл, ойлау, есте сақтау және сезім – өте қысқаша түрде қарастырылған. Адам миының қуаты, сондай-ақ ойлау және оқытуды тек қана жүйке жасушаларының алып санымен түсіндіруге болады. Адам ағзасында 86 миллиард дейін нейрон және сондай мөлшерде глии жасушалары бар [5].

Барлығы дерлік бірдей принцип бойынша жұмыс істейді. Ақпарат жасушаларға көптеген жүйке талшықтар/кабельдер (дендриттер) арқылы енеді. Жасуша денесі осы ақпаратты өңдеп, бір талшығы (аксон) арқылы басқа бір жүйке жасушаларына немесе бұлшыққа нәтижесін жібереді. Байланыс нүктесі синапс деп аталады. Синапстардың саны ақыға сыймайды: ми қыртысында бір нейронға 20,000 (30,000) синапстан келеді, демек, (орташа есеппенде) 10000×86 млрд.қа яғни, 860 000 000 000 000 (бүкіл мидағы саны 860 млрд) тең. Сонымен қатар, нейрондар мен глии жасушаларының арасында байланыс балады. Жүйке жасушаларының ішінде не болады? Алғашқы клеткадағы хабарлама (электрлік серпін) кальцийдің көмегімен хабарлама таратқыштарын синаптикалық саңылауға жібереді. Екінші клетканың рецепторлары осы таратқыштарды қабылдайды (1-суретті қараңыз). Бұл екінші клеткаға натрий ағын әкеледі. Оқыту процесімен бірге синапстар өзгеріп тұрақтанады.

Синапс - үйренудің процесі



1-сурет. Синапста импульстардың берілуі (Женсон, 2008, 17)

Үзіліс жасау өте маңызды. Ең жақсы нығайту процесі ұйқы кезінде жүзеге асырылады. Ұйқының екі функция бар: мидың кеңістігін сақтау және энергияны үнемдеу мақсатында ұйқы кезінде синаптикалық байланыс қысқарады, бірақ бір уақытта белгілі бір тізбектерде синапстар жаңадан кодталған информацияны күшейтіп жаңғырту үшін нығайтылатын болады [6. 22].

Тұлға оқу іс-әрекеті барысында өзінің шығармашылық әлеуетін аша білуі тиіс әрі оны дамыта отырып өзіндік жетістіктерге жету керек, ал оқытушы оған жағдай жасайды. Табысты да, салауатты маман даярлау қазіргі педагог мамандарға жүктелген міндеттердің бірі. Мұндай мақсатқа жету үшін оқушылар, яғни білім алушылар білімді стрессіз алу керек. Стресті болдырмау үшін кері байланыс өте маңызды болып табылады. Кейбір мұғалімдер қатемен оқытылған нәрсені басынан бастап дұрыс үйрету әрқашан қиынырақ деген принципті ескермейді. Сондықтан, кері байланыс оң химиялық түрде есте сақтауды

қалыптастыру үшін мүмкіндігінше тезірек берілуі тиіс. Сондықтан, оқыту кезінде мұғаліммен оқушы арасындағы кері байланыс өте маңызды, өйткені лимбиялық жүйеде, ортаңғы мидағы допамин нейрондары арқылы синапстардың нығайуы жетілдіріледі. Сондай-ақ, мұғаліммен оқушы арасындағы сыйлас-тық болжамы оң әсер туғызатынын атап өту қызықты [7].


Допамин сыйластықтың қашықтықтығы және өлшемі (және құны) арқылы арттырады. «Мұндай ұзақ созылған допамин сигналы тұрақты мотивациямен қамтамасыз етеді... және оқыту теориясын нығайту қағидаттарын жақынырақ ұстанады» [8. 575].

Құрылымды идеялар мен тақырыптарды байланыстыратын біздің ми жолы болып табылады. Егер жаңа ақпараттың «ассоциативті схемаға» енгізілуі көзделген болса, есте сақтауды нығайту өте қатты ықпал ете алады. Сондықтан, мұғалімдер схемасын, үлгілерін, базаны және құрылымын құру арқылы осы процестерді қадағалауы тиіс.

Ал осы барлық принциптер мен әдістер «жалпы принцип» бойынша басқарылады: мұғалімдер оқушыларға қамқорлық жасау керек, олардың білім алуға деген сезімін ояту керек өйткені олар оқуға келеді. Оқушылар оқу мазмұнын түсіну керек. Және мазмұн ассоциативті желілер бөлігі болуы тиіс.

Қазір біз үлкен тақырып «эмоциялар және сезіммен оқытудың» бір бөлігі болып табылатын «стресс» тақырыбына қарай қозғалайық. Бірақ мұндай бөліну мида жоқ. Сондықтан, ол оқыту және білім алу үшін өте маңызды болып табылады. Сезімдер мен эмоциялар оқытуға күшті әсер етеді [9. 180]. Психикалық әрекеттер олардың эмоциональдық фонның контекстінде жасалады.

Таным және эмоция бір-бірінен бөлінбеген, бірақ олар тіпті анатомиялық құрылым мен химиялық процестер арқылы бірге жұмыс істейді. Яғни, білім беру және білім алу үшін сіздің көңіл-күйіңіз жақсы болуға тиіс. Енді бұл мақаланың тақырыбы «стресске» көңіл аударайық. Біз барлығымыз білетіндей, стресстік жағдайлар жеке және кәсіби өмірдегі, бәрінен бұрын мектептерде күнделікті жағдайға айналды. Кейбір мұғалімдер былай ойлайды, егер оқушыларды қысымға алмасак, оларда оқуға деген қызығушылық болмайды. Әрине, мұндай мұғалімдер жақсы информация алмаған. Өйткені біз стресске байланысты ауытқулар туралы көп білеміз, және біз сондай-ақ стресспен оқыту танымдық функцияларды нашарлата-тындығын да білеміз, және бұндай жағдай емтихандарда нашар жетістіктерге әкеледі. Стресс туралы білімнің қазіргі жағдайы қандай? Стресс дегеніміз не?



Сурет-2. Екі үлкен стресс жүйелері (Вогел, Швабе, 2016)

Стресстің жауабы өте күрделі болғандығына қарамастан, біз екі үлкен стресс жүйелеріне назар аудар-аламыз (2 суретті қараңыз). Біріншіден, тез автономды жүйке жүйесі катехоламиндерді жанда орналасқан мидан ми діңіндегі локус корулесті босату үшін бірнеше секунд ішінде іске қосылады. Катехоламиндер (адреналин және норадреналин) «күресу немесе қашып құтылуға» жауап береді (қан айналымы мен тыныс алуды белсендіру, бірақ олар сондай-ақ зейінге, есте сақтаудың және ұзақ мерзімді есте сақтаудың жұмысына қатты әсер етді). Егер бұл бірінші әрекеттен кейін ешқандай қауіп жоқ болса, стресстің жауап қайтаруы тоқтайды. Егер олай болмаса, екінші әрекет басталады: сәл баяулап, гипоталамус-гипофиз-бүйрек үсті осі адренокортикотропик гормонын (АКТГ) бөлу үшін аденогипофизді ынталандыратын гипоталамустан кортикотропин-рилизинг гормонын (КРГ) босату арқылы іске қосылады. АКТГ, өз кезе-


гінде, кортизоланы өндіру үшін және оны қан ағынына босату үшін бүйрек үсті безінің қыртысын тудырады. Кортизол стресс басталғаннан кейін жоғары деңгейлі концентрациясына 20-30 минутта жетіп, таным мен мінезге әсер етуі үшін миға оңай жолмен кіреді. Кортизол екі түрлі рецепторлармен байланысады: глюкокортикоидтық рецептор (ГР), онда бүкіл мидағы барлық ойлар білдіріледі, ал минерал кортикоидтық рецептор (МР) негізінен мидың мынадай аймақтарында, есте сақтау және эмоциямен (гиппокамп, миндалина және префронтальдық ми қыртысы) байланысты көрінеді. Осы рецепторлардың байланысы туралы, кортизола екі түрлі әрекеттің режимдері арқылы жұмыс істейді: геномдық емес, көп жағдайда МР-жанама режим, қарқынды түрде дамиды және болжам жад қалыптастыру қолдау миндалина мен гиппокамптағы нейрондық қозғышты болжамалы түрде жадты қалыптастыруды қолдай отырып күшейтеді. Бұл тез режим баяуырақ, көп жағдайда ГР-тәуелді режимінде жүреді, ол стрессор басталғаннан кейін шамамен 60-90 минутта даму үшін және ДНК аудармасы мен транскрипциясы үшін, ұзағырақ болатын өзгерістермен байланысуды көздеп отырады [10].

Гипофиз, гипоталамус және мидың басқа да бөліктеріндегі (мысалы гиппокамп) Кортизолдың кері байланысы асып кету жүйенін болдырмайды. Кортизол тек стресс кезінде ғана пайда болмайды, бірақ «қалыпты өмір» барысында жұмыс кестесіне байланысты ерте ояңған кезде де пайда болады [11. 135].

Дене стрессінің салдары жақсы белгілі болып табылады: асқазан және ішек, жүрек және қан айналымының аурулары, жыныстық проблемалар, иммундық жүйенің әлсіреуі, психиатриялық бұзылулар және т.б.

Оқыту мен есте сақтауға стресстің әсері қандай?

Олар әр түрлі, олар уақытша стресстік жағдайға және жад процесіне байланысты әр түрлі болып табылады [10], (3-сурет қараңыз).



Сурет–3. Стресстің есте сақтауға әсерлері

Гиппокамп өте осал болып табылады, бұл мүмкін ауыр және ұзақ стресс үшін [12] кортизол рецепторлар санының көптігінен болуы мүмкін[13. 239]. Бұл да өте маңызды өйткені кортикотропин-рилизинг факторы (КРФ), стресс жауабының негізгі реттеушісі мотивацияны, шешім қабылдау процесін [14] және префронтальды ми қыртысындағы есте сақтау процесін [15] төмендетеді. Мұндай төмендеудің түрі үйге берілген тапсырманы нашар орындауға әкеп соқтырады, мысалы, есте сақтау жадының аздығына. Окситоцин КРФ-дағы өзінің пайдасы болғандықтан антидот сияқты жұмыс істей алады [16]. Қайталанған, созылмалы стресс жүйке жасушаларына теріс әсер етеді. Дендриттер қысылады және гиппокамп және префронтальды омыртқа (басқа жүйке жасушалары үшін док-станция) тығыздығы азаяды. Бұл процестер, әсіресе, жас жануарлар мен адамдарда, кейбір дәрежеде қайтымды болып табылады; дене жаттығулары оң әсер етеді [17]. Мұғалімдер сабақты қызықты беруге тиіс, сабақ түсінікті болу керек, және оқытушылар өтілген материалдарды қайталау керек. Ең алдымен, оқу-әдістемесі студенттер қызықтыруға тиіс. Оқытушылардың өздері білім беруге ынталы болуы керек.

Бүкіл өміріміз – оқу, кәсіби жұмысымыз бен жеке басымызды қанағаттандыру – негізінен эмоция мен лимбиялық жүйе тұрғысында басым. Танымды түрде есте сақтау осы процестердің көпшілігін басқарады. Осы процестерге әсер ету үшін, біз жақсы қарым-қатынасқа, жанашырлық, сенім мен жағымды түрде нығайтуға жұмылуымыз қажет. Ал біз агрессивті мазасыздық тудыратын мінезден аулақ болуымыз керек. Мұғалімдердің ең маңызды парызы «пенде екенімізді ұмытпау» болып табылады. Ең жақсы қағида – адамдарды ментальды түрде нығайту және фактілерді нақтылау болып табылады. Бірақ ең үздік

оқытушылар, сонымен қатар, үздік сабақтардан тыс - стресс және алаңдаушылық адам өмірінде болып тұрады. Сондықтан күресу қажет. Қандай-да стресс болмасын, ол адамды жеке бағалауға байланысты туады. Биологиялық реакциялар болып жатқанын және нашарлап жатқандығын анықтайтын - жеңетін ықтимал стресстік оқиғалар мен стресстер, сондай-ақ қолда бар жеке бағалау әдістері болып табылады. Өйткені, оның субъективтік болғандығынан (генетика, алдын ала тәжірибе), біздегі стрессте түрлі реакциялар болады және бізге оны жеңу үшін түрлі стратегия қажет. Мынадай мүмкіндіктер ұсынылады: стрессті «Аспаптық түрде» басқару: бізге (біз үйренуге үйренуіміз керек дегенді білдіреді) пәндер бойынша үйрену құзыреттері қажет; олардың қатарына элеуметтік құзыреттер (өзара қолдау және т.б.), өзін-өзі басқару құзыреттілігі (жоспарлау, жақсы жұмыс орнын белгілеу, уақытылы емтихандарға дайындалу, ұйымдастыру, ...) жатады. Өте маңызды, бірақ ең қиын бір стресс психикалық басқару болып табылады: шындықты қабылдау, өзін-өзі бақылау, өзін аттестаттау, өзін бағалауда сынды талдау (шын мәнінде мен жеңілдім бе? Барлық жетістіктерін салыстыру), ойын өзгерту, өзін-өзі растау [21] (мен табысқа жетемін, ..., мен ғана дайын екенім, ...).

Оқытушылар үшін маңызды: оқыту оқушының әлсіз жағына емес күшті жақтарына көп көңіл бөлінуі тиіс. Стрессті «регенеративті» басқару: оларға қалпына келтіру, үзілістер, рақаттандыру, ләззат алу жатады.

Арнайы техника: йога, медитация, автогендік жатығу, Якобсонның прогрессивті бұлшық релаксациясы. Якобсонның прогрессивті бұлшық релаксация әдістемесі өте оңай болып табылады және жоғары деңгейдегі стрессті төмендетіп жақсы жұмыс істетеді. Сондай-ақ, жақсы тыныс алуға назар аудару өте маңызды. «Тыныс алу медитациясына назар аудару» миндалинадағы жандандыру реттеу арқылы эмоцияға оң әсер етеді [50].

Сондай-ақ, медитация оң әсер етеді [19], ол медитацияның түріне байланысты болады. Концентрациялық медитация маңдайдағы миды іске қосады, шапшаң жасалатын медитация уақытша қалақтарды іске қосса, ал эмпатиялық тұрғыдан жасалатын медитация осы аталған мидың барлық қыртыстарына әсер етеді. Медитация кезінде, «нейрон тербелісі» болады, демек, синхронды электр импульс іске қосылады. Атап айтқанда, гамма-толқындар (жиілігі 40 Гц) қызықты, өйткені олар жоғары танымдық функциялар және санамен байланысты. Өте қарқынды ұзақ уақыт бойы орындалатын тибет монахтар медитациясы бойынша ғылыми-зерттеу – адамдарда ешқашан байқалмаған ең қарқынды гамма-толқындарды анықтады [13. 348]. Медитация кезінде, маңдай ми аудандарында белсенділік аз болады. Бұл таңқаларлық бақылау, бірақ бұл ақылға сыйарлық жағдай, соған қарамастан, зейін қоюға аз жұмыс қажет болды. Бұл өтпелі гипофронтальды теорияға сәйкес келеді [20. 34]. Тағы бір медитация туралы ғылыми жаңалық - қабыну маркерлер төмендейді, және (қартаю үшін маңызды нәрсе) теломеразе қызметі өседі. Енді біз, өте ерекше және маңызды тақырып – физикалық жаттығулардың оң әсері туралы айтамыз. Эволюциялық және сондай-ақ, онтогенетикалық тарих бойынша, дене жаттығулары табиғи негізгі қажеттілік болып табылады. Ал ол танымды түрде оқу үшін өте маңызды болып табылады. Физикалық жаттығулар бүкіл дене денсаулығы үшін маңызды болып табылады: бұлшық, қан айналымы, тыныс алу, иммундық жүйесі және т.б. Және бұл ми үшін, психикалық денсаулық үшін және оқу үшін маңызды болып табылады. Ол көңіл арттыру, көп сенсорлы интеграцияға көмектеседі және синапстарға және нейрогенезісқа оң әсер етеді, кортизолады қысқартады, сондай-ақ стрессті де төмендетеді. Адам жанының химиялық реакциясына да оң әсері бар: допамин, эндорфин және эндоканнабиноидтар ынталандырылады.

Оқиғалы-рөлдік ойындар өмірлік жағдайларға элеуметтенуге және бейімдеуге мүмкіндік туғызатындығын Б.Д. Жигитбекова, отандық ғалым зерттеуде. Б.Д. Жигитбекованың зерттеуі бойынша: оқиғалы-рөлдік ойындар стресс тудыратын ауртпалақтардың алдын-алуға көмектеседі. Мұндай контексте, оқиғалы-рөлдік ойындардың маңызды қызметі адам үшін ауыр оқиғаны барынша қауіпсіз психологиялық қарым-қатынаста ойнау. Барлық теріс әсерлерді женудің айрықша тәжірибесін игере отырып, тек қайта басынан өткізу, яғни қайта өмір сүру ғана емес, сондай-ақ, ойындық қайта жасау талаптарын да, шынайы өмір талаптарында кері әсердегі оқиғаларды жеңе білуге мүмкіндік беру болып табылады [22].

Үйренуге, үй тапсырмаларын орындауға және ойлауға – стресс біздің қабілетімізге үлкен салдар береді. Әсіресе мектептерде жұмыста, қажетсіз жағдайлар, шынында стресстік оқиғаларды біз азайтуымыз керек. Ал біз стресс пен мазасыздануды жеңуді оқушыларымызға үйрету керекпіз. Бұл физикалық және психикалық денсаулық үшін, бизнес және жеке өмірді қанағаттандыру үшін, біздің болашақ мансап үшін пайдалы болып табылады. Біз балалар мен жасөспірімдерге қамқор болайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Намазбаева Ж.И., Исабекова Т.Ш. Тұлғаның депрессиялық мәселелері мен оның алдын алу жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Психология» сериясы №3 (52) 2017ж. – 11-19 б.
2. Jensen E. (2008). *Teaching with the brain in mind. 2nd Edition, Alexandria, ASCD.*

3. Жолдасова М.К. Стресспен қажудың зейінді реттеуге және когнитивтік тапсырманы орындауға әсері, дисс. псих. ғыл., Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. – Алматы, 2012
4. Хуторная М.Л. Развитие стрессоустойчивости студентов в условиях интеллектуальных испытаний: дис. ... канд.психол. наук. – Тамбов, 2007. – 187 с.
5. Чимаритян С.С. Стресс и фрустрация: возрастные аспекты: дис. ... канд.психол.наук. – Ереван, 1990. – 123 с
6. Herculano-Houzel S. (2012). The remarkable, yet not extraordinary, human brain as a scaled-up primate brain and its associated cost. In: www.pnas.org/cgi/doi/10.1073/pnas.1201895109. PNAS, June 26, vol 109, suppl. 1, 10661-10668.
7. Miller G. (2009). Sleeping to Reset Overstimulated Synapses. In: Science, 3. Apr. 22.
8. Stuber G.D. et al. (2008): Reward-predictive Cues enhance Excitatory Synaptic Strength onto Midbrain Dopamine Neurons. In: Science, Vol 321, 19.9.2008, 1690-1692.
9. Howe, M.W. (2013). Prolonged dopamine signaling in striatum signals proximity and value of distant rewards. In: nature, Vol. 500, 29. August, 575-579.
10. Roth, G. (2011). BildungbrauchtPersönlichkeit. WieLernengelingt. Stuttgart: Klett-Cotta.
11. Vogel, S.; Schwabe, L. (2016). Learning and memory under stress: implications for the classroom. In: npj Science of Learning 1, doi: 10.1038/npjscilearn.2016.11, 29.June
12. Roth G.; Strüber, N. (2015). Wie das Gehirn die Seele macht. Stuttgart: Klett-Cotta.
13. Rahman M.M. et al. (2016). Early hippocampal volume loss as a marker of eventual memory deficits caused by repeated stress. In: Scientific Reports 6, doi: 10.1038/srep29127, 4. July.
14. Suzuki W.; Fitzpatrick, B. (2016). FittesGehirn, erfülltesLeben. München: Goldmann. English Version (2015): Healthy Brain, Happy Life. VerlagDey Street.
15. Bryce C. A.; Floresco, S. B. (2016). Perturbations in Effort-Related Decision-Making Driven by Acute Stress and Corticotropin-Releasing Factor. In: Neuropsychopharmacology, 41, 2147-2159, 24. February.
16. Hupalo S.; Berridge C. W. (2016). Working Memory Impairing Actions of Corticotropin-Releasing Factor (CRF) Neurotransmission in the Prefrontal Cortex. In: Neuropsychopharmacology, doi: 10.1038/npp.2016.85, 8. June.
17. Jurek B. et al. (2015). Oxytocin Regulates Stress-Induced CRF Gene Transcription through CREB-Regulated Transcription Coactivator 3. In: The Journal of Neuroscience, 2. Sept., 35 (35), 12248-12260.
18. Ewen B. S. (2016). Stress-induced remodeling of hippocampal CA3 pyramidal neurons. In: Brain Research, 1645, 50-54.
19. Doll A. et al. (2016). Mindful attention to breath regulates emotions via increased amygdala-prefrontal cortex connectivity. In: NeuroImage, Vol. 134, 305-313.
20. Ricard M., Lutz, A.; Davidson, R. J. (2015). DreiWegezumNirwana. In: Gehirn&Geist, 5, 40-46.
21. Jacobson R. (2013). Researchers Discover Potential Clue behind Age-Related Memory Decline. In: <http://www.scientificamerican.com/article.cfm?id=researchers-discover-potential-clue-behind-age-related-memory-decline>. 2.9.2013.
22. Schachl H. (2012). Was haben wir im Kopf? Grundlagen für gehirngerechtes Lehren und Lernen. 3. aktualisierte und überarbeitete Auflage. Veritas Verlag, Linz.
23. Жигитбекова Б.Д. Топтық психологиялық тренингтегі психогимнастиканың орны және ролі // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Психология» сериясы №4 (53) 2017 ж. – 61-66 б.

Касымова Г. К.¹, Сангилбаев О.С.², Шахл Х.³

^{1,2}Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

³Университет образования Линца, Австрия

МЕТОДЫ УПРАВЛЕНИЯ СТРЕССОМ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ

Резюме:

В ходе эволюции для качественной жизни деятельности нам приходится испытывать определенные стрессовые состояния. Особенно требования к образовательной деятельности определяется организацией обучения, легитимностью отношений, стремлениями человека получить достойные знания. В выше названных процессах стресс имеет отношение к любому человеку. В данной статье мы рассматриваем стресс через восприятие и память. Также касаемся роли эмоций в обучении через контекст «стресса». Знания и эмоции, сопровождают друг друга и они работают вместе. Стресс – это изменение состояния человека в конкретной ситуации, мы в своей работе рассматриваем некоторые негативные последствия его в процессе обучения. Особая часть мозга, гиппокамп, очень уязвима. Поэтому беспокойство и стресс должны быть уменьшены, и нам нужно научиться справляться со стрессом. Для преодоления стресса предлагается сочетание инструментального, умственного и регенеративного управления. Необходимое лечение должно осуществляться посредством физических упражнений: это не только влияет на здоровье, но также влияет на познавательную деятельность. Предлагаемый нами методнейрологического образования не исключает традиционных педагогических принципов.

Ключевые слова: стресс, эмоция, борьба со стрессом, неврология, обучение, внимание, части мозга, нервные клетки, медитация.

G.K. Kassymova¹, O.S. Sangilbayev², H.Schachl³

^{1,2}Abai Kazakh national pedagogical university,
Almaty, Kazakhstan

³Linz Education University, Austria

METHODS OF COPING WITH STRESS IN THE EDUCATION SYSTEM

Astract

In the course of evolution for qualitative life we are experiencing certain stressful conditions. Especially the requirements for educational activity are determined by the organization of training, the legitimacy of relations, the aspirations of a person to acquire worthy knowledge. In the above mentioned processes stress is related to any person. In this article, we consider stress through perception and memory. We also touch on the role of emotions in learning through the context of "stress". Knowledge and emotions, accompany each other and they work together. Stress is a change in the state of a person in a specific situation, we in our work consider some of the negative consequences of it in the learning process. The special part of the brain, the hippocampus, is very vulnerable. Therefore, anxiety and stress should be reduced, and we need to learn how to deal with stress. To overcome stress, a combination of instrumental, mental and regenerative management is offered. The necessary treatment should be carried out through physical exercises: this not only affects health, but also affects cognitive activity. The proposed method of neurological education does not exclude traditional pedagogical principles.

Key words: stress, emotions, coping, neuroscience, learning, attention, parts of the brain, nerve cells, meditation.

МРНТИ 15.41

Ли А.В.¹, Аймаганбетова О.Х.²

¹ Университет «Туран»,
Алматы, Казахстан

² Казахский национальный университет им. аль Фараби,
Алматы, Казахстан

НЕКОНСТРУКТИВНЫЕ КОГНИТИВНО-ПОВЕДЕНЧЕСКИЕ СТРАТЕГИИ КАК ФАКТОРЫ РИСКА ПОДРОСТКОВЫХ СУИЦИДОВ

Аннотация

В данной статье приводится анализ эмпирического исследования наличия неконструктивных когнитивно-поведенческих стратегий у подростков склонных к суицидальному поведению. Были использованы две методики: «Методика выявления склонности к суицидальным реакциям (СР-45)» П.И. Юнацкевичай «Методика диагностики когнитивно-поведенческих стратегий преодоления», И.Г. Сизовой и С.И. Филиппченковой.

В результате было выявлено, что в основном подростки, склонные к суицидальным реакциям используют следующие стратегии: «Фиксированная на эмоциях стратегия» и «Уход или бегство из трудной ситуации», которые являются неконструктивными стратегиями.

Ключевые слова: когнитивно-поведенческие стратегии, суицидальное поведение, подростки, факторы риска.

Подростковые самоубийства являются острой проблемой общественного здравоохранения, и представляют собой одной из основных причин смертности среди данной категории населения. Поэтому ранее выявление факторов риска суицидального поведения поможет составить эффективные профилактические и превентивные программы, которые на сегодняшний день являются все больше и больше необходимы для современных подростков Казахстана. Согласно А.Г. Амбрумовой, существует ряд факторов, способствующих суициду:

- 1) неблагополучные семьи. Подросток может остро переживать социально-психологическое и экономическое неблагополучие своей семьи, не видеть путей преодоления его и даже обвинять самого себя;
- 2) школьные трудности, связанные как со школьной неуспеваемостью, так и с особенностями построения взаимоотношений в школьном коллективе;
- 3) сексуальные проблемы, такие как беременность девушки-подростка, импотенция, неудачный половой контакт, страх гомосексуализма;
- 4) депрессия, вызванная различными причинами, связанными с неуспешным решением значимых жизненных задач;
- 5) аддиктивное поведение;

6) хронические стрессогенные факторы и разовые резко влияющие стрессогенные факторы, вызывающие острые аффективные реакции;

7) личностные особенности: незрелость личности и определенные черты характера: высокая импульсивность, агрессивность, недостаточный уровень личностной идентификации, низкий уровень осмысленности существования и целеустремленности, отсутствие ориентиров будущего и т.д. [1].

Однако с вышеперечисленными факторами на сегодняшний день сталкивается почти каждый подросток, переживая состояние социально-психологической дезадаптации в связи со множественными внешними обстоятельствами, не зависящие от него. Но некоторые подростки продолжают бороться со стрессогенной ситуацией, а некоторые не справляются и прибегают к аутоагрессивному или аддиктивному поведению. Таким образом, решающим фактором в стрессогенной обстановке для них является использование стратегий совладающего поведения.

Понятие «Стратегия» подразумевает собой способы поведения для профилактики развития стресса и коррекции измененного состояния в случае его проявления, и реализуются человеком на основе имеющихся у него личностно-средовых ресурсов (Р.Лазарус, И.Б. Лебедев, N.S. Endler).

Ряд исследователей установили огромное количество разнообразных видов стратегий совладающего поведения и предложили классифицировать эти стратегии по характерным признакам. Так, А. Billing и R. Moos предложили дихотомическую классификацию действий по преодолению стресса [2]. Они выделили активные и пассивные формы преодоления с фокусом реакций на эмоцию или на проблему. Эта дихотомия соответствует предложенной S. Folkman и R. Lazarus инструментальной и паллиативной модели преодоления, проблемно-ориентированным и личностно-ориентированным способами преодоления [3].


К. Matheny et al высказали предположение, что преодоление стресса можно рассматривать с позиций оперативных и превентивных воздействий на стрессовую ситуацию и реакции человека на нее. Оперативное преодоление стресса предусматривает попытку ликвидации или снижение реакции на воздействующий стрессор [4].

И.Г. Сизова и С.И. Филиппченкова на основании экспериментальных исследований определили когнитивно-поведенческие стратегии преодоления, среди них выделили базовые и функционально-ситуативные стратегии преодоления, к которым относятся: 1) конструктивные преобразующие стратегии («когнитивная репетиция», «коррекция ожиданий и надежд», «идущие вниз сравнения», «идущие вверх сравнения», «антиципирующее преодоление», «предвосхищающая печаль»); 2) конструктивные приспособительные стратегии преодоления («позитивное истолкование ситуации», «придание нетривиального смысла ситуации», «изменение личностных свойств», «идентификация со счастливыми»); 3) неконструктивные стратегии преодоления («фиксированная на эмоциях стратегия», «уход или бегство из трудной ситуации», «стратегия отрицания») [5].

Таким образом в рамках данного исследования было предложено изучить наличие неконструктивных стратегий преодоления стресса у подростков склонных к суицидальным реакциям. Для осуществления данной цели были использованы 2 методики: «Методика выявления склонности к суицидальным реакциям (SP-45)» П.И. Юнацкевича, предназначенная для выявления склонности к суицидальным реакциям и «Методика диагностики когнитивно-поведенческих стратегий преодоления», разработанная И.Г. Сизовой и С.И. Филиппченковой и предназначена для диагностики преобладающей стратегии совладающего поведения.

Участниками исследования явились подростки в возрасте от 14 до 17 лет, склонные к суицидальному поведению. Данную группу риска мы выявили на основе предыдущих попыток суицида у подростков, или наличия у них суицидальных мыслей и предикторов суицидального поведения. Всего было отобрано 60 подростков пяти общеобразовательных учреждений города Алматы.


Частотный анализ первой методики позволил увидеть процентное соотношение уровня склонности к суицидальным реакциям (рис. 1).



Рисунок–1. Уровень склонности к суицидальным реакциям

Как мы видим, у подростков преобладает средний (32%) и высокий (23%) уровень склонности к суицидальным реакциям. Это говорит о том, что большинство из них нуждается в медико-психологической помощи.

Анализ второй методики показал нам наиболее часто используемые подростками, находящиеся в группе риска, когнитивно-поведенческие стратегии преодоления (рис. 2).



Рисунок–4. Показатели средних значений преобладающих стратегий у подростков

Как мы видим, в основном участники очень часто используют стратегию «Фиксированная на эмоциях стратегия» Хср. = 14. Это стратегия психологической борьбы с негативными эмоциями и болезненными ощущениями. Такой подросток не может ни практически преобразовывать ситуацию, ни уйти от источника опасности и страдания. Следующая стратегия, наиболее часто используемая подростками, это стратегия «Уход или бегство из трудной ситуации» Хср. = 13,7. Эта стратегия может осуществляться подростками путём внутреннего отчуждения от ситуации или подавления мыслей о ней, пережившими много разочарований и неудач. Избегание всех сомнительных ситуаций становится у них личной особенностью. И тогда они стараются избегать ситуации, подобной той, в которой они когда-то оказались не на высоте. Конечно, в определённых случаях такая стратегия может быть оправданной и

конструктивной, но в любом случае она остаётся пассивной, без стремления человека что-либо сделать для своего благополучия.

Таким образом мы выявили, что подростки, находящиеся в группе риска и склонные к суицидальному поведению в основном используют 2 стратегии: «Фиксированная на эмоциях стратегия» и «Уход или бегство из трудной ситуации». Данные стратегии являются неконструктивными и направлены на борьбу с эмоциональными нарушениями, которые вызваны травмирующим событием. Учитывая, что большинство участников использовали неконструктивные стратегии, необходимо придать важность обучения подростков конструктивных когнитивно-поведенческих стратегий, особенно лиц, склонных к суицидальному поведению.

Список использованных источников:

1. Крутецкий В.Л., Лукин Н.С. Психология подростка. – М.: Просвещение, 1965; Меновицков В.Ю. Психологическое консультирование. Работа с кризисными и проблемными ситуациями. 2-е изд., стер. – М.: Смысл. 2005
2. Billings A.G., Moos R.H. Coping, stress and social resources among adults with unipolar depression // *J. of Personal and Social Psychology*. 1984. Vol. 46. P. 877–891.
3. Folkman S., Lazarus R.S. Ways of coping questionnaire. Palo Alto: Consulting Psychologists Press, 1988.
4. Matheny K.B., Aycock D.W., Hugh J.L., Cutlette W.L., Silva-Cannella K.A. Stress coping: A qualitative and quantitative synthesis with implications for treatment // *Counseling Psychologist*. 1986. Vol. 14. – P. 499-549.
5. Сизова И.Г., Филиппченкова С.И. Методика диагностики когнитивно-поведенческих стратегий преодоления // *Современная психология: состояние и перспективы исследований: Материалы юбилейной научн. конф. Ин-та психологии РАН*. – М.: Изд-во Ин-та психологии РАН, 2002. – С. 180-199.

А.В. Ли¹, О.Х. Аймаганбетова²
¹«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан
²әл-Фараби атындағы қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан

КОНСТРУКТИВТІ ЕМЕС КОГНИТИВТІК-МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАРЫ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ СУИЦИД ҚАУІП ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Берілген мақалада суицидтік іс-әрекетке бейім жасөспірімдер арасында конструктивті емес когнитивтік-мінез-құлық стратегиялары болуының эмпирикалық зерттеу талдау келтірілген. Бұл зерттеуде екі әдіс қолданылды: П.И. Юнацкевичтің «Суицидтік іс-әрекетке бейімділікті анықтау әдісі» және И.Г. Сизова мен С.И. Филиппченкованың «Еңсерудің когнитивтік-мінез-құлық стратегияларын анықтау әдісі».

Нәтижесінде суицидтік іс-әрекетке бейім жасөспірімдер, көбінде, конструктивті емес келесі стратегияларды қолданады: «Эмоцияға бағытталған стратегия» және «қиын жағдайдан кету немесе қашу».

Түйін сөздер: когнитивтік-мінез-құлық стратегиялары, суицидтік іс-әрекет, жасөспірімдер, қауіп факторы.

A.V. Li¹, O.Kh. Aimagambetova²
¹"Turan" University, Almaty, Kazakhstan
² Kazakh National University. al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

NON-CONSTRUCTIVE COGNITIVE-BEHAVIOR STRATEGIES AS THE FACTORS OF THE RISK OF ADOLESCENT SUICIDES

Abstract

This article analyzes the empirical study of the presence of non-constructive cognitive-behavioral strategies in adolescents prone to suicidal behavior. Two methods were used: "The technique of revealing the propensity to suicidal reactions (CP-45)" P.I. Yunatskevich and "Methods of diagnosing cognitive-behavioral coping strategies", I.G. Sizova and S.I. Filippchenkova.

As a result, it was found that mostly teenagers prone to suicidal reactions use the following strategies: "Emotion-fixed strategy" and "Departure or escape from a difficult situation," which are non-constructive strategies.

Key words: cognitive-behavioral strategies, suicidal behavior, adolescents, risk factors.

Ж.Т. Джаксынкаева¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы, Қазақстан

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Даму жалпы және жеке болып ерекшеленеді. Әрбір дарынды бала қайталанбайды, бірақ өзінің жеке бала дарындылығында көптеген өзінің ерекшеліктері бар. Олардың құндылығын тәжірибелі психологтар, балабақша тәрбиешілері, мектеп мұғалімдері, ата-аналар үнемі байқайды. Қызметтің пәндік мазмұнына қарамай-ақ (суреттік, техникалық, коммуникативті және т.б.) бала дарындылығының дамуы білім бағдарламасын дамытуда, белгілі бір нәтижеде жалпы көзқарастарды қарастыру керек. Олар үшін негізгі бағыт «даму контуры» болып қарастырылуы мүмкін.

Кілттік сөздер: шығармашылық, креативтілік, эмоционалды даму, әлеуметтік даму, сәйкессіздік, интеллектуалды қабілеттілік.

Дарынды балалар арасында ерекшеленетіндері американдық ғалым Л.Холлингуорт былай белгіледі: мектепті жек көрушілік; ойын қызықтарына ерекше бағытталуы; философиялық мәселелерге жүктелу; физикалық интеллектуалды және әлеуметтік даму сәйкессіздігі, Ю.З. Гильбух ең негізгі дарынды балалар ерекшелігіне ерте жоғарғы білім белсенділігі және білімге құмарлық; жылдамдық және мидың операцияларды нақты орындауы; логикалық ойдың әдетін қалыптастыру; белсенді сөздіктің байлығы; жылдам және вербальды ассоциациялардың тазалығы (оригинальность); компоненттеріне ие болу [1]

Атақты неміс маманы К.А. Хеллер дарынды балаларды оқытудың, төмендегідей тұлғалық сипаттамаларын белгілейді:

- жоғары интеллектуалды қабілеттілік;
- атақты креативті қабілеттілік;
- атақты жады және тез қабылдау қабілеттілігі;
- интеллектуалды қызығу және білімге деген талпыныс;
- жоғарғы тұлғалық жауапкершілік;
- өзіндік эффективтілігіне көз жеткізу және өзіндік ой талқысы.

Қазіргі кезде дарындылықтың 100-ден аса анықтамасы бар. Бүгінгі таңда психологтар дарындылықтың дамуының сипаты, сапалы өзгешелігі, деңгейі - бұл әрқашанда тұқымқуалаушылық пен әлеуметтік ортаның күрделі өзара қатынасының нәтижесі екендігін мойындайды. Дарындылық белгілері - бұл баланың шынайы іс-әрекетінде көрініп, бақылау арқылы бағаланатын ерекшеліктер.

Сонымен бірге, бала дарындылығы туралы оның мінезінің екі аспектісі ретінде-инструментальды және мотивациялы - «қалаймын» және «шамам жетеді» деген категориялар негізінде, бірлігінде қарастырған дұрыс. Біріншісін, әрекет тәсілдерін, екіншісі шындықтың қандай да бір жағына қатынасын сипаттайды.

Кеңестік психологияда ерекше жаңа шешімдерге әкелетін «шығармашылық» термині кең қолданылған. Шетел психологиясында шығармашылықтың қалыптасуына ықпал ететін тұлғалық және ойлау қасиеттерінің жиынтығы «креативтілік» терминімен белгілі.

Шығармашылық психологиясында креативтілік атауымен белгілі болған бағытты Э.Г. Юдин, С.М. Бернштейн, А.Н. Лук, Дж.Гилфорд, С.Медник, В.Смит, К.Тейлор, Е.Торренс, Н.В. Кипиани, А.М. Матюшкин және тағы басқа ғалымдар зерттеді [1]

Көптеген ғалымдар әр баланың туа біткен шығармашылық мүмкіндіктері бар, ол креативтілікті дамыту тек шығармашылық әрекетте жүзеге асады деген пікірде. Демек, шығармашылық даралықты қалыптастыру әлеуметтік орта шарттарына тәуелді. Мектеп білім беру әдістерін қолданып, танымдық үрдісті ұйымдастыру тәсілдері арқылы баланың креативтілігін дамытуды ынталандырады. Креативтілік туралы айтқанда шығармашылық ойлар ғана емес, тұлғаның қасиеті мен дамуы да ескерілуі керек.

«Дарындылық» дегеніміз не және ол кішкентай нәрестеде қалай көрінеді? Ата-анасына нәрестенің бойындағы талантын байқауға не мәжбүр етеді және неге осы жаңалығына мамандардан тұжырымдама іздейді? Дарындылықтың жиі байқалатын түрі - бұл ерте сөйлеу мен сөздік қор. Сонымен қатар, айрықша байқампаздық қызығушылыққа тоймау және есте жақсы сақтау қабілеті. Дарындылықтың бұндай ерте байқалуы үздік ақыл-ой қабілетін білдіреді. Тіпті, дарынды балалардың барлығы бірдей нәресте кезінде ата-аналарын өз талантымен таң қалдыра бермейді.

Дарынды балалардың ерте сөйлеуі мен абстракты ойлауға негізделген есте сақтауы жақсы. Олар топтастыру қабілеті және мәлімет пен тәжірибені категориялау алынған білімді кең көлемде қолдану ерекшелігімен байқалады. Олардың топтастыру мен шешімге бейімділігі, дарынды балалардың ең сүйікті ісі коллекция жинау мысал бола алады. Оларға өз коллекциясын жүйелеп жинау мен қайта жасау үлкен қуаныш сезімін әкеледі, бірақ, әсемдеу, тәртіппен жинау оларға мақсат болып табылмайды.

Эмоционалды даму ерекшеліктері. Дарынды баланың эмоционалды сферасының негізгі ерекшеліктерінің бірін көптеген зерттеушілер жоғарылатылған (уязвимость) деп санайды. Бұның негізі интеллектуалды даму ерекшеліктеріне түп-тамырымен кететін қатты сезімталдық деп есептейді. Дарын иесі тек көзбен көріп қана емес, оны сезеді. Бірнеше құбылыстардың артынан қабілетті болып келеді. Әлдекімдер байқамағанды сезу, көру қабілетінің басым болуы заңды. Сонымен қатар, әзіл-оспақ қабілеттілігі дарынды балаларда ерте кезінен қалыптасады. Бұл дарындылықтың куәлігі және психологиялық қорғау механизмі.

Дарынды балалардың ата-аналарынан ойландыратын мәселенің бірі - мектептегі оқу кезінде кездесетін қиындықтар. Бұл қиындықтар дарынды бала туралы қоғамда қалыптасқан түсінікке байланысты. Өйткені, «орта» қабілетті бала мектепте мақталады да «ақылды» балаға сенімсіздік жасалады. Оның қабілеті көп жағдайда ескерілмейді. Соның салдарынан дарынды балалар ерекшеленбеуге, көзге түспеуге тырысады. Ортаның осындай ықпалының нәтижесінде дарынды бала өз қабілетін танып, дұрыс бағалай алмайды. Сөйтіп, өз деңгейінде дамып жетілмей, шектеледі. Бұл жерде дарынды балаларды таңдап, олардың бойындағы ерекше қасиетті бағалап, өмірде дұрыс бағдар бере білуіміз қажет. [1]

Дарынды балалар білуге құштар. «Мынау қалай құрылған?», «Неге бұлай болады?», «Егер жағдайды өзгертсе, қайтеді?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Қоршаған ортаны белсенді түрде зерттейді. Дарынды бала өз әрекетін шектеуді ұнатпайды. Жан Пиаженің (1952) пікірінше, интеллектінің хабарды талдау әрекеті ағзаның асты қорытуына ұқсас. Мидың қызметі – өкпенің дем алысы сияқты табиғи қажеттілік.

Ғылыми зерттеулерге қарағанда, дарынды, талантты, балалардың миының биохимиялық, электрлік белсенділігі жоғары келеді. Олардың миы қабылданған мәліметтерді қорытуға қабілетті. Әрине, кейде шамадан тыс, әлі жетпейтін мәселелерді де меңгеруге талаптанатыны байқалады. Дарындылар кішкентайынан-ақ себеп-салдарға көңіл аударып, соған сәйкес қорытынды жасап отырады.

Кез-келген жүйенің балама моделін жасауды ұнатады. Мұндай қабілет шындықты тәжірибенің көмегімен ашуға негіз болады. Оларға нейрондық хабар өте шапшаң беріледі. Мидың ішкі жүйесі көп тармақталған, байланыстар саны өте көп. Үнемі іс-әрекетке даяр. Олар жинақталған білімін, тәжірибесін кең пайдалана біледі, хабарларды жүйелеп бөліп, талдайды. Сөз қоры мол, сөйлеуге қабілетті сұрақ қоя біледі. Дарынды балалар сөздіктер мен энциклопедияны қызыға оқиды. Ой жұмысын талап ететін ойындарды қалайды. Қиындықтарды жеңе отырып, талантты балалар танымдық дәйексіздікті тез шешеді. Күрделі әрі ұзақ тапсырмаларды қызыға орындайды. Дарынды балалар өте зейінді. Өзіне қызықты мәселені шешуге талпынып, табандылық көрсетеді. Өмір тәжірибесінің аздығына қарамастан әлі келмейтін мәселелерді шешуге тырысады. Сол себептен нәтижесіз ісіне көңіл аудармай, оларды түсініп, әрекетіне басшылық жасау керек.

Дарынды балалардың адалдық сезімі күшті жетіледі, әрі өте ерте байқалады. Шындықты, турашылдықты қостайды. Қоғамдағы теңсіздікті бірден сезінеді. Айнала қоршаған адамдарға талабы зор. Теледидардан көрген түрлі теңсіздіктерді уайымдап, шындық пен фантазияны нақты ажырата алмайды. Өз қиялына сөзімен өң беріп, онымен бірігіп кетеді. Бұл қиял кейде жоқ заттарды ойдан шығарып, өзі қажет ететін мәселелерді қиялында жасайды. [2].

Қиялы бай, әрі анық келеді. Осы жағдай өмірде ойын элементтерін сақтауға, тапқырлыққа, іскерлікке негіз болады. Дарынды балалар іс-әрекеттегі, сөздегі ойланбаған жағдайларды тез байқайды. Дарынды балалардың шамалары жетпейтін мәселелерді шешуге талпынуы, олардың даму тұрғысынан пайдалы. Дарынды балалар кейбір мәселелерді шешуге өз құрдастары жете алмайтын жетістіктерге жетеді де, кез-келген жағдайда да «жеңіл жетістіктерге жетуім керек» деп ойлайды.

Дарынды балалар шыдамсыз, бірақ эмоциясы ересектерге тәуелді. Зерттеулерге қарағанда, кішкене балалардың қорқынышы реальды болмайды. Қалада өскен ата-ана баласының арыстан және жолбарыстан қорқатынын, ал реальды түрде одан автомобильдің қауіпті екенін түсіну қиын. Қорқынышты әсірелеп жібереді, себебі оның қауіптілігін қиялдайды. Мектепке дейінгі кезеңде дарынды балалар-жағдайлар, құбылыстарды менің түсінігім ғана деп танитын эгоцентристер. Бала қандай ақылды болса да, оның мұндай әрекеті (қабылдауы) қалыпты жағдай болып саналады. Даму деңгейіне қарай бала мәліметтерді түсініп, ойлауға қабілетті. Ғалымдар мұны матетаным деп атайды. Ол өзінің заттар мен құбылыстарды

қабылдауын басқалардың қабылдауына ұқсас деп түсінеді. Басқалардың әлемді қабылдауы өзінен өзгеше екенін бала әлі түсіне алмайды. Сондықтан құрдастарымен тіл табысуы қиындайды.

Дарындылықтың жиі байқалатын түрі – бұл ерте сөйлеу мен үлкен сөздік қор. Сонымен қатар, айрықша байқампаздық, айналаға қызығушылық және есте сақтау қабілетінің ерекше жетілуі. Дарындылықтың бұлай ерте байқалуы үздік ақыл-ой қабілетін білдіреді. Тіпті дарынды балалардың барлығы дерлік нәресте кезінде ата-аналарын өз талантымен таң қалдыра бермейді.

Баланың өзін-өзі бағалап, кім екенін түсінуі ата-ананың бағалауына байланысты. «Әке балаға сыншы» деп халық бекер айтпаған. Ата-ананың «Мен баламнан нені көремін, несін қадірлеймін, ұнатамын, оны балама қалай білдіремін?» деген сұрақтарға өзінен жауап іздегені абзал. Сонда ғана ата-ана оның көп қырлы талантын дәл, әрі толығырақ ашуға көмектеседі. Отбасында дарынды бала тапсырмаларды басқаларға карағанда шапшаң, нәтижелі орындайды. Сондықтан, оларға түрлі затты әр адам, әр түрлі деңгейде меңгеретінін түсіндіру керек. Оның бұл салада қабілетінің басым екенін айтумен бірге, мейірімділік пен сүйіспеншілік, төзімділік пен басқа адамға көмектесу керектігін бойына сіңірген дұрыс. Ақылды, дарынды бала көбіне құрдастарына нұсқау бергенді ұнатады. Әйтпесе, ол зерігеді. Мұндайда ең тиімді жол дұрыс бағыттау. [3]

Психологтар баладағы ерекшелікті анықтау үшін көп нәрсе жасай алады, оның ерекше мүмкіндіктері оны зерттеу кезеңінде, бірақ, оның қайсы ерекшеліктерін сақтауға, дамытуға, өз көмегін көрсетуге, ары жалғастыруға болжам жасауға бұл жеткіліксіздеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Лейтес Н.С. Возрастная одаренность и индивидуальные различия (избр. Труды). – Москва-Воронеж, 1997. – 44 с.*
2. *Доровский А.И. Сто советов по развитию одаренности детей. Родителям, воспитателям, учителям. – М., Российское педагогическое агентство, 2002.*
3. *Гилфорд Дж. Три стороны интеллекта. // Психология мышления / Под ред. А.М. Матюшкина. – М., 1995.*

Джаксынкаяева Ж.Т.¹

¹ *Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

ОСОБЕННОСТИ ОДАренных ДЕТЕЙ

Аннотация

Развитие являются общими и индивидуальными. Каждый одаренный мальчик не повторяет, но имеет свои особенности в своем таланте. Их ценность всегда испытывают опытные психологи, воспитатели детских садов, школьные учителя и родители. Несмотря на содержание предмета (изображение, техническое, коммуникативное и т.д.), развитие детского таланта следует учитывать при разработке образовательной программы и, в целом, следует рассмотреть общий взгляд. Основное направление для них можно рассматривать как «контур развития».

Ключевые слова: творчество, креативность, эмоциональное развитие, социальное развитие, не совместимость, интеллектуальная способность.

Zh.T. Dzhaksynkayeva. ¹

¹ *Kazakh national pedagogical university of the name of Abai*

FEATURES OF GIFT CHILDREN

Abstract

Development is common and individual. Each gifted boy does not repeat, but has his own peculiarities in his talent. Their value is always experienced by experienced psychologists, kindergarten teachers, school teachers and parents. Despite the content of the subject (image, technical, communicative, etc.), the development of children's talent should be taken into account when developing an educational program and, in general, a general view should be considered. The main direction for them can be considered as a "contour of development".

Key words: creativity, creativity, emotional development, social development, non-compatibility, intellectual ability.

Г.Қ. Атанбаева¹, М.Молсадыққызы²

¹ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қ., Қазақстан

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ЕСТЕ САҚТАУ ҚАБІЛЕТІН ЗЕРТТЕУ

Аннотация

Қазіргі кезеңде білім кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті білімді тұлғаны қалыптастыруға бағытталады. Сондықтан оқушылардың дербестігін және танымдық қабілеттерін дамытып, өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білуге үйретудің қажеттілігі туындайды. Қазіргі заманда танымдық қажетсіну ол – жаңа ақпаратты қажетсіну болып табылады. Компьютерлік, ақпараттық техника мен технологиялар ақпараттандыру мен жаһандану кезеңінде оқушылардың танымдық әрекеттерінің дамуына, мысалы есте сақтау қабілетінің дамуына, оқу пәнін тереңірек меңгеруге себін тигізеді.

Биология пәнін жаңа ақпараттық технология арқылы өткізе отырып мұғалім оқушының белсенділігін, шығармашылық ізденісін арттыруға, пәнге деген қызығушылығын оятады, бірақ оқыту барысында қолданылып жүрген көптеген технологиялар жеке тұлғаның жетілуіне, оқытудың тиімділігінің негізін құруға бағытталған. Ақпараттық технологиялар арқылы биология пәнін өткізу барысында оқушылардың есте сақтау қабілеті зерттелді. Оқушылардың жеке дамуы кезіндегі психофизиологиясының қалыптасуына байланысты, әр оқушының есте сақтау қабілеті түрліше болды.

Кілт сөздер: ақпараттық технология, жаңа ақпарат, психофизиология, есте сақтау.

Әр оқушының сабаққа зейін аударуы, мәліметті есте сақтауы, білім туралы ойлау қабілеті түрліше болады. Бұл оқушылардың жеке даму барысында психофизиологиялық күйлерінің қалыптасуына байланысты. Кейбір оқушылар арасында пәнге қызуғышылық байқалмай зейін аударуы төмендейді, есте сақтау қабілеті төмендейді. Бұған себеп пәнді өткізу барысында оқыту әдісінің дұрыс құрылмауы, сабақтың мазмұнының дұрыс болмауы. Кейбір мәліметтер бойынша оқушылар арасында психикалық денсаулықтарының бұзылғандығы байқалған. Бұған түрлі себептер бар, қоғам мен отбасындағы жағдайлар, жанжалдар, экологиялық, экономикалық нормалардың сақталмауы, мектеп пен отбасы тәрбиесінің кемшіліктері, эмоциялық және сенсорлық қарым-қатынастар мен қажеттіліктердің жеткіліксіздігі. Бұл фактілерді еске ала отырып, оқушылардың денсаулығына аса назар аударып, психофизиологиялық көрсеткіштерін зерттеп, оқу үрдісіне дифференциалды әдіс қолдана отырып, оқушылардың оқу процесіне бейімделуін қадағалап, олардың танымдық қабілеттерін дамыту мектеп пен отбасының басты міндеті [1-2].

Бейімделу мінез-құлқының негізін оқу және ес процестері құрайды. Нейрологиялық есте шартсыз рефлексінің, түйсіктің, импринтингтің тұрақтауын көрсететін генотиптік ес және жеке даму барысында ақпаратты жасауды және сақтауды қамтамасыз ететін ми механизмі фенотиптік ес түрлеріне бөлінеді. Оқу және ес ажыратылмайтын процестер болып табылады. Оқу білімнің әрқашан өзгеруін, толықтырылуын, жаңа дағдыларға ие болуын қамтамасыз етеді.

Естің оқудан айырмашылығы ол ақпаратты сақтап қана қоймай, ақпараттың шығарылу механизміне де ие. Осы механизм арқылы сақталған ақпараттың қолданылуы және оған мүмкіндік қамтамасыз етіледі. Ақпараттың қолданылу механизмі туралы тек оның оқып үйренуде туындайтын ассоциацияларға негізделгені белгілі.

Ес және оқудың құрылымды-функционалдық негізіне келетін болсақ, ес барлық түрі (сенсорлық, қысқа және ұзақ мерзімді) функциялық көзқарас бойынша әр түрлі күрделілігі және механизмдері бар ми процестерімен қамтамасыз етеді. Ес не уақыт бойынша дамытын динамикалық қызмет ретінде, не мидың кеңістегінде орналасқан күрделі ұйымдасқан материалдық құрылым ретінде қатысады. Функциялық жүйенің сипаттамасы (А.А. Ухтомский «функциялық ағзалар») ес функциясының энграмма фракциясының процесінде түрлі ми түзілістерінің құрылуынан және естің, оқудың құрылымды-функционалдық негізін құрайды. Энграмманы жасайтын жүйелердің топографиясының болуы динамизм және көп қиындықтың болуына байланысты. Энграмманың құрылуы ми түзілістерінің кең айналымы қатысатын күрделі динамикалық құрылым болып табылады.

Оқу процесі кезінде қыртысты-қыртысасты құрылымдарда қозған бөлімдерінің кеңістік орналасуының моделі жасалады және іске қосатын стимулы (шартты, мотивациялық, сөздік, т.б.) кіріскенде шартты әрекеттің соңғы маманданған нәтижесін айқындайтын қозған бөлімнің энграммасы орындалады.

Ассоциативті байланыстың тұйықталу механизмдеріне қыртысты-қыртысасты құрылымның қатысуы, энграмманың қалыптасуы бір жағынан – мидың мамандандырылған және маманданбаған жүйесінде тітіркендіргіш процесі иррадиациясының пайда болуына, басқа жағынан – бір нейронда әр түрлі импульстер конвергенциясының сенімді бекітілген фактілеріне негізделген [3].

Ес адамның әр алуан іс-әрекеттерімен байланысты болып, тіршілікте аса маңызды қызмет атқаратын болғандықтан, оның түрлері мен көріністері де әр қилы. Психикалық белсенділік сипатына байланысты ол қимыл-қозғалыс есі, эмоциялық-сезімдік ес, бейнелі-көрнекілік ес және сөздік-мағыналық (логикалық) ес болып бөлінеді. Іс-әрекеттің мақсат сипатына қарай ерікті ес, еріксіз ес болып бөлінеді. Естің кейбір түрлері арнайы аспап – мнемометр арқылы өлшенеді. Бейнелі-көрнекілік ес заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, нақты бейнесін ойда қалдырып, қайта жаңғыртуда айқын көрініс береді. Сөздік-мағыналық (логикалық) ес ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты түрлі пішімдер арқылы із қалдырып отырады. Ойдың қандай формасы болса да тілмен, сөзбен байланысты. Естің бұл түрінің сөздік-мағыналық (логикалық) деп аталуы да сондықтан. Сөздік-мағыналық ес оқушылардың білім жүйесі мен оқу материалдарын есте сақтауында жетекші мәнге ие. Естерді ерікті ес және еріксіз ес деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Белгілі мақсат қоймай-ақ, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру еріксіз ес деп аталады. Егер мақсат қоятын болсақ, онда бұл ерікті ес болады. Қажетті материалдар мен нәрселерді есте сақтау үшін адам тиісті әдіс-тәсілдер қолданып, оны қалай да жадында қалдыруды мақсат етеді. Бұл сол әсер еткен нәрселер ізінің есте берік қалуы деп аталады [4-6].

Мәліметтің жиналуына байланысты ес – жеке бастың, тұқым қуалаған қасиеттердің нәтижесі деп те айтуға болады. Мәліметті сақтау мерзіміне байланысты, ес – қысқа және ұзақ мерзімді болып бөлінеді. Қысқа мерзімдік ес жүйке импульстерінің нейрондар тізбегі бойымен өтіп, біраз уақыттан кейін ұзақ мерзімдік еске айналады, яғни мәлімет сақталып, нығаяды.

Ұзақ мерзімдік ес нуклеотидтерде синтезделіп, нуклеин қышқылдарында (РНҚ мен ДНҚ) программа-ланады.

Қысқа мерзімдік ес балада 3-4 айдан кейін іске қосылады. Баланың жасы ұлғайған сайын есте сақтау мерзімі артады: 2 жаста – бірнеше айға, 4 жаста – бір жылдан аса, 5 жаста – өмір бойына есте сақтай алады.


7 жасқа дейін еріксіз еске сақтау қабілеті, одан әрі қарай ерікті еске айналады. Оның дамуында жыныстық айырмашылық байқалады: ер балалардың есі 10 жастан бастап жақсы дами бастайды, ал қыз балаларда 11-14 жастар арасында жоғары болады. 14 жастан әрі қарай еске сақтау қабілеті ер балалар мен қыз балаларда бірдей дәрежеде қалыптасады [7].

Материалдар мен зерттеу әдістері.

Зерттеу материалы ретінде орта білім беретін мектепте оқитын 9-сынып оқушылары болды. Оқушылардың есте сақтау қабілеті «Суреттерді есте сақта» әдісі.

Гильфорд (1950-1967) интеллектіге қарағанда өзгеше бірегейлік көрсететін «креативтілік» терминін қолданды. Ол ақыл-ой әрекетінің үш өлшемді моделімен жұмыс жасады. Бұндағы факторлар интеллектіні анықтау тестілерімен өлшенбейтін еді.

Пассау (1955) дарындылықты қандай да бір саладан, ғылым, өнер, әлеуметтік көзқарастардан үлкен нәтижелерге жету деп анықталады.

Сол уақытта (1955) дарындылыққа 51 анықтама берілді. 1971 жылы АҚШ-тың Білім министрлігі (1972) келесі анықтаманы қабылдады. Онда дарынды балалар деп ерекше талантты және қандай да бір немесе бірнеше саладан жақсы жоғары нәтижелер көрсете алуын айтты. Оның интеллектуалық мүмкіндіктері академиялық жетік білімі, креативтік ойлану, көшбасшылық қасиеті, көркемөнерпаздық қабілеттері психологиялық мүмкіндіктері жатады.

Ересектердің дарындылығын зерттеу негізінде «Рензулли (1986)» үштік моделін «ұсынады» бұнда жоғары, қабілеттілік, бір пәнге, тақырыпқа шоғырлануы, креативтілігі, креативті тұлғаның ерекше белгісін қарастырған зерттеулер дарындылыққа елеулі үлес қосты. Дарындылыққа абстрактілік қабілет, дивергенттік тәсілмен мәселені креативті түрде шешу мүмкіндігі жатады. Гетцельс креативті деп мәселенің шешімі мен қатар оны іздеуді қызықтыратын адамды санайды. [2]

Штенберг пен Дэвидсон 1986 жылы өз жұмыстарында «біз дарындылықты ойлап таппаймыз және ашпаймыз да» деген қағиданы ұсынды. Өзінің қажеттігіне орай әр қоғам дарындылықты өзінше анықтайды және оны түсіну уақыт пен орналасқан мекенге орай өзгеріп отырады.

Пассау мен Танненбаум (1988) дарыныдылықты анықтау тек оны ашумен шектелмейді, сонымен қатар даму жолына, қолдау, мадақтауға әкеледі деп түсіндірді. Фельдман (1986) дарындылықты қоршаған орта факторларына тәуелді интеллектуальды, эмоционалды елеулі кездейсоқ шоғырлану дейді.

Көптеген Ресейлік зерттеушілер жұмыстарында бір топ сипаттамалар белгіленген және айтылған (Д.Б. Богоявленская, О.М. Дьяченко, В.А. Петровский т.б.). Төменде қарастырылатын дарынды балалардың психикалық даму ерекшеліктері әртүрлі контент-талдау әдістерінің қайнар көздерінен алынған және де автордың өзінің эмприкалық зерттеулер нәтижелерінен анықталған. [3]

Білу сферасындағы даму ерекшеліктері: қызыққұмарлық, білімге құмарлық, білу қажеттілігі, яғни, білім шыңына алып бару үшін, бұл түсініктермен әр мұғалімге анық «саты» белгіленеді. Оның бірінші сатысында барлық балалар болады, яғни, дарынды және дарынды еместер. Қызық құмарлық, жаңа нәрсені білу құмарлығы, интеллектуальды стимуляция, Ресейлік психологияда анықталатын және ми пікірлерінің қажеттіліктері әрбір дені сау балаға сипатталынған (Л.И. Божович, Л.А. Венгер, А.В. Запорожец, Н.С. Лейтес т.б.).

И.П. Павлов өзінің жұмыстарында оның шығу және анықталу механизмін де ашты. Ол мынадай шартсыз рефлекс қатарына бұл азықтық, қорғану және де зерттеу рефлексі де бар деп сызып көрсетті. Бұл рефлекс адамда және ең жоғарғы маймылдарда ерекше күшке жетеді. И.П. Павлов былай жазған: «пайдакүнемсіздік білім құмарлығы» өзіндік түсінікке ие.

Бұл қажеттілік мидың әсерлерінен ақырындап білім құмарлыққа ауысады, яғни, оның білу қажеттілігінің 2-деңгейі сияқты құрастыруға болады.

Білімге құмарлық немесе ми белсенділігі, жалпы түрде ми қабілеттілігінің конгломераты және мотивациялық факторлар сияқты ұсынылады. Білімге құмарлықтың тұруы тағы да бір маңызды ерекшелікке байланысты, зерттеулер қатарында белгіленген. Сөз эмоция туралы болып жатыр.

Эмоциялар, бұл қажеттіліктер, индикаторы және олардың қанағаттану дәрежесі бізге белгілі. Білім құмарлығының анықталуы жағымды эмоциялар орталығымен тығыз байланысты. Бұл үрдісті зерттеген зерттеушілер былай айтып отыр, дарынды балалар мидың шаршауынан қанағаттанады. Бірақ, эмоциялардан басқа психикалық дарытулардың мынадай формасы бар, ол-бостандық. Бұның механикасына тоқталсақ. Бостандық нақты сол қажеттілікті тауып, яғни, тұлғалық сферада мотивациялы-қажеттіліктер құрылымында тұрақты. Бостандық өзі де спецификалық қажеттілікті көрсететін-қажеттілікті жеңу.

Содан, дарынды баланы тәрбиелегенде қызыққұмарлық білімге-білім құмарлыққа өсуі өте қажет, ал соңғы - тұрақты психикалық білім-білу қажеттілігіне өтеді. Бұл мәселеге тоқталудың қажеті жоқ. Бұған көптеген қызықты арнайы зерттеулер берілген. Ресейлік және шетел педагогтердің ұсынуымен келді (А.К. Дусовицкий, Ю.В. Шаров, Г.И. Шукина және т.б.). Бірақ, балалардың жартысының көбінің қызыққұмарлығы, қоршаған әлемді зерттеуге ұмтылысы білімге деген құмарлыққа ауыспайды. Қарама-қарсы, көбінесе дарынды балалар білімге, қоршаған органы зерттеуге ұмтылады. Дарынды бала өзінің зерттеулеріне шектеу қоюды жек көреді және бұл оның сапасы. Атақты психолог Н.С. Лейтес дарындылықты зерттеуді былай деп бекітті: «мидың ізденуінде ерекше қажеттілік бар». Көбінесе, ең жоғарғы деңгейде қабілеттіліктердің дамуын қамтамасыз етеді. Н.С. Лейтес: «Баланың білімге құмарлығын сақтап қалса, онда қабілеттіліктерге тұрақты дамуға стимул береді». [1]

Дарынды деп 3 негізгі параметрге сәйкес жағдайда ғана айтуға болады, яғни 1) әлеуметтік даму, 2) интеллектуальдық қабілеттілік, 3) креативтілік. Егер даму параметрлердің біреуіне сәйкес келмесе, онда біз дарынды баламен емес, тек қана маңызды, бірақ ерекше психологиялық құбылыспен жұмыс болады. көптеген зерттеушілер идентификация кезінде дарынды балалар «демократиялық» көріністерден көрінеді. Мысалы, Дж.Рензулли былай айтады: «Егер бала белгіленген параметрлерге сәйкес ең болмаса бір қабілеттілікте жоғары деңгейде болса, онда оны дарынды деп квалификациялауға болады. Бұл жағдайдың кейбір шарттарын теориялық көзқараспен белгілейтін болсақ, онда педагогикалық қатынаста берілген әдіске өту продуктивті болады».

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Лейтес Н.С. *Возрастная одаренность и индивидуальные различия (избр. Труды)*. – Москва-Воронеж, 1997. – 44 с.
2. Хуторский А.В. *Развитие одаренности школьников*. – М., 2000.
3. Теплов Б.М. *Способности и одаренность // Хрестоматия по возрастной и педагогической психологии*. – М., 1981. – 31-35 б.

Джаксынкаева Ж.Т.¹, Жигитбекова Б.Д.

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМА ОДАРЕННОСТИ ДЕТЕЙ В ПСИХОЛОГИИ

Аннотация

Статья содержит анализ ведущих тенденций психологии в определении сущности одаренности, рассмотрение этапов решения проблемы одаренности в психологической науке, а также раскрывает содержание и роль трех основных детерминант концептуального осмысления данного феномена интеллекта, способностей и творчества.

Ключевые слова: способность, одаренность, творчество, интеллект, исследование одаренности

Zh.T. Dzhasynkayeva¹, B.D. Zhigitbekova

¹Kazakh national pedagogical university of the name of Abai

THE PROBLEM OF GIFTS IN PSYCHOLOGICAL SCIENCE

Abstract

The article contains the analysis of leading trend in psychologies on determination of essence of a gift, consideration stages decision taking in the problem of gifts in psychological science, as well as reveals the contents and the role of three main determinants of the conceptual comprehension given phenomenon intellect, abilities and creative activity.

Keywords: ability, giftedness, creativity, intellect, research of giftedness

MPHTI : 15.41.25

Ұ.Б. Төлешова¹, Т.Болатқызы²

*^{1,2} Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан*

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ КЛУБТЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада заман талабына сай шығармашыл тұлға қалыптастырудағы клубтық жұмыстарды ұйымдастыру жолдарының ерекшеліктері мен маңыздылықтары және өз мүмкіндіктеріне сенімді, әртүрлі әлеуметтік және педагогикалық мәселелерді креативті шешуге қабілетті жасампаз, шығармашыл тұлға дайындау қарастырылған.

Кілттік сөздер: шығармашылық, клуб, тұлға, белсенділік.

Студенттердің шығармашылық қабілетін тәрбиелеуде олардың қызығушылықтарын оятудың әдіс-тәсілдерімен қатар алуан түрлі тарихи және осы заманғы деректерді жүйелеудің, тұжырымдардың жеке құжаттарды жан-жақты сын тұрғысынан талдай білудің өзіндік зерттеу әдіс-тәсілдерін үйрету, тұлға бойына дарыту оқытушының соңғы технологиялық үдерістерді пайдалануына байланысты болып отыр. Студент қазіргі уақыттағы қоғамның даму мәселелеріне қорытынды жасайды және шығармашылықпен дәйектей отырып, өзіндік тұжырым жасай алатын тұлға есебінде. Шығармашылық мәселесін қарастыруда «қабілет», «талант», «белсенділік», «дарын» ұғымдарын айналып өтуге болмайды. Қабілеттілік – қандай да бір немесе бірнеше әрекетті жемісті атқарудағы психикалық қасиет. Ал, дарындылық – адамға білім беруде туа біткен алғырлық қасиеттердің тәрбие жүйесіндегі әдіс-тәсілдерімен бірлесе келіп, жеке тұлғаны қалыптастыруда ықпал етудің нәтижелі көрінісі. Белсенділік – қоршаған ортадағы ақиқат шындық пен өзара қимылын өлшемі, кез-келген әрекеттің немесе қимыл-қозғалысы орындалуындағы өнімділігі және қарқындылығы. Талант – адамды басқа адамдардан ерекшелендіріп тұратын қасиет болып табылады. [1]

Шығармашылық мәселесі бүгінгі күннің өзінде өзектілігі соншалықты «ғасыр мәселесі» десек болады. Әр түрлі өмірлік жағдайларға қарамастан жан-жақты шығармашыл тұлғаның мақсатты түрде қалыптасуы қазіргі ұйымдардың алдында тұрған ең маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Л.С. Выготский пікірінше адамның шығармашылық белсенділік әрекеті ол – адамның жаңа нәрсені жасауы деп ой түйіндейді.

Жалпы алып қарағанда тұлғаның барлық іс-әрекет жүйесі 2 негізгі іс-әрекетке бөлуге болады:

1. Репродукциялық немесе репродуктивті қызмет (билік, тәжірибеге байланысты);
2. Біріктіру, шығармашылық белсенділік (қиялмен, фантазиямен байланысты).

Студенттердің шығармашылық белсенділігін дамыту – дамудың білім беру жүйесіндегі негізгі ережелерінің бірі. Л.В. Занковтың айтуынша білім беру және тәрбиелеу жүйесінің негізгі мақсаты. «балаға жететін рухани күштерді анықтауға көмектесу және оларды жетілдіру және дамыту үшін қолайлы табиғи жағдайлар жасау» дейді.

Яғни, Л.В. Занковтың жүйесін оқығандар шешім қабылдауды, талдауды үйреніп қана қоймай, сонымен қатар салыстыра бағалауға, байқауға, топтастырып және оны топтауға, қорытынды жасауға, үлгілерді талдауға мүмкіндік алады.

Демек, тұлға әрекеттері тәрбиелік материалмен табиғатқа айналады, ал ақыл мен ерік-жігер күшейеді, кез келген әрекетті соңына дейін жеткізуге деген ұмтылыс дамыйды, зияткерлік сезім оятуда және біріктіруде, шығармашылық белсенділігі басымдық көрсетеді. Яғни, шығармашылық – бұл нақты іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын өз бастауы, өту барысы және нәтижесі болатын үрдіс. Бұл үрдіс 3 кезеңнен өтеді: дайындық, ізденіс, орындау. Осы деңгейлерге сәйкес шығармашылық қабілеттердің құрылымын анықтайды, өз бойынан оларды талдайды, бағыттап отырып дамытады және жетілдіреді. Шығармашылықтың бастапқы дайындау деңгейіне ізденіс нысаны алынып, мәселе қойылады, шешімін табу үшін міндеттер белгіленеді және де ең бастысы шығармашыл талантты тұлғалар алдыңғы қатардан көрінеді.

Шығармашылық талант келесі қасиеттермен ерекшеленеді деп көрсете аламыз. Олар:

- Ой-пікір білдіру (идеялар саны).
- Ойдың икемділігі (бір идеядан, екіншісіне ауысу мүмкіндігі).
- Түпнұсқалық (жалпыға бірдей қабылданған көзқарастардан өзгеше идеялардың шығару мүмкіндігі).
- Жауаптылық (қоршаған әлемдегі мәселелерге деген сезімталдық).
- Гипотезаны дамыту мүмкіндігі (ынталандырудан реакцияның логикалық тәуелсіздігі).
- Қиялилық – (нақты жауаптан алшақ).

«Шығармашылық еңбекте студенттің іскерлік қабілеті, білім көлемі, білім молдығынан туатын толық дербестігі айқын көрінуі тиіс». Шығармашылық жұмыстар студенттердің дүниетанымына, ізденімпаздық қабілетінің дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар өздігінен ой қорытып, шешім шығаруға, дұрыс сөйлеп, сауатты жазуға, тіл байлығын арттыруға жәрдемдеседі. Оқытушы әрекетінде бұл сұрақтар, проблемалар, міндеттер әрдайым болып тұрады. Студенттердің шығармашылық қабілеті өзіндік жұмыстар жасау арқылы қалыптасады. Студенттердің оқуға қызығушылығы мен қажеттілігі өзіндік әрекеті түріндегі оқуға ауысуы, оқытушының функциясының өзгеруі және өзіндік жұмысының маңызының артуы, өзара белсенді әдістердің, бей-дәстүрлі әдіс-тәсілдерді кеңінен қолданылу қажетті оқу үдерісіне қатысушы субъектілер оқытушы мен студенттің нақты әрекеттері айқын түрде сипатталғандықтан өзіндік іс-әрекет арқылы студенттің өзіндік жұмысы іске асатыны анықталды. Студенттің өзіндік жұмысы бұл оқытудың құралы, ол төмендегі көрсетілгендерден тұрады:

- нақты мақсат пен тапсырмаға сәйкес әрбір нақты жағдайды қорыту;
- белгілі бір танымдық тапсырмаларды шешудегі студент білімінің көлемі мен деңгейі, дағдысы мен іскерлігі әрбір белгіленген кезеңде қалыптасып отырады;
- жаңа танымдық тапсырмалар шешуде студенттер өз білімінің жүйелі қорындағы психологиялық құрылымын және үлкен ағыстағы ғылыми әрі қоғамдық ақпараттарды бағдарлай біледі.

Енді өзіндік жұмысты ұйымдастыру кезеңінде қалыптасатын эмоцияға тоқталайық.

қобалжу: белсенділікті арттырады;

әсерлесу: ол басқаруды гуманды түрде іске асырады;

қызығушылық: ол алға жылжуға мүмкіндік береді;

күштарлық: жаңа аймақта қарастыруды игереді;

Сенімділік: ол студенттің өзіндік салиқалы және нәзік бейнесінен көрініс береді. Осындай көңіл-күйден кейін студент нәтижелі шығармашылық жұмыс жасай алады. Университерге оқу-тәрбие үдерісі арқылы шығармашылық қабілетін қалыптастыру мәселелерін топтастырайық.

Демек, студенттердің шығармашылық қабілеттерін кураторлық сағаттарда, әртүрлі іс-шараларды жүргізу арқылы да дамытуға қазіргі таңда мол мүмкіндіктер бар. Сол мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып студенттердің уақытын шығармашылық қабілетін дамытуға бағыттау оқытушының тікелей міндеті және оны іске асыруы тиіс. Осы орайдағы әр түрлі клубтарды ұйымдастырудағы мақсаттарға тоқталсақ. Клубтарды ұйымдастырудағы мақсат – студенттердің және дарынды жастардың дарындылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту, тәжірибелік іс-әрекеттер, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, ғылым мен техникаға деген қызығушылығын арттыру болып табылады. Студенттерді әр түрлі іс-әрекетке тартатын, қоғамдық пайдалы еңбекке баулитын ең маңызды формалардың бірі – әр түрлі клубтық бірлестіктер. Клубтың жұмыстары студенттердің жалпы және арнайы білімдерін кеңейтуге көмектеседі.

Клуб жұмысы – балаларға қосымша білім беру жүйесіндегі ерікті, дәстүрлі балалар бірлестігінің кең тараған түрі. Клубтық бірлестіктер алғашқыда үйірмелер, өнерпаздар бірлестігі ретінде пайда болып, кейіннен сабақтан тыс және мектептен тыс жұмыс түрінде жүзеге асып отырды. Негізінен клубтық жұмыстар іске асырылмай тұрып үйірмелік жұмыстар жүргізіледі. Яғни, оқу процесі барсында үйірмелер құрылып жұмыс атқарады. Жалпы үйірменің өзі – шағын ұйым секілді. Қазіргі таңда, оқу процесінен тыс тәрбие жұмысы ретінде үйірмелер келесі функциялар атқарады:

- оқу пәндерінің білімін тереңдету, кеңейту, толықтыру;
- студенттерді мәдени-әлеуметтік іс-әрекет түрлеріне баулу;
- коммуникативтік тәжірибені кеңейту;
- кәсіби бағдар беру;
- студенттердің бос уақытын ұйымдастыру.

Клуб – мақсаттары, мүдделері, қызығушылықтары бір адамдардың ерікті бірлестігі. Тұрақты мүшелері және белгілі бір уақыттан бері жалғастырып келе жатқан жұмыстары клубтардың басты белгісі болып табылады. [2] Яғни, клуб бір тақырыппен немесе тапсырмалармен ғана емес, мүшелерінің өз еріктерімен және бастамаларымен жүзеге асырып келе жатқан жұмыстарымен де айырықшаланады. Өзара еркін қарым-қатынас адамдар үшін өте пайдалы, әрі тиімді. Олар бас қосуларында өзара ақпарат алмасып, оқыған-тоқығандарын ортаға салады, білгендері бойынша тәжірибе, пікір алысады, бір-біріне ақыл-кеңестерін айтып, қиналғандарға көмек қолұшын береді. Клубтық жұмыстар – студенттерді қызықтыратын іс-әрекет саласында өз мүмкіншіліктерін сынайтын, шындайтын ынтымақ пен қарым-қатынас ортасы. Клубтық жұмыстар арқылы әрбір студенттің қарапайым қызығушылығы мазмұнды ұйымдастырылған маңызды іс-әрекетпен айналысуға, сол арқылы өзін-өзі дамытып жетілдіруге көмектеседі. Клуб жұмысының қызықты және нәтижелі ұйымдастырылуы балалардың белсенді қатысуымен қатар ұйымдастырушы – педагогтың кәсіби біліктілігі мен жеке тұлғалық қасиеттеріне де байланысты болады. Клубтық жұмыстардың негізгі жоспарлары әртүрлі қызықты отырыстардан құралады. Олардың әрқайсының **негізгі мақсаты:** студент жастардың дүниетанымын кеңейту, тәжірибелік дағды мен іскерліктерді қалыптастыру адам тұлғасын жан-жақты дамыту. Клубтық жұмыстардың уақыты – 20-40 минутқа созылады, қатысушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты ұйымдастырылады. Клуб отырыстарының уақытының ұзақтылығы және іс-әрекет көлемі жастардың көңіл-күйі, қалауы, өзара қарым-қатынас ерекшелігіне байланысты.

Клубтық жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі әдісі: студенттердің тәжірибелік жұмысы. Олар: конструкциялау, модель жасау, іс-тәжірибе жүргізу, бақылау болуы мүмкін. Сабақтардың басым бөлігі әңгіме, баяндама, тәжірибелер, зертханалық, тәжірибелік жұмыстар, әр түрлі модель үлгілерін жасау түрінде жүргізіледі. Сонымен қатар клуб отырыстары әр түрлі қызықты ойындар, сайыс, диалог алаңы т.б. түрде де өтеді. Диалог, пікірталас түрінде өтетін отырыстар әсіресе жоғары курс студенттеріне ұнамды келеді. Жас ерекшелігіне тән – өз ойын ашық айту, көзқарасын дәлелдеу, жетістікке ұмтылу сияқты әрекеттер тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Клубтық іс-әрекеттердің маңызды элементінің бірі – оның нәтижесін көрсету. Клубтық жұмыстардың нәтижесінде байқау, сайыс, жарыс ұйымдастыру, мерекелік іс-шара өткізу, көрме ұйымдастыру жұмыстары, концерттер, фестивальдар, театрландырылған қойылымдар сияқты көз тартымды ұтымды іс-шаралар ұйымдастырылады.

Клуб жұмысы нәтижелі болуы үшін:

- 1) белгілі жоспар бойынша;
- 2) клубтың әрбір жұмысы мұқият ойластырылып дайындалған;
- 3) клубқа қабылданған әрбір қатысушының жалпы даму деңгейі, қызығушылықтары мен бейімділіктері ескерілуі қажет.

Клубтың ұйымдастырушылық жұмыстары қоғамдық – пайдалы сипатта болуы қажет. Әрбір клуб мүшесі өз жұмыстарының қоғамдық маңызы бар екендігін білгендері жөн. Қандай да үйірме, клуб және т.б. әр түрлі бірлестіктердің жұмысының нәтижелі болуы алдымен ұйымдастырушы – педагогтың шеберлігіне байланысты болады. Сондықтан бүгінгі таңда, осы салада арнайы кадрлар даярлануы қуантады. Әрбір баланың жан-жақты болып дамуы, өнерлі «сегіз қырлы, бір сырлы» болып тәрбиеленуі, арнайы ұйымдастырылған тәрбие жұмыстары арқылы жүзеге асады. Осыған байланысты балаларға қосымша білім беру ұйымдарында, оқудан тыс уақытта балаларды өнерге баулу, танымдық қызығушылығын ояту, бос уақытын мазмұнды өткізу басты мәселенің біріне айналууда. [3] Десек те, ата-аналардың айтуынша балалардың көпшілігі бос уақытын компьютер алдында өткізеді. Ал, бала табиғаты бойынша көп қимылдап, ойнап серігуі қажет екені белгілі. Бұның барлығы оқу орнының тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру мәселесіне келіп тоқталады. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыруда білім берудегі тәрбие мен

тәрбиелік мазмұны ешқашан маңызы мен өзектілігін жоғалтпайды. Тәрбие мен тәрбиелеудің қолданыс аясын кеңейту, құралдары мен компоненттерін көбейту ғылымға «әлеуметтену» деген ұғымды ендіреді. Тәрбие – тұлғаны қалыптастыру құралы, алайда ол бірден-бір жалғыз фактор бола алмайды. Демек, тәрбие – бұл тұлғаның қалыптасуына мақсатты бағытталған процесс, сонымен қатар тәрбие туа біткен нышандарды түзетеді және микро-ортаны өзгертеді. Барлық балалар тәрбиелік-білім беру мекемелерінен өтеді, ол мекемелер педагогикалық процесті сауатты құрастырып, оқушылардың жан-жақты іс-әрекетін нәтижелі ұйымдастырады, өйткені ол жеке тұлғаның дамуының шешуші шарты болып табылады. Тәрбие жеке тұлғаның тәрбиелілігі нәтижесінің белгілі бір эталонының болуын талап етеді. Қазіргі педагогика саласы мұғалімдерді белгілі жас тобындағы балаларды тәрбиелеу ерекшеліктері жөніндегі кәсіби білімдермен қаруландырып, әрқилы жағдайлардағы оқу-тәрбие процесін болжастыруға, жобалауға және іске асыруға, оның тиімділігін бағалауға үйретеді. Тәрбие процесін ұдайы жетілдіріп отыру қажет, себебі адамдардың өмір жағдайлары өзгермелі, ақпараттар көлемі күннен күнге ұлғайып соның салдарынан мұғалімге қойылатын талаптар жыл сайын күрделене түсуде. Қоғамның мұндай талаптарына педагогтар өсіп келе жатқан әулетті оқыту, тәрбиелеу және оған білім берудің жаңа технологияларын қарастырумен жауап береді. Бұдан бұрынғы мыңдаған жылдардағыдай-ақ баланың өмірлік мектебі оның алғашқы демімен бірге басталады. Осыдан мектеп педагогтары мәңгі проблемалар құрсауында келеді. Баланы адамаралық қатынастар дүниесіне енгізуді олар өзінің ең басты парызы деп біледі. Алайда, осы уақытқа дейін тәрбиелік қызмет мұншама қиын, күрделі және жауапкерлі болып көрген емес. Дүние басқаша кейіпте болған, онда бүгінгідей балаларға төніп тұрған қауіп-қатерлердің кейбір түрлері тіпті болмаған. Отбасында, мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектептегі болашақ ұрпақтарға қандай негіз қаланса, болашақ өмірі мен бақыты, бүкіл қоғамның берекесі соған тәуелді болып тұрған жөні бар.

Яғни, тұлғаның дамуында тәрбие процесі үздіксіз жүріп отыратын және өзара байланыстылығы ұдайы дамып отыратын тәрбиелеу жүйесінің тізбегі және алдыңғы нәтижелер есебінен құралатын тәрбие процесін айта аламыз.

Тәрбие процесін ұйымдастыруда клуб жұмыстарының алатын орны ерекше.

Клуб жұмыстары арқылы балалардың:

- Шығармашылық қабілеттері дамиды.
- Өзін-өзі еркін ұстауы жүзеге асады, жағымды қарым-қатынас орнайды.
- Баланың жеке тұлғалық қасиеттерінің бағалануын жоғарылатады.
- Қызығушылықтары мен бейімділіктерінің анықталуы.
- Мазмұнды демалыс ұйымдастырылуы іске асады.

«Клуб» – сөзінің шығу тегіне тоқталатын болсақ орыс тіліне ағылшын тілінен XVIII ғасырда енген болатын және «адамдар бірлестігі» деген мағынаны білдіреді. [4] Клубтың ерекшелігі – ортақ қызығушылықтары негізінде біріккен адамдардың ұйымшылдығы мен ынтымақтастығын білдіреді.

Алғашқылардың бірі болып 1905 жылы басшылығымен Ресейде балалар клубтары ұйымдастырылған болатын. С.Т. Шацкийдің ойынша клубтардың негізгі идеясы – «бала табиғатына негізделген талаптарға сай құрылған балалар өмірін ұйымдастыратын орталықтың болуы» болатын.

Онда ең бастысы:

- балалардың өзін-өзі басқаруы;
- өздігінен әрекет жасай білуі;
- шығармашылық қабілеттердің дамуы болып табылады.

<p>XIX ғ. аяғы 1917 ж.</p>	<p>Клуб-балалардың өз күштерімен қалыптастырған көше балаларының бірлескен ортасы немесе мекемелері бола тұра балалардың ұйымдасуына көмектесетін орта. (С.Т. Шатский). Клубтық іс-әрекеттер өзін-өзі басқару принциптерін тандау мүмкіндігін, қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Клуб – балалардың бірлесуі, бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру үшін құралған ғылыми және шығармашылық орта деп тұжырымдайды. (А.П. Пишкевич).</p>
<p>1917-1936 ж.</p>	<p>Клуб – балалар мен жасөспірімдердің мектептен тыс уақытын ұйымдастыру үшін қызығушылықтарының ортақ нүктеге тоғысуы. Дегенменде, ең алдымен ортақ қызығушылықтар үйірмелерден құрылып, содан соң ғана клубқа айналған тиімді деп көрсетеді. (А.Ф. Родин). Клуб – бұл үйірме. (А.С. Макаренко). Клуб – кең құрылымдық функциялардың кең диапазонды нақты бірлестіктердің еркін тандалған іс-әрекеттер. (Э.Г. Костяшкин)</p>

XX ғ. 60-80 жж.	Бұл жылдары клуб сөзінің аясы тарылды, яғни, «қызығушылықтар үшін», «бірлестік», «үйірме» ұғымдарына тоқтау қойыла бастады, қолдану аясы тарылды. Үйірменің жұмысы бойынша үлкен көлемдегі арнайы қабілеттер (музыка, техникалық, актерлік клубтар) байланысты болса, ал клубтың барлық қатысушылары түрліше іс-әрекет түрлерімен, қызығушылық танытып бірігулеріне болатын болды.
90 ж.	Жаңа талаптарына сай XIX ғ. зерттеу нәтижелері бір жерге тоғыса бастады және клубтық мәдениет қалыптаса бастады. Яғни, клубтық мәдениет дегеніміз – сабақтан тыс уақытта ғана айналысатын ойын-сауықтық бағдарлама емес, шығармашылық іс-әрекет нәтижесін жеке өмірінің аясында кеңінен қолдану жағдайында қарастыру керек деген болатын. Клубтық үдерістік жұмыс барысында қолданылатын іс-әрекеттердің барлығы дерлік, клуб мүшелеріне қанағаттандыру мен қуаныш әкеледі. Демек, дәл осы қырынан психология ғылымында қарастыру үлкен мүмкіндіктер мен түрткілердің әсер етуіне әкеледі.

Клубтық іс-әрекеттер түсінігінің, ресей психологиялық-педагогикалық әдебиеттерінде талдануы (Кесте-2)

Біз айтып жатқан клубтардың пайда болу тарихы өткен тарихта қалып қойды. Өйткені қазіргі клубтардың прототипін Ежелгі Римде кездестіреміз, яғни, Рим мемлекетінің саяси өмірінде маңызды рөл атқарады, (бұл клубтарда ақпарат алмасу, қарым-қатынас, ән мен рахаттану, поэзия және т.б.) басын қосып отырады. Ең бірінші кезеңде саяси клубтар маңызды рөл атқарған болса, кейіннен XIX ғ. II жартысында әртүрлі клубтар пайда болды. Олардың ішінде кең тараған спорттық, кәсіби әйелдер және т.б. клубтар (АҚШ-та «Борсықтар клубы», Англияда – «Сәтсіздіктердің кәсіби клубы» және т.б.).

20-жылдардан бастап клубтың формалары белсенді түрде тарала бастады. 30-жылдары Қазақстанда клубтық мекемелер стационарлы және жылжымалы формадағы кеңейту бағытында дамыды.

Клуб жұмыстарының нәтижелі болуы:

- іс-әрекеттердің формаларының алуан түрлі болуы және белгілі мақсаттарға бағытталуы;
- белсенділердің қызметі;
- жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалдың болуы;
- дәстүрлердің қалыптасуы;
- әрбір клуб мүшесінің қызығушылықтарының, мүддесінің ескерілуіне байланысты болады.

Қосымша білі беру және мектеп мекемелеріндегі клубтық бірлестіктердің кең тараған түрлері:

- қоғамдық бағыттағы клуб бірлестіктері (эко - клубтар, өлкетану, т.б.);
- ғылыми өндірістік бағыттағы клубтық бірлестіктер (техникалық шығармашылық бағыттағы клубтар);
- жаратылыстану бағытындағы клубтық бірлестіктер (табиғатты қорғаушылар клубы, гүл өсіру, бау-бақша жұмыстарын қамтитын клубтар);
- эстетикалық бағыттағы клубтық бірлестіктер (фольклор, бейнелеу өнері, жас фотографтар клубы).

Педагогтың клубтық бірлестіктер жұмысын ұйымдастыру жүйесі:

- клуб бірлестігінің жалпы ережелерін құрастыру;
- мақсаты мен міндеттерін және іс-әрекет формаларын анықтау;
- клуб бірлестігінің мүшелерінің құқығы мен міндеттерін анықтау;
- клуб бірлестігінің бағдарламасын құру.

Балаларға қосымша білім беруде клуб мәдени – әлеуметтік өзгешелігі бар тәрбие технологиясы бола алады. Осы тұрғыда педагог – ұйымдастырушылардың шығармашылықпен ұйымдастырылған іс-әрекеттері қажет. Клубтық жұмыстың нәтижесі ретінде: балалардың ойлау техникасының амал-тәсілдерінің қалыптасуы, мінез-құлық, рефлексия мәдениетінің қалыптасуы жүзеге асады. Сондай-ақ клубтар баланың салауатты өмір салтын, бос уақытын өткізу мәдениетін қалыптастыру ортасы болып табылады. Арнайы ұйымдастырылған көңіл көтеру орындарының бірі болып – клубтар саналады. Клуб өз мүшелерінің әлеуметтік белсенділігін, творчестволық бастауын, мәдени деңгейін дамыту мақсатында құрылады. Клубқа келушілер бірге демалып, көңіл көтереді. Клубтық қауымдастық үшін инициативтілік, өзіндік іс-әрекет, қоғамдық пікір тән. Клубтарда әр түрлі мақсаттағы тұлғааралық қарым-қатынастар бекітіліп, дамиды. Өзара қарым-қатынас арқылы адамдардың әлеуметтік белсенділігі артады. Клуб – бос уақытты өткізу орталығы болып табылады. Мамандандырылған клубтар ортақ қызығушылықтар бар тар шеңбердегі келушілер контингентіне арналып құрылады. Олар бір мамандықтың, әлеуметтік топтың, жастары шамалас адамдар тобы болуы мүмкін. Студенттердің шығармашылық қабілеттерін клубтық іс-әрекеттер арқылы дамытудың жұмыс түрлерін атап өтсек:

1. Әр түрлі мерекелік кештер өткізу.
2. Әр түрлі тақырыптарда сайыс, пікірталастар өткізіп, алған әсерлері бойынша шығарма жазу.
3. Сахналық қойылымдар (ертегілер әлемінде, мектеп таланттары).
4. Жоба қорғау, презентация жасау, реферат жазу.
5. Бейне фильмдер көрсетіп алған әсерлері бойынша пікірталасу

Демек, клубтық бірлестіктер және үйірме жұмыстары балалардың шығармашылық қабілеттерінің дамуына, дүниетанымының кеңеюіне, жаңа білім, дағды, іскерліктерді игеруіне, көркем – эстетикалық сезімдері мен талғамдарының қалыптасуына, ұжымдық жұмыс дағдыларын игеруге ықпал жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: "Сөздік-Словарь", 2006. – 384 бет.
2. Асыллов Ұ.Ә., Ахтаева Н.С., Аюбай К.Қ., Әбдіғанбаров А.І., Бердібаева С.Қ. «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі» (Педагогика және Психология). – Алматы: «Мектеп», 2002 ж. – 107 б.
3. Исаева И.Ю. «Досуговая педагогика».
4. Мардахаев Л.В. «Социальная педагогика» А-О, Серия «Словари». – Москва, 2011. – 146 с.

Толешова У.Б.¹, Болатқызы Т.²

^{1,2} *Казахский национальный университет имени Аль-Фараби*

ВАЖНОСТЬ ОРГАНИЗАЦИЙ КЛУБНЫХ РАБОТ В ФОРМИРОВАНИИ ТВОРЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ

Аннотация

В статье рассматривается суть работы клубных ассоциаций в формировании образа личности, творческой, инновационной, готовой к изменениям в духе современности, готовых внести изменения в собственное мнение, конструктивную критику, критическое мышление, целей и задач, направлений работы и особенностей. Мы говорим о том, как клубное сообщество работает над обществом, социальной ситуацией, окружающей средой, формированием личности, внутренним развитием и работой, которую должны выполнять клубные ассоциации. То есть в статье основное внимание уделяется решению проблем и созданию творческого человека который уверен в своих силах.

Ключевые слова: творчество, клуб, человек, деятельность, творчество

U.B. Toleshova¹, T. Bolatkyzy²

^{1,2} *Al-Farabi Kazakh National University*

THE IMPORTANCE OF THE ORGANIZATIONS THE CLUB WORKS IN THE FORMATION OF A CREATIVE ACTIVITY

Abstract

The article examines the essence of the work of club associations in shaping the image of the individual, creative, innovative, ready for change in the spirit of modernity, ready to make changes in one's own opinion, constructive criticism, critical thinking, goals and objectives, directions of work and features. We talk about how the club community works on society, the social situation, the environment, the formation of the individual, the internal development and work that club associations must perform. That is, the article focuses on solving problems and creating a creative person who is confident in his abilities.

Key words: creativity, club, person, activity, creativity

А.Қ. Егенисова¹, С.Д. Махметова²

^{1,2}Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ БІТІСТЕРІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация

Бұл мақалада ұлттық мінез бітістерін қалыптастыру мәселелерін зерттеген қоғам қайраткерлері, ғұламалар, ұлы педагогтардың еңбектеріне талдау жасалып, ұлттық мінез бітістері мен психологиялық ерекшеліктеріне сипаттама беріледі. Адамзат бойында кездесетін мінез кемшіліктері яғни «мінездегі міндер» мен мінездің жақсы қасиеттері «мінездің озықтығы» салыстырылып, сипатталынады.

Сонымен қатар, ұлттық психологиямыздың құрамдас элементтерінің бірі – ұлттық өзіндік сана, ұлттық сезім, ұлттық қадір, ұлттық мақтанш сезімдері жөнінде сөз қозғалады. Қазақтың ұлттық мінез бітістерінің кейбір жақтары: намысқойлық, шешендік, ұлтжандылық, әдептілік, қонақжайлылық, байсалдылық, қайырымдылық, қайсарлық және т.б. қасиеттерге сипаттама берілген.

Кілт сөздер: ұлт, мінез, халық, ұлттық болмыс, ұлттық сана, намысқойлық, шешендік, ұлтжандылық, әдептілік, ақкөңілділік, байсалдылық, бауырмалдық, қайырымдылық, имандылық, кішіпейілділік, қайсарлық.

Жеке тұлға мен қоғам құндылықтарының негізгі тамыры болып саналатын руханилық, адамгершілік, төзімділік, ар мен намыс, парыз бен жауапкершілік, адалдық пен шыншылдық, имандылық пен арлылық, парасаттылық пен ізеттілік, әдептілік пен сыпайылық сияқты ұлттық мінез бітістерінің қалыптасуы мәселелері. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында, «Халық – тарих толқынында» бағдарламаларымен т.б. қаулы-қарарларда көрініс тапқан [1,2].

Ұлттық мінез – әдеби шығармадағы кейіпкердің ұлттық сипатымен ерекшеленген мінез-бітімі, оның белгілі бір халықтың өкілі екендігін танытатын психологиялық және ойлау, сөйлеу өзгешелігі. Ұлттық мінез – тарихи категория. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп тұрады. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп тұрады. Әр халықтың өз эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды. Сондықтан шығармада ұлттық мінез жасау үшін оның дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын, т.б. қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде Н.В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбылыстай сезініп, толғанғанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беруі мүмкін», - деген ой айтады. Мысалы, «Игорь полкі туралы жыр» орыстардың, «Махабқарата» Үндістан халқының, «Нибелунга туралы жыр» немістердің, «Манас» қырғыздардың, «Ер Тарғын» қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқындайтын шығармалар [3].

Қазақ халқының ұлттық мінезі ғасырлар бойы елдің тұрмыс-тіршілігіне, тарихи жағдайларға байланысты дамып, қалыптасты. Қалыптасып, халықтық әдепке айналған ұлттық мінезге заман зардабы әсер етпей ме? Әрине, әсері болар, бірақ ұлт тұрған жерде оның мінезін өзгерту «күші» мүлде қалады. Жас ұрпақты тегіне тербеп, олардың бойына ұлттық қасиеттерді (мінезді) сіңіре білуіміз үшін, мінездің ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты терең зерлеп, тәлімдік тәсілдерін қолдана білу қажет болады.

Қанымызға сіңген көптеген дағдылар мен таптаурын болған қасан қағидаларды өзгертпейінше, біздің толыққанды жаңғыруымыз мүмкін емес. Күн санап өзгеріп жатқан дүбірлі дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әбден сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемделу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіруіміз керек.

Ұлттық мінез бітістері – өте күрделі, әлі де толық зерттеліп, шешімін таппай келе жатқан мәселе. Осы жәйтті жақсы аңғарған Н.Ә. Назарбаев «Менің армандарым да, мұратым да Қазақстан халқын бақытқа жеткізу» атты еңбегінде «менің ойымша, қазақтардың қайталанбас этикалық, психологиялық әлемі әлі де жете зерттелмей, зерделенбей жатқан тылсым дүние», - деген болатын [2].

Қазақ халқының ұлттық мінезін тәрбиелеп, қалыптастыруда Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының рөлі зор. Ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

Оның екі қыры бар:

біріншіден, ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

екіншіден, ұлттық болмыстың өзегін сақтай отырып, оның бірқатар сипаттарын өзгерту.

Ұлттық мінезіміз сақталуы үшін ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен дініміз, музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің ұлттық мінезімізді қалыптастыратын, рухани мәдениетіміздің бір парасы.

Ұлттық мінез бітістерін қалыптастыру мәселелерін қоғам қайраткерлері, ғұламалар, ұлы педагогтар: Әл-Фараби, Ж.Баласағұни, Қ.А. Яссауи, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтар өз еңбектерінде құнды ой-пікірлерін қалдырып кеткен [4,5].

Ұлы Абай: «Адам баласынан адам баласы ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», - деген болатын. Ал, Ж.Аймауытов «Адам мінезінің, ақыл-қайратының әр түрлі болуы тәрбиенің түрлі болуынан», - деп түсіндіреді [6].

Ұлттық мінез жайында жазылған әдебиеттерде бұл туралы әр түрлі көзқарастар бар. Мәселен, проф. Н.Жанділдин ұлттық мінезді сол ұлтқа тән психикалық қасиеттердің жиынтығы деп түсіндіреді [3]. Ұлттық мінез туралы И.Конның пікірі де «О проблеме национального характера» атты еңбегінде, ұлттық мінезді бір этникалық топты өзгеден айыратын, өзгермейтін қасиеттер жиынтығы деп санаудың дұрыстығына күмән келтіреді [7]. Бұл пікірді Н.Жанділдин өзінің «Природа национального характера» атты кітабында И.Конның бұл пікірімен келіспейді. «Ұлттық мінез ұрпақтан-ұрпаққа, атадан балаға тұқым қуалаушылық жолымен беріледі» деп талай ғалымдар пікір таластырған [3]. Қазіргі таңда ұлттық мінез мәселелері Украинада, Тәжікстанда, Ресейдегі татарлар мен саха, бурят халықтарында зерттеуге алынған. Шағын коми сияқты этностың ұлттық мінезі туралы диссертация қорғалып, монографиялар жазылған. Ал, ұлан ғайыр территорияны мекендейтін 9 млн. қазағы бар қазақ елінің ұлттық мінезі туралы диссертация жұмыс пен монография түгіл, қомақты мақала да жоқ.

Демек, халқымыздың ұлттық мінезін зерттеу ерекше маңызды болып отыр. Мұның қазіргі этнопсихология ғылымынан алатын орны да айрықша. Еліміз егемендігін жариялап, тәуелсіздігін алғаннан кейін, осы мәселе күн тәртібінен ерекше орын алды. Кеңес үкіметі кезінде мұндай мәселелерді көтеруге тыйым салынғаны белгілі.

Ұлттық мінез ұғымы әр түрлі этностар мен халықтардың өзіндік психологиялық ерекшеліктерін көрсету мақсатында қолданылады. Қазақ халқының ұлттық мінездерінің қалыптасуы XV ғасырдың орта шенінен басталды.

Мінез болмысқа (текке), тұрмысқа, қоғамдық құрылысқа, кәсіпке, әлеуметтік жағдайларға байланысты ыңғайлануға, бейімделуге, құбылуға сай болады. «Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады» дейді Абай дана (32-сөзінде) [6]. Мінез тұрмысқа байланысты салмақты – күйгелек, қоғамдық құрылысқа байланысты кішіпейіл – тәккәпар, әлеуметтік жағдайға байланысты өзімшіл – көпшіл болып қалыптасады.

Мінездің түрі көп (зерттеулерді мінездің 50 түріне анықтама берілген). «Адам санасын тұрмыс билейді», тұрмысқа байланысты менмендік билеген адамда дөрекі мінез, қасіретті адамда ашуланшақ мінез пайда болады. Біздің тәуелсіз еліміздегі адамның мінезі – кішіпейіл, көпшіл болуға тиіс. Көбінесе, кәсіпке байланысты жеке бастың темпераменті сол кәсіптің ерекшелігіне сай бейімделеді. Дегенмен, тектік (генотиптік) мінез негізін жоймайды.

Мәселен, XV-XVII ғасырлар халқымыздың ұлт болып қалыптаса бастаған және өзінің таза ұлттық мінездерін көрсете алған алғашқы кезеңі еді. Бұл кезеңді қазір шартты түрде «жылқы мінезді қазақтар» деп атап жүрміз. Шындығына келетін болсақ, бұл халқымыздың өз ұлтына тән «жайсаң мінезін» көрсеткен кезеңі. Қазақтың мінез бітістері қоғамдық дамудың түрлі ерекшеліктеріне орай ауық-ауық өзгеріске түсіп отырады. Қазақ халқының жайсаң, көркем мінез бітістері 15-16 ғасырдың аумағында ерекше көрінді. Мұны Қазтуған, Асан қайғы, Дулати, Жалайри және т.б. ғұламалар атап көрсеткен. Олар имандылықтың ең жоғарғы түрлері адалдық пен арлылық, инабаттылық, қарапайымдылық, балажандылық, шыдамдылық, мейірімділік, сабырлылық, сөзді қастерлеу және айтқан сөзінде тұру және т.б. осындай ұнамды мінез бітістері кейіннен орыстарға бодан болғанға дейін (1731 ж.) ерекше көрініс тапты дейді. Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқой адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Әрине, халық болған соң түгел сомадай, мұнтаздай деуге келмейді, талай оқшау мінездері де болған. (М.Әуезов, Ж.Аймауытов) [5].

Орыс империясының қарамағына кіргеннен кейін қазақ халқы өзінің жайсаң мінезінен арыла бастағаны туралы Абай да айтқан. Оны «Мәз болады болысың» атты өлеңінде жақсы көрсеткен. Бұларда қалжыңы теріс, ызақор, мақтаншак, паң, итмінез, ойсыз және т.б. секілді қасиеттерді айтып жырлады. Бұл империялық саясаттың «бөлшекте де, билей бер» («Разделяй и властвуй») нәтижелері.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін (1920) большевизм саясаты да осы халықтың мінезінің бұзыла түсуіне себеп болды. Бұл туралы М.Әуезов пен Ж.Аймауытов 1918 жылы «Қазақтың өзгеше мінездері» атты «Абай» журналындағы мақаласында айтқан [5]. Әрине, патшалық отарлау мен большевиктік империялық саясат тудырған ұнамсыз қасиеттердің біразы бізде қазір де баршылық. Қанымызға әбден «сіңіп» кеткен жағымпаздық пен жалтақтық, даңғазалық пен ұраншылдық, күдікшілдік пен күншілдік, арызқойлық пен жалақорлық, бойкүйездік пен салғырттық, жалқаулық пен шалағайлық, т.б. осы келеңсіз қасиеттері әлі күнге дейін алдымызға оралып, заман талабына бейімделуге бөгет жасауда. Әсіресе, Кеңес өкіметі жылдарында ұлттық мінезімізге дінсіздік, спирттік ішімдікке әуестік, келеңсіз тіршілікке құмарлық, бақталастық, т.б. осы секілді жағымсыз қасиеттер келіп қосылды. Бізде бұдан басқа еліктеп-солықтаулар (батысшылдық, ермелік, еліктеушілік, желөкпелік, т.б.) жетіп артылады. Бұл жәйіт еңсемізді көтертпей, құлдық психологияның шырмауынан шығуға кесірін тигізіп-ақ келе жатқанның естен шығармауымыз қажет.

Содан бері де ұлттық мінездің көптеген жақсы қасиеттерінен айрылу жалғасын таба берді. Нарық экономикасының қысымына түсіп, қазақтардың нашар мінез бітістері көбейе түсті. Солардың біріне тастанды бала мен шетелге бала сату фактісін жатқызуға болады. Қазір халқымыздың бойында 30-дан астам жаман қасиеттер кездеседі.

Х.Досмұхамедұлының жас ұрпақтың ұлттық мінез бітістерін қалыптастырудағы ой пікірлерін оның түрлі атқарған қоғамдық қызметтерінде, «Сана», «Шолпан» журналдарында шыққан мақалаларында, сондай-ақ «Қазақ халық әдебиеті» атты еңбегінде, жаратылыстану пәндерінен қазақ мектептері оқушылары мен мұғалімдеріне арнап жазған төл оқу құралдарына кең көрініс береді [8].

Ұлт адамдардан құралатындықтан, сол ұлтты құраушы адамның болмысына тән дүниенің бәрі ұлттың болмысына да ортақ болуы заңды құбылыс. Бұл ұлттық мінезге де қатысты. Сондықтан «ұлттық мінез», - деп, ұлттық дәстүр негізінде тәрбиеленген ұлт адамы мінезінің белгілі бір түрінің ұлт мүшелерінің бәріне бірдей болмаса көпшілігіне тән ортақ деңгейге көтеріліп, жалпылық сипат алуын айтуға болады. Мінезділік жеке адамның да, ұлттың да болмысының көрінісі іспеттес. Халықтық қасиеттеріміздің негізінде мінез жатыр. Өйткені мінезсіз адамда қасиет болмайды. Бұл ұлтқа да тән. Ұлттық мінезі жоқ халық та солай. Тағдыры шешілер тартысты кезеңде тастүйін бірігіп, ұлттық мінез көрсете алмаған халық – қалың тобырмен тең. Ездіктің езгісінде болып, құрметтен құр қалады. Мінезді халық – намысты халық. Намысты халық ешкімге есесін жібермейді, кеудесін басқызбайды. Демек, ұлттық мінез – ұлттық намыстың егізі, бірінсіз бірі жетім.

Ғасырларға созылған тәуелділік текті халықты жаппай орындаушыға айналдырды. Осының салдары халқымызды тектілікке тән қазақы төл мінезінен айырып қалуға әкеліп соқты. Заманында «намаз да болса, кісіге қараған күн құрысын» деп, бір сәттік имамға ұюға міндеттейтін тәуелділікке шыдамай, бұла мінез танытқан қайран қазақтың ұрпағы сан жылдар бойы өзгенің қас қабағын шытып, соның ыңғайына жығылып, айтқанына көнуге мәжбүр болды. Ата-баба тектілігін танытып, бодандық бұғауын бұзбақ болып бұлқынған бұла мінездерді арлаушы о жар күш аяусыз қырғынға ұшыратып, езіп-жаншып, елдің есін тандырды. Ақырында – өрлік өңезілікке, ерлік ездікке жол берді.

Тектілік мінез қай кезде де халықтың парасат биігінде болуын қамтамасыз етеді, адамды аздырар жаман мінездерден сақтандырады. Қазіргі кезде сондай сақтануға тиісті жаман мінездің бірі – мақтаншактық. Мақтаншактық – надандықтың белгісі. Бұл ретте ұлтымыздың ұлы ойшылы Абай: «әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ мақтаншак келеді; әрбір мақтаншак ақылсыз надан келеді» - дейді [6].

Әрбір ұлттың өзіндік мінез-құлық ерекшеліктері болатыны тарихи шындық. Қазақ халқы түркі тектес өзге халықтан ерекшеленіп тұратын өзіндік сипат-қасиеттері бар. Олар Ы.Алтынсарин еңбектерінде атап көрсетілген [8].

Қазақтарға тән ұлттық мінездің кейбір нышандары:

Жауынгерлік мінез. Тарихтың әр кезеңінде қазіргі Қазақстан жерін мекендеген тайпалар мен халықтардың бәрінің де қызуқанды, қырағы жауынгер болғаны белгілі. Сондықтан олар орасан мол аумақты иемденіп, ғасырлар бойы ұстап тұрды. Қазақ халқының арғы тегі түркі тектес тайпалардың тарихта Еуразияның ұлан-ғайыр даласын бағындырып, мұхиттан мұхитқа дейінгі аралықта азулы мемлекеттер құрғаны белгілі. Қазақ халқы өзгеге бағынбайтын жауынгерлік мінезін Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде де көрсетті. Ол жөнінде фашистік идеологтар өздерінің "*Шығыс жоспарында*" атап көрсетті [9].

Кеңпейілділік (бауырмалдық, мейірбандық) – қазақтарда туған жерінің кеңдігі, оның табиғатының қаталдығы және малшылық кәсіппен айналысу факторларының әсерінен пайда болған мінез. Қазақтың кеңпейілділігін қазақ жеріне келіп қоныстанған өзге ұлт өкілдерінің бәрі және көптеген зерттеушілер ризашылықпен атайды.

Бұлардан басқа қазақ халқының ұлттық мінездеріндегі жағымды нышандардың елеулілеріне – мәрттік, жомарттық, қонақжайлық, балажандық, аңқаулық жатады.

Қазақ халқына алғырлық пен батылдық, қайырымдылық пен кішіпейілділік, ашық-жарқын көңіл мен кеңпейілдік, жайлылық пен дархандық қасиеттері тән. Өз жері мен Отанына, туған еліне деген шексіз сүйіспеншілігі, мал шаруашылығына икемділігі, меймандостығы, өмірдің қиындығына, әділетсіз істерге төзімділігі, сөз өнерін ардақтауы, шешендік қабілеті, еңбексүйгіштігі мен шыншылдығы жалпы ұлтқа тән қасиеттер.

Қазақ халқы мінез-құлықты қалыптастыруда арзан күлкіге, арсыздыққа жол бермеген. Өз ұрпағын жігерлі, өжет, қайсар, ойлы, өткір тілді, арлы, иман жүзді, адал, зерделі, парасатты азамат етіп тәрбиелеген.

Әр заманда ғұмыр кешкен ғұламалары адамзат бойында кездесетін мінез кемшіліктерін «мінездегі міндер» деп, былай саралаған:

- *жағымпаздық пен жалтақтық,*
- *даңғазалық пен ұраншылдық,*
- *күдікшілдік пен күншілдік,*
- *арызқойлық пен жалақорлық,*
- *бойкүйездік пен салғырттық,*
- *жалқаулық пен шалағайлық,*
- *ұятсыздық пен арсыздық;*
- *ақымақтық пен ақылсыздық;*
- *өсекшілік пен суайттық;*
- *мақтанишақтық пен тәкаппарлық;*
- *маскүнемдік пен нашақорлық.*

Жаман мінез – рухани кесел. Бұл кеселді жою үшін түбіріне балта шабу керек. «Баланы жастан» деген мақал бар, оның түпкі мәні, адам бойындағы жағымды мінез-құлық, жақсы қасиеттер бала кезден бастап қалыптасады дегенге саяды.

Адамзат баласының бойында кездесетін мінездің жақсы қасиеттерін ұлылар «мінездің озықтығы» деп, былай саралаған:

- *алғырлық пен тапқырлық;*
- *батылдық пен намысқойлық;*
- *адалдық пен шыншылдық;*
- *имандылық пен арлылық;*
- *табандылық пен байсалдылық;*
- *парасаттылық пен ізеттілік;*
- *дархандық пен жомарттық*
- *мейірімділік пен қайырымдылық;*
- *әдептілік пен сыпайылық;*
- *еңбекқорлық пен елгезектік.*

Міне, осындай ұлттық мінез бітістері адамды өзгелерден ерекшелендіріп, биіктетіп көрсетеді. Ұрпақ тәрбиесімен шұғылданып отырған ата-ана мен ұстаздар қауымының адам мінезін қалыптастыруда атқарар міндеті, көтеретін жүгі, жауапкершілігі өте зор. «Адамның адамшылығы, ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, ұстаздан болады» дегенді де данышпан Абай айтқан. Ақыл, мінез нышаны – ата-анадан. Сондықтан да халық «тегіне тартқан» дейді [6].

Ұлттық психологиямыздың құрамдас элементтерінің бірі – *ұлттық өзіндік сана*. Ұлттық өзіндік сана дегеніміз – этностық сананың жоғары, күрделіленген, жетілдірілген формасы. Ұлттық өзіндік сананы ұлттың өзінің әлеуметтік-этностық мәнін танып білуі, дүниежүзілік қауымдастық жүйедегі өзінің орнын және қандай орын ала алатынын, адамзат тарихындағы атқарып жүрген әрекеттік рөлін және оның қандайын атқара алатынын, адамзат жасап жатқан өркениетке қосқан және қоса алатын үлесін сезіп тұшынуы, сонымен қоса өзге халықтармен тең, еркін және тәуелсіз өмір сүрудің табиғи-тарихи құқығын түсінуі деп ұғуға болады.

Сонымен, қазақ халқының ұлттық мінезі мен менталитеті сақталған заманда «тектілік» ұғымы да айрықша орын алған. Ең бастысы халық қазақты дұрыс жолға салар «тектілікті» ту етті. «Шыққан тегін

жаман болса, өз қылығын танытар» деген Ж. Баласағұни [4]. Сондықтан, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай.

Бірақ, ұлттық кодымды сақтаймын деп бойыңдағы жақсы мен жаманның бәрін, яғни болашаққа сенімді нығайтып, алға бастайтын қасиеттерді де, кежегесі кері тартып тұратын, аяқтан шалатын әдеттерді де ұлттық сананың аясында сүрлеп қоюға болмайтыны айдан анық.

Сонымен, төменде қазақтың ұлттық мінез бітістерінің кейбір жақтарына сипаттама беріп отырмыз.

Елжандылық: халқымыз кір жуып, кіндік кескен атамекенін аялап, елінің тілі мен мәдениетін, әдебиеті мен тарихын, біртуар аяулы перзенттерін мақтан тұтып, қадірлеп-қастерлеуді ұрпағына аманат еткен.

Намысқойлық: бұл – әр этностың өз халқының ар-ожданын, имандылық қадір-қасиетін көздің қарашығындай сақтай білуінен, қажетті жерінде бұл үшін жанын пида етуден көрінетін қасиет.

Шешендік: халқымыздың жайсаң психологиясынан аса биіктен көрсететін ұлттық ерекшеліктерінің бірі-суырып салма шешендік.

Ұлтжандылық: Ұлттық намыс, ұлттық сана, ұлттық әдеп, ұлттық рух, ұлттық дәстүр, ұлттық болмыс, ұлттық қағида арқылы пайда болған ұлтжандылық мінез қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қасиетті ұлттық мінезі. «Атаңның ұлы бол, халқыңның құлы бол» деп қазақ халқы ұрпағын отансүйгіштікке тәрбиелейді. Ұлы күрестерде, қилы-қилы замандарда қалыптасқан ұлттық намыс ұрпақты ерлікке, бірлікке тәрбиелейді. Қазақ ұлты қан төкпеген, қанішерлерді ұлттық ақыл-айламен жеңіп, ұланғайыр жерін, ержүрек елін қорғап қалған.

Ұлтжандылық мінез қазақ халқының ержүректік, қонақжайлылық, қайырымдылық, имандылық, әдептілік қасиеттерімен қалыптасқан. Ұлтжандылық мінез әрбір қазақтың қажеттілігі, болмыстық құндылығы.

Ақкөңілділік: Адам баласына тек жақсылық ойлап, оған адамгершілікпен жақсылық жасауға бейім, ақжарқын ұлттық мінезді ақкөңілділік мінез дейміз. Ақкөңілділік мінез өзара сыйласымнан, жайдары жарасымнан, ақниетті әрекеттерден, жақсылыққа құштарлықтан, жанашырлық әрекеттерден айқын көрінеді. Ақкөңіл адам ақниетті әрекеттерімен ақкөңілділік мінез нұрын шашады да, өзі сүйіспеншілікке бөленеді, жақсылыққа құштарлығымен айналасындағы адамдарға адамгершілік қуат береді. «Өзінді-өзін жаттай сыйла, жат өзінен түңілсін» деп, ақкөңілділік мінездің сыйласымдық мәнін халық жоғары бағалайды.

Халық «ақкөңілдің аты арымайды, тоны тозбайды», «ақылдының көңілі ақ болады, оған абырой мен бақ қонады» деп, бұл мінезден үлгі алуды уағыздайды. Ақкөңілді тұлғаларды насихаттап, олардың өнегесін жас ұрпаққа үйретуді мақсат тұтады. Халықтық тәлімде Қожанасырдың ақкөңілділігі, Жиреншенің ақниеттігі жас ұрпаққа үлгі – өнеге ретінде пайдаланылады.

Әдептілік: бұл халқымыздың ұлттық психологиясының өзегі имандылық пен адамгершілігінің басты белгісі, оның ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық санасының практикалық көршісі, барлық кісілік қасиеттерінің жиынтығы. Әдептілікті, кісілікті, әдеппен сөйлеуді, әдеппен қимылдауды, имандылықты, ұлттық әдеп нышандарын көрсететін бұл ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін арттырып, бейнесін бедерлейді.

«Әдептілік – әдемілік» деп халық әдептілікті уағыздайды. Баланың әдептілік мінезін қалыптастыру үшін халық оның тілі шыға бастағаннан-ақ «жаман» мен «жақсыны» ажырата көрсетіп, мінезіндегі әдептілікті үйретеді.

Әдептілік мінез әдепті іс-қимылда, бет-қимылдан да айқын көрінеді. Үлкен-кіші алдындағы ізетті қимыл-әрекет жеке тұлғаның әдептілігін көрсетеді.

Қонақжайлылық: бұл – қазақ халқының әлеуметтік, географиялық, тұрмыстық жағдайына байланысты қалыптасқан ерекше қастерлі қасиеті. Әдептіліктен, қайырымдылықтан, мейірімділіктен, жомарттықтан, кішіпейілдіктен, жанашырлықтан, ұлтжандылықтан пайда болатын бұл ұлттық мінез адамгершіліктің асқақ бейнесін көрсетіп, адамды сүйсіндіреді.

Қазақ халқы әдептілікті уағыздайды, әрбір қазақ әдеп сақтап, қонақжайлылық рәсімдерін орындайды. «Қонақ келсе, қоң етін кесіп беретін» қазақ бейхабар қонақ үшін де «сыбағасын» сақтап, оны күтіп алуға дайын болған. Қонақжайлылық мінездің негізі – қайырымдылық. «Бір күн қонған, қонақ-құт» деп, қазақ қонақты құп алып, оған қайырымдылық рәсімдерін жасайды. «Құтты қонақ келсе қой егіз табады» деп, халық әрбір қонаққа қонақ иесі жомарттық жасауы – міндет екенін уағыздайды. Бізде бар нәрсені қонақ күтуге лайықты пайдалану дәстүрге айналған.

Қонақ күту рәсімдері, әсіресе қазақ халқында қасиетті әрекет ретінде қалыптасқан, бұл ұлттық дәстүрі ретінде басқа ұлттарға үлгі болады. Қонақжайлылық әрбір қазаққа тән қасиетті мінез құлық.

Байсалдылық: Асықпауды, аңғарымпаздықты, ақылға сенуді, сабырлы әрекетті, түбін ойлауды көрсететін бұл ұлттық мінез жеке тұлғаның беделін биіктейді. «Байсалды болса мінезің, бақыттысың сен өзің» деп, халық байсалды мінезді жоғары бағалайды. Асықпай сөйлеу, абайлап қимылдау, жылы шыраймен «салмақтылық» көрсету арқылы жеке тұлға өзінің байсалдылығын (ақылдылығын) көрсетеді. Сезімтал жастар мұндай мінезден үлгі алады. Байсалды мінез аңғарымпаздықты көрсетеді. Байсалды мінезді тұлға әр нәрсенің «байыбына барып» сөйлейді, байыпты іс-әрекет жасайды. Айналасының көңіліне көркемдік құятын байсалдылықты жұрт сүйсіне қабылдап, үлгі тұтады.

Бауырмалдық: қазақтың ұлттық психологиясына тән имандылық қасиеттің ерекше бір көрінісі – бауырмалдық. Жеке тұлғаның мейірімділігінен, қайырымдылығынан, қамқорлығынан, сүйіспеншілігінен, ынтымақтығынан, ұлттық мақтаншынан пайда болатын бұл мінез оның адами асыл қасиетін көрсетіп, беделін арттырады.

Отбасындағы әрбір тұлға бір-біріне мейірімді болуға тиіс. Ағайындардың бір-біріне көрсеткен мейіршапағаты олардың адамгершілік абыройын арттырады. Мейірімді жандар жанұяға жарқын нұрын төгіп, бейіл-берекені арттырады. Ағаның ініге, қарындасқа деген, әп-көнің ініге деген, сіңліге деген мейірімділігі күннің шуағындай әсер етіп, татулық татымын арттырып, бақыт бағына ендіреді. Бауырмашыл адам қайырымды болады. Ол жақын адамдарға әрқашан көмек көрсетіп, қиындығын бөлісіп, шаттығын бірге көреді. Үлкеннің кішіге деген қайырымдылығы кішінің мейіршапағатын арттырады.

Имандылық: имандылық бұл инабаттылық, ізеттілік, әдептілікті, мейірімділікті, тазалықты, діндарлықты көрсететін бұл ұлттық мінез қазақ халқының ұлттық психологиясына тән құбылыс. Иман арабша «сенім» адам арына, Аллаға сенім.

Иманды адам – инабатты адам. Ол басқа адамның қасиетін қадірлейді, арын ардақтайды, адам баласына тек жақсылық жасауға иманды адамнан басқалар байыппен қарап үлгі-өнеге алады. «Иманы бардың – сыйламы бар» деп, халық иманды адамды сыйлау құрметін жоғары бағалайды.

«Үлкенге – құрмет, кішіге – ізет» деп, халық имандылық қасиеттерін ұрпаққа үлгі етіп көрсетеді. «Кішілігім сыйланым, кісілігім иманым» деп, ақын кісілік үлгісі арқылы ұрпағын ұлылыққа тәрбиелейді. Имандылық – адамгершіліктің арлы бейнесі. Имандылық әдептілікті көрсетеді. Ұлттық әдептілікті сақтаған иманды тұлға әдеппен сөйлейді, әдепті сақтайды, ұлттық мәдениетті құлшына құрметтеп, өзінің мәдениеттілігін, әдептілігін көрсетеді.

Иманды адамның жаны таза, тәні таза, бойы таза, пиғылы таза болады. Тазалық пен тақуалықтың арқасында, денсаулығы мықты, жансаулығы құтты болады. Діни қағидалардың тәрбиелік мәніне зер салып, оны тәлім-тәрбиеге қолдана білетін, адамдық асыл қасиетті тұлға, басқаларды да бақытты болуға баурайды. Біз ұлттық тәрбиеде имандылықты жастардың бойына сіңіру тәсілдерін қолданамыз.

Кішіпейілділік: Мейірімділікті, сый-құрметті, қайырымдылықты, әдептілікті, инабаттылықты, ізеттілікті, мәдениеттілікті көрсететін бұл ұлттық (қазақи) мінез – адами игі қасиеттерді айқын көрсетеді, адамды сүйіндіреді.

Кішіпейілді адам мейірімді болады, ол басқа адамдарға мейіршапағатын төгіп, олардың жақсылығына қуанып, «ұлық болсаң, кішік бол» деген қағиданы берік ұстанады.

Кішіпейіл адам кішіні сыйлайды, үлкенді құрметтейді. Ол «үлкендігін», «мансабын» бұлдамайды, жаны жарқын, сөзі жылы, жайдары бейнесімен жұртты сүйіндіріп, көңілін көтереді.

Жанашыр, қайырымды іс-әрекеттермен кішіпейілді, ол адам адалдығын ардақтап, қадірлеп, қамқорлық жасайды. «Жақынды жаттай сыйла, жат өзінен түңілісін» деп, халық кішіпейілділік мінездің қадір-қасиетін уағыздайды. Кішіпейілді мінезді ұяндықпен, ұялшақтықпен шатастыруға болмайды. Кішіпейілді мінез жасанды болмайды, жан дүниенің жарқындығын көрсетіп тұратын бұл мінезді халық үлгі-өнеге тұтады. «Кішіпейілдіктен кішіреймейсің» дейді халық. «Кісілік кішіліктен танылады» деген халық қағидаларын ұлттық тәрбиеде қолдану арқылы біз ұлттық тұлғаның кішіпейілділігін қалыптастырамыз.

Қайсарлық: Әдептілікті, батылдықты, қайсарлықты, қаһарлықты, қажырлықты, өткірлікті көрсететін көрікті мінезді айқындайды. Қайсар жан шындық үшін жанын қиятын әділетті болады. «Қорғай білсең шындықты, сонда сенсің шын мықты» деп, халық шындықты қорғай білетін тұлғаны жақсы көреді. Қайсарлықтың белгісі – батылдық. Батыл адам қиындықтан қымсынбайды, жақсыны жанындай бағалайды. Қайсар жігіт «айтпайды, – айтқанынан қайтпайды» деп, халық қайсар адамның сөзі – берік, бірсөзді, табанды болатынын өнеге тұтады, мадақтайды, мақтайды.

Қайсар адам қажырлы болады, ол қандай қиындық болса да, «қиып түседі». Ол өз ісіне жауапкершілікпен қарап, айтқанын атқарады, дегеніне жетеді, әрбір істің қалпын біліп, оны қажырлықпен орындайды. «Әр істің қалпын біл, арыстың салтын біл» дейді халық. Мұны қайсар адам өнеге тұтады.

Қайсарлықты дөрекілікпен шатастыруға болмайды. Қайсар адам әдептілігімен сыйланады, әділеттілігімен құрметтеледі. «Бас кеспек бар болса да, тіл кеспек жоқ» деп, қайсар адам әділ айтады, әдепті сөйлейді. Оны үлкен-кіші ізеттілікпен құрметтеп, үлгі алады. Қайсарлық мінездің қажырлы қасиеттерін мысалдар арқылы дәлелдеп, жастарды қайсарлыққа тәрбиелейміз.

Қорыта айтқанда, жоғарыда үкіметтік бағдарламаларға, елбасымыздың еңбектеріне, қазақ зиялылары мен ғалымдардың ұлттық тәлім-тәрбие, ұлттық мінез бітістерінің кейбір ерекшеліктері туралы ой-пікірлеріне талдау жасалынды. Халқымыз өз ұрпағына осы қастерлі қасиеттерді ес білген кезінен бастап үйретіп, мұны тұрмыстық салтқа, адамгершілік дәстүрге айналдырып отыруға тырысқан.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 12 сәуір 2017 ж. <http://www.akorda.kz>
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында халық, //«Егемен Қазақстан» газеті, бмау сым, 2013 ж.
3. Жандильдин Н. Д. Природа национальной психологии. – Алма-Ата, 1981. – 304 с.
4. Баласұғын Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986. – 178-б.
5. Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші. – Орынбор, 1924. – 34. б.
6. Құнанбаев А, Шығармаларының тол. жинағы, 2 т. – Алматы, 1954. – 330 б.
7. Кон И.С. К проблеме национального характера // И.С. Кон. Социологическая психология. – Воронеж, 1999, 250 с.
8. Калмырзаев А. Национальный менталитет и национальный дух // Мысль. – 2000. – № 8
9. Ламажаа Ч. К. (2013 б.) К вопросу о национальном характере народов Центральной Азии // Знание. Понимание. Умение. № 3. – С. 99-108.

А.К. Егенисова¹, С.Д. Махметова²

^{1,2} *Каспийский государственный университет технологий и инженеринга имени Ш.Есенова*

ПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ НАЦИОНАЛЬНОГО ХАРАКТЕРА КАЗАХСКОГО НАРОДА

Аннотация

В этой статье анализируются работы общественных деятелей, ученых, великих педагогов, которые изучали вопросы формирования национального характера, описывается национальный характер и психологические особенности казахского народа. Рассматриваются недостатки человеческого поведения, а именно характеризуются и сравниваются «поведенческий характер» и «поведенческое превосходство».

Также в статье говорится о национальном самосознании, национальных чувствах, национальном достоинстве, гордости нации как о составляющих элементах национальной психологии. Дается характеристика некоторым аспектам казахского национального характера: достоинство, красноречие, патриотизм, вежливость, гостеприимство, искренность, благотворительность, мужество и т. д

Ключевые слова: национальность, характер, национальное самосознание, красноречие, патриотизм, вежливость, доброжелательность, искренность, братство, милосердие, мужество, нравственность, гостеприимство, благотворительность, смирение.

A.K. Yegenisova,¹ S.D. Makhmetova²

^{1,2} *Caspian state university of technology and engineering named after Sh. Yessenova
Aktau, Kazakhstan*

PSYCHOLOGICAL FEATURES OF THE NATIONAL CHARACTER OF THE KAZAKH PEOPLE

Abstract

This article analyzes the work of public figures, scientists, great educators, who studied the formation of national character, and describe the national character and psychological characteristics. Disadvantages of human behavior, characterized by "characteristic features" and behavioral characteristics, are characterized by "behavioral superiority."

At the same time, one of the components of our national psychology is national self-awareness, national feelings, national dignity, the pride of the nation. Some aspects of Kazakh nationality: dignity, eloquence, patriotism, politeness, hospitality, sincerity, charity, etc. are characterized by properties.

Key words: nationality, character, national consciousness, eloquence, patriotism, politeness, benevolence, sincerity, brotherhood, charity, morality, hospitality, charity, humility.

Э.Д. Абишева¹, М.А. Қуанәлі²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан.

ЖЕКЕЛЕП ОҚЫТУ – БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҚЫЛ-ОЙ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аңдатпа

Бұл мақалада білім беру жүйесіндегі жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялардың бірі жекелеп оқыту – бастауыш сынып оқушыларының ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыру құралы ретіндегі мәселелер сипатталады. Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының ақыл-ойын қалыптастыру саналы деңгейге көтеру, жан-жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу мұғалімдер мен психологтар алдына міндеттерді жүктейді. Бастауыш сыныпта балаға жекелеп оқытуды қолдану барысында, олардың танымдық процестері мен ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыруға; сабақты жоғары эстетикалық дәрежеде өткізуге (әуен, анимация); оқушыға түрлі деңгейдегі тапсырмалар бере отырып, жекелей жұмыс жасауға мүмкіндіктер беретін бағыттары анықталады.

Кілттік сөздер: жаңа психологиялық-педагогикалық технологиялар, жекелеп оқыту, бастауыш сынып оқушылары, ақыл-ойын қалыптастыру, оқыту үрдісін жетілдіру, жеке тұлғаны қалыптастыру, жекелей жұмыс жасау, мүмкіндіктер мен бағыттар.

Білім беру жүйесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы оқыту үрдісін жетілдіру, оқушының ақыл-ой қабілетін қалыптастыру саналы деңгейге көтеру – бүгінгі күнгі өзекті мәселе. Білімді жеке тұлғаға бағыттау, оқушыны жекелеп оқыту оның өзін-өзі тануын, өзін-өзі жетілдіруін, ақыл-ой қабілетін қалыптастыруына, яғни, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны жаңашыл іс-әрекетке жетелеп отыр. Ал, бастауыш сынып үшін бұл білімнің мақсаттарын анықтатаудағы басымдылықтарының ауысуы: мектепте алғашқы сатыда білім алу мен тәрбиенің нәтижелерінің бірі ол – жекелеп оқыту арқылы мұғалім балаға заманауи технологияны меңгерте отырып білім алуға дайындау болып табылады.

Осыларды жүзеге асыру мақсатында бастауыш сынып мұғалімінің тәжірибелік қызметінде балаларды үйрету үшін білім беру мен тәрбие жұмыстарында жекелеп оқыту технологияларын қолданудың қажеттілігі туындап отыр. Жекелеп оқыту жетістігі – баланың ақыл-ой қабілеті мен оқу қызметінің желісін, әдісі мен мазмұнын өз қабілетіне қарай бейімделуіне мүмкіндік береді. Бастауыш сыныпта жекелеп оқытуды қолдану сабақты біржақты түсіндіруден екі жақты байланыс арқылы түсіндіруге ауысады. Бұнда оқушы оқу үрдісіне белсенді қатысу арқылы берілген материалдарды оңай меңгеруге мүмкіндік алады. Балалар «сабақты түсіну қиын деген» ойларынан оңай арылады. Бастауыш сыныпта балаға жекелеп оқытуды қолдану мынадай мүмкіндіктер береді:

- оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға;
- сабақты жоғары эстетикалық дәрежеде өткізуге (әуен, анимация);
- оқушыға түрлі деңгейдегі тапсырмалар бере отырып жекелей жұмыс жасау.

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – оқушылардың оқу материалдарын толық меңгеруі үшін оқу материалдарының практикалық жағынан тиімді ұсынылуына мүмкіндік беру. Бүгінгі таңда мектеп пәндерін компьютер көмегімен оқыту нәтижелігін зерттеудегі ғылыми проблемалар ең басты орын алады.

Жаңа технология түрлерін ағылшын тілі пәнінің сабақтарында пайдалану, оқушының шығармашылық, интеллектік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Жаңа технологияны қолдану мына кезеңдер арқылы іске асады:

- I кезең: оқып-үйрену;
- II кезең: меңгеру;
- III кезең: өмірге ендіру;
- IV кезең: қалыптастыру.

Жаңа педагогикалық технология мақсаты – оқытуды ізгілендіруі, яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек. Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп. Бастауыш сынып оқушыларын жекелеп оқытуда ақыл-ой қабілеттерін қалыптастыру үшін тиімді етіп пайдалану ұстаз білімділігіне байланысты. *Жаңа педагогикалық технологиялардың бірі - жекелеп оқыту технологиясы.* Жекелеп оқыту – оқу үрдісін ұйымдастырудың төмендегідей түрлері мен үлгілерін қарастырады:

- мұғалім бір ғана оқушымен жұмыс істейді;

- оқушы тек оқу құралдары мен өзара қатынаста (оқулықтар, компьютер, т.б.) болады.

«Жекелеп оқыту - балалардың жекедаралық ерекшеліктерімен қатар, әрбір оқушының потенциалды мүмкіндіктерінің жүзеге асуын қамтамасыз етіп, оқу үрдісін ұйымдастыру» [1, 359 б.].

И.Э. Унт осындай мәселелерге қатысты айналысқан ғалымдардың бірі ретінде, «индивидуализация» ұғымына төмендегідей анықтама береді: «Индивидуализация – это учет в процессе обучения индивидуальных особенностей учащихся во всех его формах и методах, независимо от того, какие особенности и в какой мере учитываются» [2, 31 б.].

Осылайша, «Педагогикалық энциклопедияны» құрастырушылар және И.Э. Унт жекелеп оқыту ұғымын бірдей қарастырады, яғни оқыту үрдісінде оқушылардың жекедаралық ерекшеліктерін ескеру керек деп түсінді. Осындай мәселемен шұғылданған әртүрлі педагогтар мен ғалымдардың осы ұғымдарға берген көзқарастарына тоқталып көрелік. Мәселен, Г.К. Селевко, өзінің монографиясында «Современные образовательные технологии» жекелеп оқытуды - оқушылардың жекедаралық ерекшеліктерін ескеріп, оқыту темпін, тәсілдері мен әдістерін таңдай отырып, оқыту үрдісін ұйымдастыру ретінде қарастырады [3, 92 б.] А.А. Бударный, А.А. Кирсанов, Е.С. Рабунскийлердің көзқарасы бойынша, жекелеп оқытуда әрбір оқушының жекедаралық ерекшеліктерін ескеру шарт емес, ең бастысы, зерттеушілердің пікірінше, көбінесе, топтағы оқушылардың қандай да бір ұқсастық сапаларының жиынтықтарына қараумен шектеледі. Мәселен, Кирсанов, жекелеп оқыту жұмысын «дидактикалық және тәрбиелеу тәсілдерінің жүйесіне сәйкес, іс-әрекет мақсаттары мен сынып ұжымының шынайы танымдық мүмкіндіктеріне қарай, жеке оқушылар мен топтағы оқушыларды оқыту мақсатын ескере отырып, олардың потенциалды мүмкіндіктерінің деңгейіне сәйкес, оқу іс-әрекеттерімен қамтамасыз ету болып табылады» деп қарастырады [4,138 б.].

Л.С. Выготский: «Әр баланың өзінің деңгейі болатындай әр балаға берілетін тапсырманың көлемі оның деңгейіне лайықталып беріледі. Әр баланың өзінің даму зонасында жетілдіру керек» деген екен. Сондықтан әр баланың жан дүниесіне үнілуден бастап, өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, біліп алған соң, олардың қабылдау деңгейіне қарай іріктеп, талдап, қолданамыз. Оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау қажет. Бала ойын барысында айнала құбылыс сырын танып сезінеді, себеп-салдарлық байланысты және тәуелділікті анықтауға тырысады. Айналадағы өмір құбылыстарын, ерекшеліктерін байқай отырып, білуге қызығушылығы туындайды, осы сезім оны талпыныстарға жетелейді. Ойын негізінде ойлай отырып, тапсырмалары өзінше зерттеп, орындау, өзінше шешім жасау өз ойындағысын айту жағдайларына мүмкіндік туғызылса ғана бала еркін ойлы, өзіне сенімді, ерік-жігерлі, дүние танымы кеңейген, сөйлеу тілі жақсы қалыптасқан, болашаққа қызығушылығы оянған дара тұлға ретінде жан-жақты дами алады. Ойлау қабілетін қалыптастыруға арналған ойын түрлерінің оқу, жазу, тіл қалыптастыру, сабақтарында қосатын үлесі зор. Мысалы: «Бұл не?» ойынын алайық. Бұл ойынның мақсаты балаларға сөздердің дыбыстық құрамын анықтай білуге және кеспе әріптерден сөз құрай білу дағдыларын қалыптастыруға үйретеді. Ойын ережесі: суреттердің атын атап, алғашқы дыбысын оның қандай дыбыс екенін табу керек. Мысалы: алма, өрік. Енді осы сөздерді кеспе әріптерден тауып құрау керек.

«Бұл кім? Бұл не?» ойыны.

Плакатқа кім? сұрағының астына адам, не? сұрағының астына ойыншық бейнеленіп, қалташалар жасалады. Оқушы, қыз, машина, доп, ата, әже, үстел, орындық т.б. суреттерін өз орындарындағы қалташаларға салады. Сөйлем құрап дыбыстық талдау жасалады, буынға бөлінеді. «Сөз ойла, тез ойла» бұл ойынды кез келген әріпті өткенде пайдалануға болады. Мысалы: «А» дыбысын өткенде «А» дыбысынан басталатын сөз ойлау, оған белгілі уақыт белгілеп, кімнің көп сөз ойлағанын айту. «Ойлан, тап» ойыны. Сөздің бірінші буынын атап, балалар ары қарай жалғастырып табады. Мысалы: дөп-тер, мек-теп, ша-на т.б. «Қай буынды, қай әріпті жоғалттым?»

Бұл ойын сөздерді дұрыс айтып, қатесіз жазуға үйретеді. Әріп, буын түсіп қалған сөздер беріледі. Балалар қай әріп, қай буын жоқ екенін өздері тауып айтады.

Баланың ақыл-ойының дамуы тек белгілі бір білім көлеміне емес, танымдық іс-әрекет амалдары мен тәсілдерін игерумен бірге еске сақтау, ойлау, елестету, танымдық шығармашылық қабілеттерінің дамуын тұтас қамтиды. Бала дамуы үшін есте сақтауы мен ойлау қабілетінің мәні өте зор. Бұлардың бәрі қоршаған орта мен білім, білік дағдысының қалыптасуы, есте сақтау және ойлау қабілетімен тығыз байланысты. Өзгеріске, жаңалыққа толы бүгінгі заман талабы мұғалімге мен психологтарға алдында отырған бірі шапшаң, бірі баяу, енді біреулері төмен қабылдайтын зейіні, қабылдауы, еске сақтауы, ойлауы әр қилы шәкірттердің жүрегіне жол таба білетін білім біліктілігі жоғары, жаңашыл, ізденімпаз ерен қасиет иесі болуды міндеттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Российская педагогическая энциклопедия.* – М.: Научное общество, 1993. – Т.1.
2. Унт И.Э. *Индивидуализация и дифференциация обучения [Текст] / И. Э Унт.* – М.: Педагогика, 1990.
3. Селевко Г.К. *Современные образовательные технологии: Учебное пособия [Текст] / Г. К. Селевко.* – М.: Народное образование, 1998.
4. Кирсанов А.А. *Психологические основы индивидуализации учебной деятельности школьников [Текст] / А.А. Кирсанов.* – Казань, 1980.

Абишева Э.Д.¹, Қуанали М.А.²

^{1,2} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

ИНДИВИДУАЛИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ УМСТВЕННЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ

Аннотация

В данной статье рассматриваются основные вопросы, связанные с умственным развитием учеников начального класса, также индивидуальное обучение, как одно из актуальных психолого-педагогических приемов в системе образования. Благодаря внедрению инновационных технологий в систему образования предусматриваются такие меры по совершенствованию учебного процесса, как: рациональный подход в формировании умственных деятельности способностей ученика, воспитание личности и осведомление преподавателей и психологов новшествами и дополнительными обязанностями. Таким образом, индивидуальное обучение детей начальных классов будет способствовать умственному развитию и повышению познавательной активности учащихся, а новейшие технологии – проведению занятий на высшем методическом уровне, также будут определены курсы индивидуальных работ, поддерживаемые упражнениями разной сложности.

Ключевые слова: новые психолого-педагогические приемы, индивидуальное обучение, ученики начального класса, интеллектуальное развитие, совершенствование учебного процесса, воспитание личности, индивидуальная работа, возможности и направления.

E.D. Abisheva¹, M.A. Kuanali²

^{1,2} *Abay Kazakh National Pedagogical University after Abay*

INDIVIDUALIZATION OF TRAINING AS MEANS FOR FORMATION MENTAL ABILITIES OF PRIMARY SCHOOL PUPILS

Abstract

In this article there is considered main issues of education system related to the development of mental skills of student, also the individual training is mentioned as one of the new psychological-pedagogical methods. By the implementation of new innovative technologies at the education system, there are discussed actions designed to improve educational processes as a rational approach at the development of intellectual facilities of student, comprehensive education of the personality and informing of instructors about contemporary innovation and additional responsibilities. Thus, the individual trainings of a student of beginner grades contribute to their mental development and boost of cognitive skills, also innovative technologies lead to the high aesthetic level of conducting of classes. There are determined courses of individual works provided by exercise with various degree of complexity.

Key words: new psychological-pedagogical methods, individual training, students of beginner grades, development of mental skills, improvement of educational processes, personality upbringing, individual work, opportunities and courses.

Э.Д. Абишева¹, М.А. Қуанәлі²

^{1,2} Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПСИХОЛОГТАРДЫҢ КӘСІБИ-МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛЫҚ САПАСЫ

Аңдатпа

Мақалада болашақ психологтардың кәсіби маңызды сапаларын қарастырған ресейлік және отандық ғалымдардың зерттеулері талданады. Кәсіби маңызды сапалардың жіктемесі қарастырылады. Кәсіби жетілуге қол жеткізудің үш деңгейі анықталады. Ең алдымен адамның өзін-өзі кәсіби тұрғыда анықтауы, екіншіден, кәсіби сапалардың мамандықтың талаптарына сәйкестендірілуі, үшіншіден, кәсіби дамуда мінсіздіктің жоғары деңгейіне қол жеткізумен анықталады.

Қазіргі таңда кәсіби кадрларды дайындау проблемасын шешудің жаңа жолдары қарастырылуда. Әсіресе психолог мамандарды даярлау, олардың кәсіби маңызды сапаларын дамыту психология ғылымындағы өзекті мәселелердің бірінен саналады. Қоғамда психолог мамандарына деген сұраныс аса жоғары. Психолог мамандарды даярлау жоғары оқу орнының білім беру ортасымен байланысты. ЖОО-да болашақ психологтар кәсіби маңызды сапаларын дамыту барысында білімдер мен іскерліктердің және дағдылардың нақты жиынын меңгерумен қатар, үйлесімді кәсіби дамуды да қамтамасыз етуі қажет.

Кілттік сөздер: кәсіби маңызды сапалар, жеке-дара психикалық қызметтер, интеллект, өзін-өзі бақылау, перфекционизм, мінез-құлықтық құрылым, эмоциялы-бағалаушы құрылым, когнитивті құрылым, кәсіби даму, өзін-өзі бағалау, кәсіби сана-сезім, кәсіби даму.

Әлемдік жаһандану үдерісі қарқындап дамып, еліміздің дамыған мемлекеттер қатарына қосылуы, сондай-ақ қоғамды ақпараттандырудан туындаған өзгерістер оның барлық салаларымен қатар психологиялық, өндіріс пен әлеуметтік саладағы мамандықтарға қойылатын талаптар күшеюде. Сондықтан, психолог мамандардың кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қазіргі еңбек нарығында мамандардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуға негізделеді. Осы тұрғыда әрбір психологтың жеке тұлғасын қалыптастыру талап етіледі.

Білім беру үдерісін психологиялық қамтамасыз ету бүгінгі таңда жоғары сұранысқа ие болып отыр. Бұл қазіргі қоғамдағы адам факторы рөлінің жоғарылауымен, қоғамның өзгермелі жағдайында өз өмірі үшін жауапкершілікті сезінуге, еңбек нарығында практикалық іскерліктер мен дағдыларды игерген болашақ психолог маманның қалыптасуымен байланысты. Кәсіби бағыттылықтың пайда болуының жайы Л.И. Божовичте көрсетілгендей жалпы түрде сол шаққа дейін және тұлғада қалыптасқан сапалармен, көзқарастармен, ұмтылыстармен және басынан өткізген қайғыруларымен т.б. шарттанған [1,42 б.].

И.Д. Левитов жеке тұлғаның бағыттылығын адамның өмірі мен әрекетіне ықпал ететіндей оның шынайылыққа қатынасы ретінде түсіндіреді [2, 101 б.].

В.С. Мерлиннің айтуынша, жеке адам сипаттамасында ең маңыздысы және негізгісі – оның бағыттылығы, яғни жеке адам өмірінің жалпы бағыты мен барлық белсенді шығармашылық іс-әрекеті соған байланысты. Жеке адам бағыттылығына мінезінің қасиеттері, тіпті қабілеттерінің дамуына, әлеуметтік және адамгершілік құндылықтары да байланысты [3, 39 б.].

Психологиялық кәсіби сапаларды психолог жоғары оқу орнында қалыптастырып, жетілдіруі тиіс. Яғни, маманның кәсіпке бейімделуі еңбек ұйымында емес, жоғары оқу орнында мақсатты жүргізілуі тиіс. Мамандыққа бейімделудің негізі оқу орны қабырғасынан басталуы соғұрлым сапалы нәтиже берері хақ. Себебі, ол білім алушыға теориялық білімді оқу орны қабырғасында жүйелеуге, мерзімінде тапсырмаларды орындауға және іскерліктерін кәсіптік тәжірибеде пайдалануына жағдай жасайды. Сонымен қатар, болашақ мамандар жағымды қарым-қатынас орнатуға аса икемді келеді. Мамандыққа бейімделуді қызмет орнында жүргізу бейімделуге арнайы уақыттың берілмеуіне және бұған дейінгі жинақталған тәжірибені өзгертудің ауырлығына байланысты нәтижесін кеш немесе бұрыс нәтижеге (маманның жағымсыз психикалық күйіне, еңбекке қабілеті мен қызығушылығының төмендеуіне, ұжымдағы шиеленісті қарым-қатынастың орнауына) жеткізеді. Болашақ психолог мамандығына бейімделуде, бастысы, маманның кәсібін қабылдауы, қызығушылығының жоғарылығы, мақсаттылығы, соған сәйкес ерік-жігер сапаларының дұрыс жолға қойылуы болып табылады. Сондай-ақ, гуманистік бағыттылық – болашақ психолог

кәсібінің негізі болады. Сондықтан, «адам-адам» жүйесіндегі кез келген мамандықта, әсіресе психологтың бойында ізгілікке бағыттылық шартты болып табылады.

А.А. Кондрацкийдің еңбегінде тәуекелге бел байлау қатынасы мен кәсіби оқудың табыстылығы арасындағы байланыс қарастырылған. Барлық жағдайда да осы қасиеттің соңғы, шеткі мәндері жарамсыз көрінеді. Жоғары бағалау машықтанған маманның іс-әрекетінің аффективті жоспармен негізделетінін көрсетеді жағдайдың талабы мен өз мүмкіндіктерін бағалау тән. Төмен бағалар шешім қабылдаудан қорқу, баяулық және енжарлықпен байланысты. Осы екі жағдайда да іс-әрекеттегі мүмкін болатын болжам бұзылған. Бұдан туындайтын нәтиже - жалпы тәуелділіктің барынша төмендеуі [4,133 б.].

М.Б. Жапбасбаева зерттеулерінде: «Педагог-психолог мамандығының екі табиғаты бар. Кәсіби маңызды сапалар педагогтың да, психологтың да кәсіби сапаларының жиынтығынан құрылып, маман тұлғасының тұтастығын бейнелейді», - деп көрсетілген [5]. Эмоциялы факторлар әсер етуінде іс-әрекеттің қолайлы көрсеткіштерін сақтай білу қабілеті ретіндегі эмоциялы тұрақтылық та көбіне өзін-өзі бағалау ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Ол биологиялық тұрғыдан шарттанған қасиет, мазасызданумен де өте тығыз байланысты. Кей кездері тепераменттің қасиеті ретінде қарастырылатын осы екі сапа да көбіне жеке сипаттамалар түрінде іс-әрекеттің көптеген түрі мен үнемі болатын кәсіби іс-әрекеттің көп түрінде де кәсіби тұрғыда аса маңызды болып саналады. Осындай тәуелділік іс-әрекеттің табыстылығы мен эмоциялы тұрақтылық арасында жиі байқалады. Психологтың негізгі мақсаты оқу-тәрбие үдерісіне қатысушылардың психологиялық денсаулығына, өзара қарым-қатынасына және өзін-өзі жетілдіруіне жағымды жағдай тудыру болып табылады. Жоғары оқу орнын психологиялық қамтамасыз ету міндеттері студенттік ортада жағымды психологиялық климат тудырумен, білім беру үдерісі субъектілерінің мәдениетін қалыптастырумен, әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдаумен және білім алушылардың өзін-өзі тәрбиелеуі мен жетілдіруіне ақпал жасаумен анықталады.

Жоғары оқу орнының білім алушылары әр түрлі сұрақтар бойынша психологиялық көмекке жүгінеді, олар:

- оқудағы үлгермеушілік;
- өзін-өзі анықтау, өзін-өзі кәсіби жетілдіру және кәсіби бағдар;
- студенттік ортадағы қарым-қатынас;
- ата-аналарымен қарым-қатынас, отбасындағы кикілжіңдер;
- өмірдің әр түрлі жағдайларында болатын стресстік күй, психологиялық бұзылулар бойынша жіктеледі.

Психологтың аталған сұрақтарға жұмыс бағыттары да сәйкесінше жүргізіледі.

1. Психологиялық ағарту жұмысы. Оның мақсаты оқытушылар мен білім алушыларды психологиялық біліммен қаруландыру, оның өмірлік маңызы мен мәнін ұғындыру болып табылады.

2. Психологиялық диагностика. Психодиагностика студенттерді тануға, олардың жеке қабілеттері мен қасиеттерін анықтауға мүмкіндік береді.

3. Психологиялық кеңес беру. Кеңес беру жұмысы педагогтар, ата-аналар мен білім алушыларға оқыту, тәрбиелеу және қарым-қатынас сұрақтары бойынша ұйымдастырылады.

4. Психологиялық түзету жұмыстары тұлғаның дамуына ықпал жасау, мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың алдын алу арқылы өткізіледі.

5. Жеке, топтық және ұжымдық формада өткізілетін психотехникалық және психотерапиялық жұмыстары білім беру үдерісі субъектілерінің өзіне сенімділігін қалыптастырудың, өзін-өзі дамытудың негізі болып табылады.

Бұл аталған жұмыс бағыттарын психология мамандығы оқу пәндерінің барысында жоспарлы ұйымдастырылуы шарт. Ол алдын-ала жүргізілетін тренингтік және пікірталас формасындағы сабақтарды өткізу барысында өзінің нәтижесін көрсетеді. Оқу пәндерінің барысында (әлеуметтік психология, психодиагностика және т.б.) әдістемелерді студенттер тәжірибеге дейін меңгеруі қажет. Сонымен қатар, әдістемелермен жұмыс бойынша, институтта кеңес беру сабақтарын ұйымдастыруға болады. Тұлғааралық қарым-қатынас орнату мәселесі бойынша, психологиялық пәндерді меңгеру барысында қарым-қатынас, кикілжіңдер және олардың алдын алу жұмыстары туралы кеңес беру ұйымдастырылуы қажет.

Қорыта келе, білім беру ұйымдарын психологиялық қамтамасыз ету психологтың шығармашылық ойлауына, болашақ кәсіби іс-әрекетіндегі мәселелерді шешуге бағытталған психологиялық төзімділікті қалыптастыруға, ұжымда этикалық қарым-қатынасты сақтауға, психологиялық рапорт орнатуға, өзін-өзі жетілдіруге, кәсіби маңызды және тұлғалық сапаларымен мамандыққа бейімделуін дамытуға негізделуі керек.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

- 1 Божович Л.И., Морозова Н.Г., Славина Л.С. Развитие мотивов учения у советских школьников. – М.: «Просвещение», 1970. – С. 45-53.
- 2 Левитов И.Л. Психология характера. – М.: «Просвещение», 1969. – С. 424.
- 3 Мерлин В.С. Очерки психологии личности. – Пермь, 1959. – 230 с.
- 4 Крондрацкий А.А. Тест для диагностики отношения оператора к принятию риска. // Вопросы психологии. 1982, №3. – 133-136 б.
- 5 Жапбасбаева М.Б. Педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетте маңызды сапалары // «Білім әлеуметтануы» II халықаралық симпозиум материалдары жинағы. – Алматы, 2013 ж.

Э.Д. Абишева¹, М.А. Қуанали²

^{1,2} *Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан*

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ВАЖНЫЕ И ЛИЧНОСТНЫЕ КАЧЕСТВА БУДУЩИХ ПСИХОЛОГОВ

Аннотация

В статье проанализированы исследования российских и отечественных исследователей, которые рассматривали профессионально-значимые и личностные качества будущих психологов. Кроме этого рассмотрены классификации профессионально-значимых качеств. Дается определение трем уровням достижения профессионального развития. Во-первых, профессиональное самоопределение личности, во-вторых, соответствие профессионально значимых качеств требованиям специальности, в-третьих, достижение высокого уровня совершенства в профессиональном развитии.

В настоящее время рассматриваются пути решения проблем подготовки профессиональных кадров. В особенности, подготовки специалистов психологов, развития их профессионально значимых качеств, являющихся одним из приоритетных проблем в психологической науке. Общество остро нуждается в специалистах психологах. Подготовка психологов зависит от образовательной среды высшего учебного заведения. В процессе развития профессионально значимых качеств будущих психологов наряду с освоением конкретного набора знаний, умений и навыков, необходимо также обеспечить гармоничное профессиональное развитие.

Ключевые слова: профессионально-значимые качества, личностные качества будущих психологов, индивидуально-психологические функции, интеллект, самоконтроль, поведенческая структура, профессиональное развитие, самооценка, профессиональное самосознание, профессиональное развитие.

E.D. Abisheva¹, M.A. Kuanali²

^{1,2} *Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

PROFESSIONAL-IMPORTANT AND PERSONAL QUALITY OF FUTURE PSYCHOLOGISTS

Abstract

The article analyzes the study of Russian and domestic researchers, who examined professionally significant qualities of future psychologists. Have considered the classifications of professional important qualities have done the definitions of three levels of achievement of professional development. Firstly, professional self-determination of the individual, secondly, compliance requirements professionlno significant qualities of specialty, in the third, a high level of excellence in professional development.

Currently are considered the ways of solving the problems of professional staff preparation. In particular, the training of psychologists, the development of their professionally significant qualities, which are the priority issues of psychological science. Society urgently needs of specialists psychologists.

Key words: professionally significant qualities, the personality of the future psychologists, individually psychological functions, intelligence, self-control, perfectionism, behavioral structure, emotional controlling structure, cognitive structure, professional development, self-esteem, professional self-consciousness, professional development.

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада фразеологизмдер жайында отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерінен кейбір теориялық мәліметтер ұсынылады. Фразеологизмдердің түрлері, оларды сөйлеу кезінде, қарым-қатынас жасау барысында қолданудың маңызы кеңінен қарастырылады. Сонымен қатар әр түрлі ұлттардың фразеологизмдерінің мағыналық жағынан қарағанда этнопсихологиялық ерекшеліктеріне назар аударылады. Орыс ғалымы В.В. Виноградов ұсынған фразеологизмдер классификациясына сәйкес, оның 3 түрі нақты мысалдармен талданып көрсетіледі. Сондай-ақ, қазақ тіліндегі фразеологизмдерге қатысты мәселеге кеңінен тоқталудың себебін автор әр тілдің фразеологизмдер жүйесі сан ғасырлар бойы халықтың санасында қалыптасқан түсініктерден құралатындығымен түсіндіреді. Оған себеп болған тарихи оқиғалар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық қоры әр халықта әр түрлі болатындығын алға тартады.

Түйін сөздер: фразеология, этнопсихологиялық ерекшелік, ұлттық таным, фразеологиялық тұтастық, фразеологиялықбірлік, фразеологиялық тізбек.

Фразеологизмнің анықтамасын беруге деген талпыныстар XIX ғасырда басталғанымен, неміс фразеолог ғалымы В.Флайшердің байқауынша фразеологиялық терминологияда күні бүгінге дейін ортақ анықтаманың жоқтығын, қарама-қайшылықтарды көруге болады [1]. Орыс ғалымы А.И. Молотков та орыс тіліндегі фразеологизмдерге қатысты ғалымдардың әртүрлі анықтамалары мен ұстанымдарының нәтижесінде бұл саладағы зерттеулердің жеткіліксіздігін меңзейді [2].

Айырмашылықтар фразеологизмнің анықтамасын беруде ғана емес, оның белгілерін айқындауда да бар. «В глубь поговорки» кітабының басында В.М. Мокиенко [3] фразеологияның шекараларын анықтауда басты үш бағытты келтіреді:

1) фразеологизмдер – жалпылай ауыспалы мағынаға ие, бір-бірінен ажыратуға болмайтын сөздер жиынтығы;

2) фразеологизмдер – дайын күйінде қолданылатын барлық сөз тіркестері (мысалы: қайырлы таң, қайырлы күн, қош келдіңіз және т.б. осы іспеттес тіркестер);

3) фразеологизмдер – қарым-қатынас барысында пайда болатын емес, адам санасынан толықтай алынып, сол күйінде қолданылатын барлық сөз тіркестері.

Фразеологизм түсінігін анықтаудың негізгі міндетін фразеологизм сөздер мен еркін сөз тіркестерінің бір-бірінен аражігін ажырату деп білетін Н.М. Шанскийдің айтуынша [4]: «Фразеологиялық тіркес – дайын күйінде адам жадынан алынып қолданылатын, екі немесе одан да көп құрамдас бөлшектерден тұратын, мағынасы, құрамы мен құрылымы белгіленген тілдік бірлік».

Фразеологиялық тіркес үнемі бірдей және өзгермейтін құрамдас бөліктерден тұрады. Олар қатаң тәртіпшен бірінен кейін бірі орналасып, өзара тығыз байланысады. Бұл тілдік бірліктер сөз арасында қолданылған сәтте өзіне тән белгілі мағынаны береді:

1) сөйлесу барысында пайда болмайды, адам жадынан алынып қолданылады;

2) оларға мағынасы, құрамы және құрылымындағы тұрақтылық тән;

3) бұлардың құрамындағы сөздер бөлек қолданылған жағдайда өзге мағынаны береді. Демек, фразеологизмдер – бірігіп тұтас мағынаны беретін, ортақ синтаксистік қызмет атқаратын тұрақты, адам жадынан алынып қолданылатын бейнелі сөздер. Олар сөзге айрықша мәнерлілік беріп, ұлттың ерекшеліктерін айқындап, басқа тілдерден өзгешелігін білдіреді. Фразеологизмдерсіз айтылған сөз құрғақ, әрі дәмсіз болады және адамның сезімдерін білдіре алмайды. Ал фразеологизмдерді меңгеру – өте қиын үдеріс. Мұның себебі фразеологизм құрамындағы сөздердің тура мағынада қолданылмайтындығында. Өйткені тұтас бір құрылымның бөлшектері болып табылатын сөздер мақсат етілген ортақ бір мағынаны ғана береді. Фразеологизмдерге келесідей сөз тіркестері жатады: идиомалар (тұрақты сөз тіркестері – көре алмау – қызғану, іші күйу – өкіну, қол ұшын беру – көмектесу, т.б.); коллокациялар (шешім қабылдау, сұрақ қою, жауап алу, негізін қалау); мақалдар (кең болсаң, кем болмайсың, жат жердің қаршығасынан өз еліңнің қарғасы артық, ділмардың сөзі ұстаның бізінен өткір, т.б.); мәтелдер (алажағым кетсе де, айташағым кетпесін, екі жарты – бір бүтін, жыланның уы басында, бейқамның жауы қасында, т.б.), грамматикалық фразеологизмдер (қалай болған күнде де, кез келген жағдайда, т.б.). Фразеологиялық

бірліктер әр түрлі сөз таптарының қызметін атқаруы мүмкін. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді қандай да бір сөз табына жатқызу мәселесіне қатысты Р.Жайсақова, Ә.Қайдаров, Ә.Болғанбаев, Г.Смағұлова сынды отандық ғалымдар өз ұсыныстарын білдірген [5]. Мысалы, Ә.Болғанбаев қазақ тіліндегі фразеологизмдерді сөз табына қатыстылығы жағынан төрт топқа бөледі: 1) етістікті мағыналы фразеологизмдер; 2) сындық мағыналы фразеологизмдер; 3) заттық мағыналы фразеологизмдер; 4) үстеу мағыналы фразеологизмдер. Фразеологизмдерді белгілі бір сөз табына жатқызу мәселесінде компоненттер құрамының беретін мағынасына, морфологиялық табиғатына, синтаксистік қызметіне көңіл бөлу керектігін айта келіп Г.Смағұлова алты топқа бөледі: 1. Етістік мағыналы фразеологизмдер. 2. Есім мағыналы фразеологизмдер.

1. Үстеу мағыналы фразеологизмдер.
2. Одағай тұлғалы фразеологизмдер.
3. Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған фразеологизмдер.
4. Сөйлеу дағдысына қолданылатын фразеологизмдер [5,6].

Фразеологизмдерді белгілі бір сөз табына жіктеуде бұрын-соңды айтылған пікірлерді ескере отырып, төмендегідей топтарды айтуымызға болады:

1. Етістік мәнді фразеологизмдер.
2. Есімді фразеологизмдер.
3. Үстеу мәнді фразеологизмдер.
4. Әртүрлі сөз таптарынан жасалған фразеологизмдер.

Қазіргі қазақ фразеологизмдерін зерттеу І.Кенесбаев көрсеткен барлық бағытта жүріп жатыр [5]. Олар мынандай бағыттар: фразеологизмдердің басқа құбылыстардан айырмашылығы, фразеологиялық мағынаның қалыптасуы, олардың ішкі құрылымы, фразеологизм және синонимия, фразеологизмнің стильдік ерекшеліктері, фразеологизмдерді жеке автродың қолдануы т.б.

Негізінен, қазақ тіл білімінде фразеологизмдерді арнайы теориялық тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың ортасынан басталып, бүгінгі күнге дейін зерттеушілер назарына ілігіп, зерттеу объектісіне айналып, әлі толастамай келеді. Осы уақыттағы зерттеулерді шартты түрде төрт кезеңге бөлуге болады:

- ХХ ғасырдың ортасы мен 60 жылдар арасы – қазақ фразеологиясын теориялық жағынан зерттеудің алғашқы кезеңі.

- 60-70 жылдар – қазақ фразеологизмдерін классификациялау, жеке авторлар еңбектеріндегі фразеологизмдер жайы.

- ХХ ғасырдың соңғы он жылы – фразеологизмдерді, этнолингвистикалық, этномәдени тұрғыдан зерттеу және салыстырмалы фразеология.

- қазіргі кездегі фразеологизмдердің зерттелуі. Біздің тек қазақ тіліндегі фразеологизмдерге қатысты ғана сөз қозғауымыздың себебі – әр тілдің фразеологизмдер жүйесі сан ғасырлар бойы халықтың санасында қалыптасқан түсініктерден құралады. Оған себеп болған тарихи оқиғалар, салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар, тілдің грамматикалық құрылымы мен лексикалық қоры әр халықта әр түрлі болмақ. Осы іспеттес факторлардың қатарында халықтың танымын, қоршаған ортасы мен географиялық орналасуын атауымызға болады. Мысалға, қазақтың «қойшы көп болса, қой арам өледі» мәтелінің баламасын қарап көрелік. Араб тілінде «من كثرة الملاحين غرقت السفينة» (теңізшілер көптігінен кеме суға кетеді), ағылшын тіліндегісі «too many cooks spoil the broth» (аспаздардың көптігінен сорпа бұзылады), ал орыс тіліндегі баламасы «у семи нянек дитя без глазу» (жеті күтуші әйелдің баласы көзсіз қалады). Яғни, жауапкершілікті нақты біреуге жүктеуге шақыратын мәтелдің түпкі мағынасы бір болғанымен, әр халықта түрліше беріледі. Осылайша, қазақ фразеологизмдерінде жиі кездесетін образдар ретінде отан, туған жер, батырлық, төрт түлік мал, кең дала т.б., сынды түсініктер болса, араб халықтарында шөл дала, түйе, пальма ағашы, інжір т.б, ал өзге халықтарда өздеріне тән бейнелер басым келеді. Әйтсе де, әдеттен тыс жағдай ретінде фразеологиялық калька әдісі қарастырылады. Бұл әдіс фразеологизмдерді арнайы сөздіктерде жинақтап, сипаттап, түсіндіру арқылы жүзеге асады. Осылайша бір халықтың танымындағы түсінік өзге халықтардың фразеологиялық қорына енеді. Әлем жұртшылығы емін-еркін түсінетін «Ахиллестің өкшесі» фразеологизмі осыған айқын дәлел. Ерте грек тарихының өкілі болып саналатын Ахиллестің өкшесі оның әлсіз тұсы болғандықтан, өзге тілдерде де бұл «әлсіз нүкте» деген мағынаны беретін болған. Фразеологизм бөлуге, құрамдас бірліктерін бір-бірінен ажыратуға, өз ішінде сөздердің реттілігін ауыстыруға келмейтін құрылым. Мағынасы құрамындағы сөздерден тәуелсіз болатын тұрақты тіркес ретіндегі фразеологиялық бірлік тұжырымдамасының (фр. unité phraséologique) негізін швейцариялық лингвист Шарль Балли салған [5]. Ғалым өзінің Précis de stylistique еңбегінде фразеологиялық бірліктерді сөз тіркестерінің тағы бір түрі – фразеологиялық топтармен (фр. séries phraséologiques) салғастырады. Кейінірек, В.В. Виноградов [5] фразеологизмдердің негізгі 3 түрін бөліп көрсетеді: 1) *Фразеологиялық тұтастық (идиомалар)* – мағына-

сы құрамындағы сөздерден тәуелсіз, бөлінбейтін семантикалық орамдар. Мысалы, мұрнынан шаншылу, мұрнына су жетпеу – қолы тимеу дегенді білдіреді. Аталған тіркестердегі құрауыштарды бір-бірінен ажырататын болсақ меңзеліп отырған түпкі мағына жоғалады. 2) *Фразеологиялық бірлік* – фразеологиялық тұтастыққа ұқсас, орын тәртібі жағынан өте тиянақты болып келеді. Бұлар алғашында тура мағынада қолданылған, кейін белгілі бір жәйттердің соған ұқсас болуы себебінен ауыспалы мағынада қолдануынан келіп шығады. Мәселен, ескі жараның бетін ашты дегеннен өткенді қайта қозғады, ұмытып кеткенді еске салды дегенді түсінеміз. Бұл фразеологиялық мағынаның жасалуына ең алғашқы еркін тіркестегі тура мағынасы негіз болған. Сол мағынаға өзгеше мән беріп, ауыстырып қолдану арқылы жасалғандығы бірден көзге шалынады. Керуен жетпес, құс ұшпас жер дегеннен иесіз, елсіз жер деген фразалық мағына пайда болған. Соңғы мағына мен алғашқы мағынаның өзара байланысы анық сезіліп тұрады. 3) *Фразеологиялық тізбек*. Бұл да фразеологиялық бірлік сияқты еркін тіркесті ауыспалы мағынада қолданудан келіп шыққан. Яғни тұрақты тіркес сыңарларының бастапқы мағынасы бүтіндей жойылмағанымен, жойылуға жақындап, күнгірт тарта бастаған. Бұл жағдайда фразеологизмдер сөздердің тіркесуінен жасалып, сол қалпында, тізбек күйінде қолданылады. Мысалы: бота көз, қоян жүрек, асқар бел, қара бет, жел аяқ, мысық мұрт, жуан жұдырық, ақ саусақ, теке сақал, аршын төс, т. б.

Фразеологизмдерді қолданылу аясына қарай келесідей үш аспектіде қарастыру ғалымдардың арасында кеңінен тарап, мақұлданған [6]:

1. Тілдегі ең негізгі, өнімді жұмсалатын фразеологизмдер.
2. Көнерген фразеологизмдер.
3. Пассив фразеологизмдер.

Бұлар кейде көнерген фразеологизмдердің де есебінен толығып отырады. Соңғы екі түрі көнерген және көнеруге жақын фразеологизмдер стилистикалық интерпретация арқылы өз мүмкіндіктерін қолданыс аясында ғана көрсете алады. Пассив фразеологизмдер мен көнерген фразеологизмдердің арасында өткел шек қоюға болмайды, дегенмен де тілдік қолданыс аясында ғана нақты қолданыс кезінде бір-бірінен айырмашылықтары айқындалады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Fleischer W. *Phraseologie der deutschen Gegenwartssprache*. – Leipzig, 1982
2. Молотков А. И. *Основы фразеологии русского языка*. – Санкт-Петербург, 1997
3. Мокиенко В. М. *В глубь поговорки*. – Санкт-Петербург, 2005
4. <http://reshal.ru/фразеологизмы-и-их-классификация/>
5. <https://sites.google.com/site/stvvvaz/home/azykoznanie/klassifikacia-frazeologizmov>
6. Сарекенова Қ.Қ. *Канд.диссерт. Қазақ тілі мамандығы бойынша «Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы»*. – Алматы, 2001. – 124 б.

Берік Қ.А.¹

*¹Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана
Алматы, Казахстан*

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ И ИХ ЭТНОПСИХОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ

Аннотация

В данной статье предлагаются некоторые теоретические материалы отечественных и зарубежных ученых по вопросам фразеологии. Рассматривается значение использования фразеологизмов и их видов в процессе общения. Наряду с этим уделено внимание этнопсихологическим особенностям и содержательным аспектам фразеологизмов разных народов. В соответствии с классификации фразеологизмов предложенных российским ученым В.Виноградовым подробно с примерами показаны 3 вида фразеологизмов. Кроме того, пристальное внимание уделенное фразеологизмам казахского языка автор объясняет, что система фразеологизмов разных языков строится из понятий сформировавшихся в сознании народа на протяжении веков. А также говорится, что исторические события, обычаи и традиции, грамматическое строение языка и его лексический запас, которые отражаются в фразеологизмах у каждого народа своеобразные.

Ключевые слова: фразеология, этнопсихологические особенности, национальное самосознание, фразеологическое сращение, фразеологическое единство, фразеологическое сочетание.

К.А. Берик¹

¹Kazakh ablay khan university of international relations and world languages

THE USE OF PHRASEOLOGICAL UNITS AND THEIR ETHNOPSYCHOLOGICAL FEATURES

Abstract

